



Болат Мағазұлы

Сағындық

Султан Мұжансұл Абжанұлы  
абсолютткі ғілм жаңа  
сөзес

~~бейнес~~  
28.04.2016.

# Өмір жыры

Қызылжар, 2011

УДК 821.512.122  
ББК 84 Қаз 7-5  
С 14

**Болат Мағазұлы Сағындық**  
С 14 “Өмір жыры”, Петропавл, 2011 - 348 б.

ISBN 978-601-7247-26-3

*51964*

Бұл кітапта өмірден көрген - білгенімді, тәжрибеден тоқырғанымды, қалыптасқан көз қарасты, кейінгі ұрпакқа үлгі - дәріс ретінде, туғантыысқандарға, жолдас-жорандарға ескерткіш болсын деп жыр шумактарын жинақтадым.

УДК 821.512.122  
ББК 84 Қаз 7-5  
С 14

ISBN 978-601-7247-26-3

© Болат Мағазұлы Сағындық, 2011

Северо-Казахстанская  
областная библиотека  
им. С. МУКАНОВА  
г. Петропавловск

*Бұл еңбегімді Ұлы Отан соғысының  
ардагерлері марқұм болған абзат  
ағаларым Шерасибден мен Қылажедың  
есімдеріне арнайын.*

**Осы өлеңдар жинағының шығуына зор  
шығармашылық және техникалық көмек  
көрсеткен сүйікті жұбайым  
Күннэр Жұқышқызына  
шексіз алғысымды білдіремін.**

# **Қын да шуақты жылдар**

## **(Болат Мағазұлы Сағындықовтың 75 жылдығына)**

*«Егерде сен жанбасаң, жанартау бол атылып,  
Егер де ол жанбаса, аруақты шақырып.  
Егер де біз жанбасаң, замананы сапырып,  
Басар сонда барша әлемді түнек пенен қатырып»*

Назым Хикмет

Өмір жолынан қасиетті, күрделі жол жоқ. Жарық дүниеге келген әр адамның өз жолы бар. Атақты Сегіз сері: «Дүние – бір қисық жол бұраңдаган», -десе, орыс философы Н.Г. Чернышевский: «Өмір сұру – Нева даңғылында серуендеу емес», -дейді. Алысты да жақынды да жол қосады. Өткенді бүгінгімен, бүгінгіні ертеңгімен жалгайды. Әр пенденін өз жолы бар. Біреулерге ата-бабасы даңғыл жол даярлан, старт алаңын жасап берді. Қазақ ондайда «Ата даңқымен қыз өтеді, мата даңқымен бөз өтеді»-деп жатады. Екніші біреулер өмір жолын сүрлеуден, нолдік циклден бастайды. Солай бола тұрса да, аяғын алшаң-алшаң басып, қындықтан қашпайды, тығырыққа тірелсе, кейін шегініп, жол кедергілерінен шашасына шаң жұқпас жүйріктердей аршындан аттайды. Сейтін өзіне лайық жол табады, не болмаса тыңдан жол салады, қайткенде де өмірдсін өз еншісін алады.

Осындай ер азamatтардың бірі және бірегейі бүгінгі біздің кейіпкеріміз Болат Мағазұлы Сағындықов.

Болат Сағындықов 1936 жылғы 29 сәуірде қазіргі Мамлют ауданындағы «Бостандық» ауылында дүниеге келген. Әкесі Мағаз, ауыл ішінде зор абырайға ие Сағындық молланың баласы, ұсақ қазақ ауылдарын біріктіріп ұжымшар жасауга көп енбек сінірген. Колхозды басқарған, ауылнай болған, білімді, парасатты кісі болыпты. Бірақ сол енбегінің бәрі еш

болып, 1937 жылдың 20-күркүйегінің кешінде НКВД-ның Приишім аудандық бөлімінің адамдары келіп қара машиналарына отыргызып алғып кеткен. Содан Қызылжар түрмесінс отырғызылған. Онда ұрып-соғып, жанын қинал қанша тексерседе жұмысынан ешқандай кінә таппағасын, ақыры «молланың баласы» деген кінә тағып, ату жазасына кескен. Ол кезде Мағаз Сағындықұлы небарі 45 жаста еді. Үйде зар еңіреп 37 жастағы жұбайы Кәмаш Баймышқызы жесір қалды. Оның мойнында көрі енесінен бастап бір жастагы Болатқа дейін жеті бірдей жетім қалды. Мағазды «халық жауы» деп сottaғаннан кейін НКВД шенеуліктері оның отбасын екі мәрте тәркілеп, жергілікті шенеуніктер жұбайы Кәмаштты «халық жауының қатыны» деп қайдағы қыын жұмыстарға салды. Соның беріне төзіп, ешбір мойынапты. Анасының сол кездегі қайраттылығы туралы кейін Болат Мағазұлы соган арнаған «Дала жыры» кітабында былай деп жазады:

« Құдай берген қайрат күші қабырғасын қайыстырмады, белін ұзбеді, аяғын талдырмады. Осыған бір мысал: ауылдан қыс бойы әйелдер мінген өгіз керуені Мәулітке астық тасиды. Элеватордың сонау зәулім мұнарасына тақтайдан төсеген басқышпен бидайды қаппен арқалап апарып, төбеден құяды. Қөтергіш механизмдер ол кезде жоқ. «Кейбір ерлердің өзі қөтерілгенде қайқандап қалатын» деп еске түсіретін шептем. Апам қыс бойы күндіз қошақай күтіп, тұн астық қамбаларын құзетеді, ал жаз күндіз шөп үде, тұн қой құзетінде. Оның арасында үй шаруасында әжеме көмектесіп қол диірменмен ұн тартады, кір жуады, тағысын тағылар әйтсеуір тыным жоқ, тұн үйкү, күн күлкіні білмеді...

Отыз жеті жасында әкемнен бір жаста қалған мені ер жеткізем, қызығын қөремін деп үміттенуі үміттену-ақ! Алыстағы болашагына сеніммен қарап қажымай – талмай сәбиді өсіріп-өндіру нағыз барып тұрған ерлікпен пара-пар-ау!» («Дала жыры», 2002 жыл, 8-9 беттер)



## Білім жолы

Соғыстың қайнап тұрған 1942 жылы Болат алты жасынан 1-ші класқа оқуға барады. Тұрмыс ауыр. Мектеп сүйк. Киім нашар. Дәлтер жоқ, сия жоқ. Көмірді езіп сия жасап, ескі кітаптарға жазатын кез. Бастауыштан кейін Октябрь жетіжүлдік мектебінде интернатта жатып оқыган. Мектепте, интернатта сүйк, тамақ нашар, әйтесуір барлық қызыннылыққа шыдап жетіжүлдікты бітірді-ау!

Сегізінші класты Қызылжарға келіп №5 М.И. Калинин атындағы қазақ мектеп-интернатында бастайды Болат. Өзінің айтуынша, қазақ интернатында оқыған үш жыл қызықты да, жемісті өтіпті. Тұрмыс жақсы, тамақ тоқ, көйлек көк болады. Окуда да, спортта да, көркемнәрпаздар үйірмесінде де, қоғамдық жұмыста да белсенділер қатарында болады. Сейтіп онжүлдікты ойдагыдай тәмәмдәп, Омбының, ауылишаруашылық институттың агрономия факультетіне оқуға түседі. Ол кезде қазақ мектебін бітіріп, ресейдің институтына орыс балаларымен таласып, оқуға орналасу ерлікпен пара-пар.

Институтты тәмәмдәп, оқымысты агроном деген диплом алғып елге оралған Болат Сагындықов мамандығы бойынша көп жыл ауыл шаруашылығы саласында абырайлы қызмет етті. Бұл туралы сәл кейінрек. Әзірше оның басқа оку орындарында оқып білім дәрежесін көтергені жөнінде өзінің естелігіне жол берейік:

«Тағдырдың жазуымен 33 жаста жолым түсіп Москвадағы СОКП-ның Оргалық Комитеті жапындағы партия Жоғары мектебінде екі жыл оқып, уздік деген қызыл дипломмен бітірдім. Москвадағы екі жыл өте жемісті өтті. Мәдени дәрежем, ой-өрісім өсті, озық көзқарас қалыптасты. Ол жылдар мен үшін шын мәніндегі Жоғары өмір мектебі болды.

Осылай он жеті жылғы оқу дәуірім аяқталды. Дей тұрганмен адам өмір бойы оқиды, өмірден дәріс алады, үйренеді.

---



«Ғасыр өмір сүр, ғасыр оқы» деу рас болар. Соның дәлелі: 1991 жылы республикалық жоғары басқару мектебін, 1992 жылы Францияда Савой университеті жаңындағы халықаралық агробизнес мектебін тәмемдәп, сертификат алдым (Дала жыры- 41 бет)

### Еңбек жолы

1960 жылы Омбы ауылшаруашылығы институтын бітіріп келген жас агроном Болат Сағындықов еңбек жолын бұрынғы Ленин (қазіргі Есіл) ауданындағы « Явленский» кеңшарында аға экономист қызметінен бастайды. Жас маман қоғам жұмысына да белсене қатысады. Кеңшар комсомол үйімінің хатшысы, халық дружинасының командирі, т.б. кеңшар партия комитетінің тапсырмаларын орындаиды.

Кейінірек сол жылдары Чапаев кеңшарының директоры болып істеген Петр Михайлович Показаньев жас маманды өз кеңшарына жұмысқа шақырады да бас агроном А. Ф. Науменкоға тапсырады. Ол кісі жұмысты жақсы менгеріп, өскің келсе, мен сені ең тәмен, ең қыын бөлімшеге агроном етіп жіберейін дейді. Болат оған көнді. Сөйтіп, кеңшар орталығы Тоқышын селосынан 21 шақырым жердегі артта қалған бөлімшеге – Кольцовка селосына келеді. Сол жердегі қызметі туралы Бөкең былай деп еске алады: «Аянғам жок, қайнаған қазанға түстім де кеттім. Баста білім, бойда қуат, білекте күш қайнаган, көңілде қиял-арман сайраган дер кезім емес пе, қамшыға бастым. Жұртты үйреттім, жұрттан үйрендім. Тәртіп орнаттым. Жұмыс сапасына қатаң қарадым. Механизаторлармен қоян-қолтық келісіп, түсінісп, сыйласып үйымшылдықпен екі жылдан артық еңбек еттім» («Дала жыры» 20-бет) сол екі жыл еңбек далаға кеткен жок. Жас агроном ол жұмыстан мол тәжрибе алғып шықты. Тагы да Болаттың өзін сейлетеійін:

- 1965 жылдың көктемі. Петропавл-Сергеевка тас жолы



бойының 25 шақырымына біздің сол кездегі «Бұлак» мал бордақлау кеңшарының жері жалғасып жататын. Жолға жанама егістікке егін өсіру технологиясына сәйкесткі техниканы бірінің артынан бірін тізіп қойып, сеялкалардың пружиналарының дискілерге қысымын реттеп жатқанмын. Жол жиегіне бірнеше қара «Волгалар» лап етіп тоқтады. Ішінен бір кереметтер шығып маған қарай беттеді. Жұмысымды тастай беріп алдынан шығуды жөн көрmedім, реттеуімді жалғастыра бердім. Бәрі түкым шашатын агрегаттың жаңына келіп тоқтады. Ішінде танитыным Сергеев райкомының бірінші хатшысы Н.Ә.Болатбаев пен аудандық ауылшаруашылығы басқармасының бастығы И.П. Торопов.

Мен басымды көтеріп, май-май кір қолыма қарап ынғайсызданғанымды сезіп, Ніл Эдғамұлы: мына кіслерге қолдасып сілемдес деді де, мені оларға таныстыра бастады. Бақсам, Тың өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Моргун, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Подгорбунский және тагы басқалар бар екен.

Келе Моргун менен кімсің, қандай институт бітірдің, не істеп жатырсың, қалай себесің, қанша жер бар кеңшарда..., деп сұрақтарды төгіп жатыр. Емтихан беріп тұрган студенттей мен де дікілдеп мұдірмей жауап қайтарудамын.

Арасында менің өткен- кеткенімді бүгінімді қазбалап сұраган ол, Н.Ә.Болатбаевқа қарап: мынандай маманды мына алақандай 5 мың гектар жерде қалай ұстап отырсындар, бұған 25 мың гектарды сеніп беру керек деді.

Нәкен марқұм асқан дипломат еді гой, ауданында жігерлі, білікті мамандар барлығын мақтаныш өткендей, мұндайлар бізде аз емес, бұл жігітті ілгерілету ойымызда бар деп жауап қайтарды.

Сол (1965) жылдың күзінде мені өз ауданымыздагы «За ря» кеңшарының партия комитетінің хатшысы етіп сайлады. Н.Ә. Болатбаевтың тәрбие мектебінен өткенімді үлкен

ризашилықпен айтып жүрем, өміріме мол рухани азық, тәлім-тәрбие бойыма сіңірдім. («Дала жыры», 22-23 беттер)

«Заря» совхозының карт директоры С.С. Сущенков алғашында маған бір баланы әкелді, одан қандай көмек болмақ, деп көңілі толматы. Бірақ жүре келе жас парторгтің ісіне көңілі толып, оны әрдайым қолдан отырыпты.

1968 жылдың қантарында әлі отызға толмаған жас кадрі облысымыздың ірі аудандарының бірі Булаев аудандық партия комитетіне хатшылыққа сайлауга обкомының хатшысы Энуәрбек Нажмидденұлы Шманов алып барғанда да ауданның карт коммунистері: «Ой, бір баланы хатшы сайлауга алып келді, мынау не тындырар екен, біздің азұлы алпауыттардың аузына түссе, жұтып қояды ғой» - деп қуыстанып қалған екен.

Ауданның бірінші хатшысы А.А.Цыганков ұстаз, басшы ретінде жас хатшыға сенім білдіріп, әрдайым оның жұмысына дұрыс баға беріп, қолдан отырды. Сөйтіп, Бекең мұнда да халықпен тіл табысып жұмысын абыройлы атқарды.

1972жылы Москвадағы Жоғары партия мектебінің соңғы оқу жылын аяқтамай облыстық партия комитеті Болат Сагындықовты шақырып алып, Бескөл аупарткомының екінші хатшылығына сайлатады. Бекең мұнда да аупарткомның бірінші хатшысы Петр Захарович Телюкпен тіл табысып, онымен қоян-қолтық жұмыс атқарды.

1973 жылы егін орағы аяқталар шақта Болат Сагындықовтың төріндегі Тимирязев ауданының «Московрецкий» кеңшарына директорлық қызметке жіберіледі. Сонда келген бетте қырманда кездескен бір жағдайды Бекең былайша әңгімелейді:

«Қырманга келсем, бір комбайн тоқтап тұр, комбайнер жігіт желкесін қасып, мені қарсы алды. Бақсам, комбайнның артынан астық кетіп жатыр, соны қалай тоқтатамын деп не айла істерін білмей тұр екен. Қысқасы астықтың ысырап



болмауының сол арада сегіз жолын еске түсірдім, артына астық жіберместей етіп, комбайнды іске қостық. Әлгі комбайнер таратқан болу керек, жаңа басшының білімі, біліктілігі, тәжрибесі бар екен деген абырайға ие болдым», («Дала жыры», 218 бет)

Тында өткен төрт жылым зая кеткен жоқ,-дейді Бекен естелігінде.- ең айдарлы өмір кезеңім, еңбек дастанымның жарқын- жайдарлы беттері болды. Тындырған іс аз болған жоқ. Бәрін тізіп терудің қажеті болмас. Заманның талабына сай көптеген директорлардың игілікті істері, бір-біріне үқсас. Менің кредом – халықтың жұмыскерлердің өндірістік, тұрмыстық жағдайларын жақсарту арқылы шаруашылықты алға бастыру» («Дала жыры», 28 бет)

Осы принциптерді Бекен «Москваецкий» кеңшарында да, кейін «Озерный» кеңшарында он бір жыл директор болғанда да берік ұстанды.

Жыл сайын салынған жиырмалаған тұрғын үй, көшеге тәсслеген асфальт, ауыл айналасына отыргызылған ағаштар, ашылған он жылдық мектеп, денсаулық түзеу шаралары, әр үйдің тұрмыс жағдайына көніл бөлу, мәдениет үйінің жұрмысын жандандыру, шаруашылық шараларын механикаландыру, еңбекті женілдету сияқты шаралар москаорецкийлықтардың бірден көнілін көтерді. Оларда «біздің кеңшар!» дес кеудессін көрсетін мактаныш сезім пайда болды. Кеңшар ауданын, облыстың ауыспалы қызыл туласын ала бастады. Кеңшар – аудандық егін шаруашылығының үздік тәжрибе мектебі мәртебесіне жетті. Астық шығымдылығынан, егіншілік мәдениетінен облыстың шамшырактарының бірі – «Восход» кеңшарымен иін тіресіп, тепе-тен тұрды. Осының бәрі: халқыңа жанашырлық танытсан, оның сені әрдайым қолдайтынын көрсетіп тұрған жоқ па?!

Осы принципке орай Бекен кеңшарда болған мынандай бір төтенше жағдайды есінс алады: «Тагдырдың сыны

---



деп білемін – төрт жылдың екеуі (1974-1975) қатар қатты қуанышылық жылдар болды. Жем-шөп жетіспейді. Алла-Кұдайлал 1975 жылдың қысынан шығып келеміз. Қеншарда шөп таусылып, жас бұзауларға деп қалдырған азғана сақтаған шөмелеміз қалды.

Естімін, бірақ маган мұнын айтып сшкім келген жоқ, кей шаруаның сиырлары көтерем болудың аз-ақ алды деп.

Келмегендері – таршылықты түсінгендері болар. Бірақ қарамагымдағы үбірлі-шүбірлі үйлердің шаруасы күйзеліп, жалғыз-жарым малы өліп жатса, мен қандай басшы, қандай қамкоршымын. Мамандар мен басшыларды жинап алып, істің жайын баяндап, әр үйдің мал-жанын көріп, қайсысына кезек күттірмейтін көмек керектігін анықтап келуді тапсырыдым. Нәтижесінде сол көктемде ақырғымызды бөліп-жарып жем-шөп беріп, шаруаның да, шаруашылықтың да мал басын сақтап, қыстан аман-есен шықтық.

Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі кетпейді, дегендей халқым қатты риза болды. Қысылтаянда берген қол үшін московрецкийліктер осы күнге дейін ұмытпайды. Алда-жалда бара қалсаң, карттар сол кезді еске алып, ризашылықтарын білдіреді. «Айтқаны - қайтқаны» деген осы гой.

Орыс халқының «друзья познаются-в беде» деген қанатты сөздерін іс жүзінде басымнан кешірдім. 1976 жылдың ма-мыр айының 22-сінен 23-іне қараган түнде қайғылы уакигага кезіктік.

Жаңбыры аралас қара дауыл соғып шалғайдағы жайлауда жатқан бойдак қара малды шашпаның шарбатын құлатып, айдал әкеткен... таңғы төртте бойдак мал бригадирі терезе қағып ояты да, малдың қырғынға үшірағанын хабарлады. Дерсу жұртты көтеріп, екі сагат ішінде керуен құрып, жем-шөп, құрылыс материалдарын артып 40 шақырымдағы жайлауға аттандық. Хабарды естіп, аудан басылары да (В.Н.Юдаков, Т.А.Тобылбасев, В.Мельников) жайлауга жест-



сек, кәдімгі майданның ұрыс даласындағыдай. Су бетінде қалқыған малдың денесі. Тобе шашың тік тұрып, жан түршігерлік көрініс... Бас-аяғы жұзден астам мал басы шығынға ұшырады. «Қынышылық қысылтаянда кенешар жұмысшыларының, мамандардың, басшылардың сол жылғы ерлігіне сүйсінемін, таңқаларлық зор ұйымшылдығына қатты риза болдым, өмірлік ссімде ұстаймын, мактандыспен айтып жүремін.. («Дала жыры» 29-30 бет.)

Бұл әрине, жай ғана кездейсоқ емес еді. Директордың өздеріне жасап жүрген зор қамқорлығының жеңісі еді. «Береген қолым, алаған» деген осы һой.

Сонғы он бір жыл Бекен басқарған қала тұбіндегі Озерный кенешарында ол жоғарыда келтірілген өзінің кредитосы бойынша жұмыс жасап, бүкіл кеншар халқының алғысына боленді. Әттең оны соңғы жылдар басқа басшылардың кезінде кеншардың күйрекені қынжылтады.

Болат Сағындықовтың екінші мықты кредитосы – кенешар мамандары мен басшыларына әр қайсысының өз атқаратын қызметіне еркіндік беру, олардың дұрыс бастамалары мен шешімдерін қолдан отыру. Нәтижесінде оның қол астындағы мамандар мен басшылар директорга жалтақтамай көп істі өз шешімдерімен іске асырып отырды. Әрине, ақылдасып, кенесіп те отыратын. «Келісіл пішken тон келте болмас» - дегендегі Бекен еңбек жолында қатардағы агрономнан ауылшаруашылық басқармасы бастығының бірінші орынба-сарына дейін өсті. 15 жыл кенешар директоры болды.

Болат Мағазұлы кезінде «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы», ордендерімен, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін», «Тың және тыңайған жерлерді игерген үшін», «В.И. Лениннің 100 жылдығы», медальдарымен, Қаз. ССР Жоғары Кенесінің грамоталарымен марапатталған. Наградаларға қосатын, «Қазақ тілінің жанашыры - 2009» тосбелгісімен, Қазақстан журналистер одағының Құрмет грамотасымен марапатталды.

## Зейнеткерлік және қоғамдық жұмыс

Болат Мағазұлы әбдененбекте шыныққан адам. Сондықтан кәрілікті мойнына алмаған. Ол алпысқа келгенде шығарған «Алпысым» деген өлсінде:

«Алпыс қыс, алпыс көктемнің  
Алпыс жаз – күздің өткенін  
Сезбей де шіркін қалыптын  
Алпыстың маған жеткенін.  
Арпалыста, алпысым  
Алқымымнан алыпсың.  
Жайым жоқ сенен жасқанар  
Не бары он-ақ алтысың  
Бас иер саған мен емес,  
Еңкейтер мені сен емес  
Қолына таяқ алатын  
Кәрілік маған тең емес»

-деп, алпысқа да, кәрілікке де қыр көрсөткен болатын. Ал зейнеткерлікке шыққаннан кейін ол мүлде қарап отырған жоқ, көптеген қоғам жұмыстарымен айналысты. Ол әуелі шаруашылық қожалығын құрды.

Ол облысымызыңда саяси құғын-сүргін көрген азаматтарының тағдырын зерттеп жарыққа шыгару үшін «Память» қоғамдық қорын құрды. Қордың бітірген жұмыстары – «Асыл мұра» орталығымен бірігіп, өніріміздің 7 мыңнан аса «құғын-сүргін» құрбаны болған азаматтардың тізімін жасап қалаға және аудандарға таратты. Қаладағы Пушкин және Кәрім Сүтішев көшелерінің қиындықтарында орналасқан бұрынғы НКВД гимаратының орнына облыс экімінің қолдауымын құғын-сүргін құрбандарына арнайы ескерткіш орнаттырды. Енді жыл сайын 31 мамыр құғын-сүргін құрбандарын еске



алу рәсімі сол жерде өткізіліп тұруы дәстүрге айналды. «Асыл мұра» орталығымен бірлесіп күгін-сүргін құрбандарына арналған «Ақталған есмідер» - «Возвращенные имена» аты екі тілде көп тиражben кітап шығарылып, бүкіл аудандарға таратылды. Бұған облыс әкімдігі қаржылай көмектесті.

Болат Сагындықов соңғы жылдары қаладағы қазақ ақсақалдар алқасының тәрағасы ретінде де көптеген жұмыстар атқарып жүр. Ол облысымызда, әсіресе, қаламызда қазақ тілі мен қазақ мектептерінің мәртебесін көтсруге де зор жанашырлық білдірушілердің біреуі және бірегейі.

### Шыгармашылық жолы

Болат Сагындықов партия, шаруашылық қызметтерімен елге елеулі азамат болғанын, еңбегінің жемісті болғанын жоғарыда біраз айттық. Ал ол сонымен қатар облысымызға танымал айтулы ақын да. Оның алғашқы «Алтын заң» атты өлеңі өзі әлі 9-класта оқып жүргендеге «Ленин туы» газетінде 1954 жылдың 5-ші желтоқсандағы санында шығып газет редакциясы ұжымын да, көптеген оқырмандарын да сленг еткізген еді. Бұл оқига туралы газette көп жыл әдеби қызметкер, редактор болып істеген марқұм Бақыт Мұстафин ақынның бірінші өлсендер жинағына жазған «Алтын сәзінде» айтып кетті. Осы алғашқы басылым жас ақынға қанат бітіріп, әрі қарай жазуға жол сілтегендей болады. Өзінің айтуынша ол сол уақыттан бастап институттың 2-ші курсына дейін әр түрлі тақырыпта жазып баспасөзде бастырып тұрған. Бірақ оның көбі жоғалған. Кейін жұмысбасты болып өлең жазуды қойып кеткен. Ол тек соңғы жылдары гана қолына қаламын алғып өлең жазуын жалғастырып келеді. Бекең «Дала жыры» атты өлеңдерінің 1-ші жинағында: «Озімді ақын деуден аулакпын. Кәсібім демеймін. Алланың берген нәсібі болар», деп ағынан жарылып кішіпейлілділік көрсетеді. Дегенмен, жазғандары азды-көпті жинала бастағанда, “ескерткіш болар жинақ



шығарайын» деп белімді бекем будым. Көмекшім жұбайым Күннәр. Мән-мазмұнын қадағалайтын, алып қосары бар, компьютерге басушы да сол жан жолдасым. Күннәр байқап қарасақ, тек қана көмекші емес, ақын жұбайына шабыт беруши екенін де көреміз. Жинақтың айтарлықтай бөлігі автордың замандастарына, туған-туыстарына, балалары мен немерелеріне арналған. Автор өзі айтқандай, оның біраз өлеңдері нарыққа байланысты жазылған. «Басқалардай бақылаушы, баяндаушы ғана емес, сол нарықтың қара қазанында қайнап жатқанның бірімін. Қырыс-тырысын, ой-шұңқырын басым-шаш откізіп, козіммен корудемін» - дейді ақын. Жинаққа кірген оның өлеңдерінен авторды ел тагдыры, жер тагдыры, ауылдың хал-ахуалы көп толғандыратыны көрінеді. Халқымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, жастарға арналған тәлім-тәрбиелік міні бар олеңдер мен қатар туған жердің табиғаты туралы өлеңдер де жинақты көркейтіп тұр.

Енді осы жинаққа кірген кейбір өлеңдерден үзінділер келтіруді жөн көрдім (Тұтас беру көп орын алатыны белгілі ғой)

### **«Дала жырындағы» кейбір өлеңдерден үзінділер**

Алғашқы өлеңі «Алпыс бесте өлеңнен өрмек өрдім» (52 бет)

Алпыс бесте өлеңнен өрмек өрдім,  
Мен өлеңнің өріне өрлеп көрдім.  
Болмасаң да ұқсан бақ, деген бар ғой  
Үлгі тұттым өлеңнің өрендерін.

Әттең-ай өткір емес қаламым да,  
Жанымды азапқа тек саламын ба?  
Жасымда жанбай жатып сөніп қалған  
Шыракты қайта жаға аламын ба!?


Жоғары үстап атақты Адам деген,  
Кайсарлық мінезім бар анам берген.

**Северо-Казахстанская**

**областная библиотека**

**им. С. МУКАНОВА**

**г. Петропавловск**



Төсөлермін талпынсам, жаза келе  
Құдай шығар қолыма қалам берген.

Мазасыз ойымды алды өлең деген,  
Мен бе едім азабына көнем деген?  
Тәуекел деп бел байлап жазып жүрмін  
Үмітпен қызығынды көрем деген.

Ұрлагыма ескерткіш қалдырамын,  
Өзіме өлеңнен там салдырамын.  
Мың ойлап, мың толғанып бір жазғаным,  
Сөтті шықса жайылып, жадырармын.

Сәуір, 2002 жыл.

### **Қызылжар** (250 жылдығына)

Қызылжар Солтүстіктің бас қаласы,  
Керей, Уақ, Арғынның астанасы.  
Тарихта қалған ізі айдай анық,  
Екі жұз елу жылдай жас шамасы.

Бодандықтың белгісі орысша аты  
Есімді иемденген орыс заты  
Келімсектер кеудесін қағып журді,  
Қазағым көніп бақты, шыдан даты.

Қызылжар ерке Есілдің жағасында,  
Басына ұлт үкісін тағасың ба?  
Петропавл есімін өзгерпестен,  
Япыр-ай, қазақтанбай қаласың ба!?

Есімің оралар деп, Қызылжарым,  
Армандаң, ауып тұр-ау ынтызарым.  
Ел бақыты баянды болсыныш тек,  
Ол тойды да ертең-ақ қызықтарым.

2002 жыл.

*Anama*  
(Анам Кәмәш Бәймішқызына)

Жетімегін көрмеді әкем жетелеп,  
Арманда өттім, айта алмай «әке» деп.  
Жетімдікті көрсетпедің, анашым,  
Ер жеткіздің еркелетіп мәпелеп.

Қасіреттің ашысын көп таттың сен,  
Ауырлықты өз мойның арттың сен.  
Ертелі-кеш еңбек етіп тынымысыз,  
Зілдей жүкті ауырсынбай тарттың сен.

«Халық жауы қатыны» деп қарапап,  
Күтіндады сені де, о ғаламат!  
Жер аударып, қой баққызды жаз бойы,  
Егін соқтың, ала қыс ел арапап.

Тыныштық жоқ алды-артың тығырық,  
Кәмпескелеп малды алды сыпсырып.  
Жесірлік пен жетімдіктің көкесін  
Көрдің, жүрдің қорқып-үркіп, ықынып.

Қайсаң едің: қажымадың сынбадың,  
Тіршілікке тырмысадан тынбадың.  
Тағдыр салған тауқыметке мойымай,  
Қайраттанып өзінді-өзің шыңдадың.



37 жаста жесір қалыпсың,  
Өкем жүтін қыр арқаңда салыпсың.  
Өмір жолын сүрінбестен өттің-ау,  
Уа, анашым, өзің қандай алыпсың.

Жалғызымды жеткізу деп арманым,  
80-жылды түгел маған арнадың.  
Қызығымды, қызметімді көргендे,  
Тәубе, дедің, бергеніне Алланың.

Ақ сүтінді ақтай алмай қалдым ба,  
Борышымды толық өтей алдым ба?  
Қарыздармын, асыл ана, мәнгілік,  
Ұмытпаймын, сақталасың жадымда.

Тұғаныңа 100 жыл толды, анашым,  
65-ке келіп қалды балашың.  
Артта қалған ұрпагының есінде  
Талай жұз жыл ескерткіш бол қаласың.

### *Әкеме*

(1937 жылғы сияси репрессияның құрбаны болған  
әкем Мағаз Сағындықұлына арнадым)

Жендеттер ұстап алып «халық жауын»,  
Апарып абақтыға қойған жауып.  
Қайран әкем содырлар соққысынан  
Қалыпты Ақ түрмеде қаза тауып.

Қайтпадың, қайта ашпадың есігінді,  
Тербете алмай кеттің-ау бесігімді,  
Әке деп айта алмадым, балаң болып,  
Әке аузынан естімей есімімді.



Жетімдік жесірлікке жаратылған,  
Қайран анам қажымас асыл тұлға.  
Жетімдерді жетелеп жеткізем деп,  
Жан ұшырып жүгірді ойға -қырға.

Әке орына анашым әке болды,  
Сенің арқаң – таныдық онды -- солды.  
Мойынадық, талмадық, тайсалмадық,  
Өттік біз өмір деген соқпақ жолды.

2006 жылы Болат Сағындықовтың «Ауыл жыры» атты екінші кітабы жарық көрді. Бұл кітапта алдымен «Бостандық» колхозының үйімдасуы, оның алғашқы басшылары, алғашқы мектеп пен оның мұғалімдері туралы дәлелді мәліметтер берілген. Бұл еңбегін ол «Қарғыс атқан 1937 жылдың» құрбаны болған әкесі Мағаз Сагындықұлына бағыштапты. Бұл жинақта да әкесі мен анасы туралы сағыннышты өлеңдер бар. Сонымен бірге туған ауылы «Бостандық» туралы бірнеше өлең берілген. «Ауыл бар ма әлемде өзіне тен», «Бостандық» атты ауыл бар», «Ауыл жыры», «Қабырғам қайысады ауылым», «Көркейтейік ауылды», «Сагынганда ауылга барып қайтам», «Ауылым, алтын ұям, тұрағымсың», «Ауылды қайткен күнде сақтау керек» т.б.) Бұл өлеңдерде автор ауылға деген сағынныш пен бірге оның соғыс кезде құлазып, құрып бара жатқанына күйзеледі. «Ауылды қайткен күнде сақтау керек» атты өлеңінде ол:

«Ауыл - біздің сүйікті Отанымыз,  
Ауыл жоқта біздің де жоқ сәніміз.  
Ауыл бүгін жүдеп тұр өні қашып,  
Қаңырап қалар ма екен, қотанымыз.

Мениң бүгін мазалайды ойымды,  
Мұнға толы сезім билеп бойымды.



Келешексіз деген пәле табылып,  
Қандай, қандай ауылдарым жойылды.

Жау шаппай, елім-жұртым аманында,  
Дүрілдеп тұрған Кеңес заманында.  
Мындаған қазақ ауылы құрып кетті,  
Халқымыз жылап, көшіп тарады да.

Қайткен күнде ауылды сақтау керек,  
Бұл пікірді ел болып жақтау керек.  
Ата-жұртың қаңырап қалғанынша,  
Қалғып-мұлгіп, үн-тұнсіз жатпау керек»

- деп әрі құйзеледі, әрі қайткен күнде ауылды сақтау үшін жай жатпау керек деп халыққа үн тастайды. Автордың жинақтагы басқа өлеңдері де оқырманга ой салады. 2007 жылғы наурыз айында ақынның осы жинағының тұсауқессеріне қатысқан едім. Тұсауқессер «Бостандық» мектебінде өтті. Оны мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Нұржан Ескендеров жүргізді. Автор өзінің тұған ауылын жан-тәнімен сүйестінін, кітапты ауылга, оның тамаша адамдарына арнағанын айтты және кейбір өлеңдерін оқып берді.

Бір топ окушылар ауылдас ақын ағасының оншақты өлеңін нақышына келтіріп жатқа айтты. Ауыл ардагерлері Рәпп Есмұқанов, Нұргиса Мұстафин, Зәйкөш Мұрсәлімова, мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Гүлжан Мәнтаева т.б. кітап туралы жақсы лебіздерін білдіріп жерлес ақынға шексіз алғыстарын жеткізді. Бұл ақын өлеңдерінің ауылдастарының көңілінен шыққанын, оның өзінің халқына сыйлы да құрметті азамат екенінің ғажайып көрінісі еді.

Осы жинақты ақын өзінің әр жылдардағы келген жасына арнаған өлеңдерін кіргізіпти. Олар: «Алпыстың жетісі», «Жанталаспен жыл өтті алғыс сегіз», «Кеп қалды міне маған

алпыс тоғыз», «Жасасын жетпіс, жасасын». Бұл өлеңдердің әрқайсының өзіне тән ерекшеліктері бар. Бұл жерде оларға тоқтап жатуға уақыт жоқ. Оқырман өзі оқып салыстыра.

Ал «Көз жүмғанда өлеңменен өлем мен» деген өлеңіндегі ақын өзінің өлең жазудағы негізгі принциптерін ашып көрсетеді. Не де болса осы өлеңді толық келтіруді жөн көрдім:

### ***Көз жүмғанда өлеңменен өлем мен***

Өлеңменен көңілімді ашамын,  
Өлеңменен ашуымды басамын.  
Өлең менің жан жолдасым жанашыр,  
Өзіңменен асуладардан асамын.

Өлең жазып қарт көңілім марқайды,  
Кейде төңген қара бұлтым тарқайды.  
Бірде жазып куанышты, қызықты,  
Бірде айтам шырқырап жан айқайды.

Өрескелі өр мінезді өңкейдің,  
Оришеленсе өлеңменен өртеймін.  
Ерсілікке ерегіспін ерекше,  
Сабасына түсіремін әр кейпін.

Қылық көрсем қырсық, қыңыр сүймейтін,  
Әдетім бар қырсық сөзбен түйрейтін.  
Мысқылменен мысын мылжа-мылжа қып,  
Күйге салам талқандалып күйрейтін.

Сенімімді білдіремін өлеңмен,  
Бұл өмірді өлең сөзбен көрсем мен.



Қалған ғұмыр қолда қалам қалады,  
Коз жұмғанды олеңменен олем мен.

(Маусым, 2004 жыл.)

Болат ақын елінің әр жетістігіне өз жетістігіндегі қуапатын  
нагыз Патриот ақын. Ол әсіресе қазақтың әлмисахтан бері  
бұзылмай келе жатқан салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, көркем  
шеберлігін зор қуанышпен, аса бір мақтандышпен жырлайды. Мысалға Бескөл селосында әйгілі шебер, парасатты  
ұстаз Сақын Құсайнованың «Мақсат» клубына ариаған мына  
өлеңін оқып көрсійкші:

Ауданда бір шаңырақ, «Мақсат» атты,  
Әсемдігі сарайдай салтағатты.  
Сан түрлі жиһаздарды қөрсітіп тұр,  
Салт-дәстүрін ұлттымның ұлағатты.

Ою-өрнек, кестелер, қызыл-жасыл,  
Бұйымдар әшекейлі, құнды асыл.  
Көз тоймайды, қарайсың, танданасың,  
Келгендей дәл алдына көне ғасыр.

Кіріш барсаң көркемдік болмесіне,  
Келгендесінің жиһаздар көрмесіне.  
Сүйсініп қарай бердім, қарай бердім,  
Көзім жетті салттымның өлмесіне.

Тірі жүрсе шебер қол Сақынтарым,  
Әйгіленсер әлемге жақұттарым.  
Бар жаһан өркениет өнері асқан  
Танысын қазақ деген ұлттың барын.

(Маусым, 2005 жыл.)



Мұндай тамаша өлеңдер кітапта көптең саналады. Әттең оның бәрін келтіріп талдал жатуға бүл жерде мүмкіндік жок.

«Өмір жыры» атты биыл баспаға ұсынып отырган 3-ші өлеңдер жинағын Болат Сағындықов Ұлы Отан соғысының ардагерлері, марқұм болған абзal ағалары Шералийден мен Қидағжы багыштапты.

Кітапқа алғы сөз жазған белгілі журналист, ақын, жазушы өзі де көптеген кітаптың авторы Ожан Қали ағамыз оның мазмұнына, автордың қазақтың қара өлеңін жақсы игергеніне тамаша сипаттама берген екен. Сондықтан мен оны қайталамай, тек осы кітаптағы кейбір өзіме ұнған өлеңдерді немесе олардан үзінділер келтірейін.

Кітап зор шабытпен және көтеріңкі мақтанышпен жазылған «Тыңда, әлем!» атты патриоттық сезімге толы өлеңмен ашылады.

### ***Тыңда, әлем!***

Тыңда, әлем!  
Мен бақытты қазақпын!  
Шаттанамын, тәуелсізбін, азатпын.  
Бабалардың арманына жеттік біз,  
Бастан кешіп тауқымстін азаптың.

Таны, әлем!  
Қазақ деген халқымды.  
Алға басқан қадамы нық, қарқынды.  
Көрші елдердің көшін бастап келеміз,  
Тез игеріп мына тентек нарқынды.

Таңдан әлем!  
Қазақстан сліме,  
Кең далама, ұлан-байтақ жеріме.



Миллион тонна алтын астық дәніме,  
Жер қойнауы толған байлық кеніме.

Сүйсін, әлем!  
Ұлағатты жұртым бар.  
Бір қотанда жұз отыздай ұлттым бар.  
Татулық пен бірлігіміз жарасқан  
Достық деген баға жетпес ғұрпым бар.

Халқымыздың тәуелсіздік алғаны-  
Бабалардың орындалған арманы.  
Өткөрілген иті істер айтарлық,  
Айқын, жарқын болашағым алдағы.

Көріп отыргандарыныздай, ақын бір өлеңінде тәуелсіз Қазақстанның байлығын, халықтарының татулығы мен бірлігін, атқарылған көп істері мен айқын да жарқын болашағын асқақ мактанышпен бүкіл әлемге паш стіп отыр. Бұндай өлсөн халқымыздың, әсіресе жастардың сезімін оятып, заңды түрде мактануына мүмкіндік берері сөзсіз.

«Құлыным-ау десенінді аңсадым» атты өлсөн анасына арналған.

Өшпейтұғын маҳаббатым анама,  
Сезім бар ма болар оған балама.  
Бұл дүниеге алып келген аялап,  
Қасиетіңнің бәрін салып санама.

Сағынамын, анашым-ау, өзінді.  
Мейір сепкен ақ жүзінді, көзінді.  
Бір сәт сенің құшагында тұрғандай,  
Сезінемін балдырган бал кезімді.



«Құлыным-ау!» дегенінді аңсадым,  
Естісем деп ауып түрар аңсарым.  
Жайлап алган жанымдагы жайымды,  
Тізіп тұрып ақтарсам жай-жапсарын.

Бұгін, мінс, сігде тартып кеттім гой,  
Бұл жалғанның ойы-қырын өттім гой.  
Зейнетті де, бейнетті де өткеріп,  
Желіп, жортып жетпіс беске жеттім гой.

«Өмірге жетеледі асыл арман» атты өлеңі өзінің өмірі мен  
ерен сибесіне арналаган:

Білімнің жолын құдым құмарланып,  
Кекірегіме тоқыдым, құнарланып.  
Мамандықты менгеріп, берік ұстап,  
Көрген жоқ келешегім мұнарланып.

Диханшылық кәсібім- таңдағаным,  
Төсінде өтті өмірім тыңдаланың.  
Елу жыл сігін еккен сибесіме,  
Ерлікке сай ісіме таңданамын.

Еліме деп арналды ақыл-оыйым,  
Ешқашан тұскен емес абройым.  
Еске алсам өткендерді, өткергенді,  
Қуаныш, сезімінен толар бойым.

Айыр, күрек қолыма үстамадым,  
Балгасын соққамын жоқ ұсталардың.  
Білім мен біліктілік арқасында  
Атқардым талай істің нұсқаларын.

## Ф30

(Бигайтпа апама арнаймыш)

Ф30-бұл жалғанның бір елесі,  
Оңсіз өткен өмірдің бір белесі.  
Қабырға қайысатын қара жұмыс,  
Жастардың еншігे алған пешенесі.

Корғансыз жетімдерді сүзіп алып,  
Қызы, бозбала бір тобын тізіп алып,  
Еріксіз жер аударып, айдауменен,  
Талайды әкетті гой тізгін салып.

Бұл ұзакөлеңнің қыска үзіндісі гой. Бұл өлен сұрапыл соғыс  
кеziндегі елдегі басшылардың сол кездегі ауылдың жетім ба-  
лаляры мен қыздарып оңдіріс қалаларына ауыр жұмыстарға,  
орыс тілін білмесс дс зорлап жібергендерін көрсstedі. Сол  
қыныңпышлықта жүріп талайлар ауруға шалдығып дүниеден  
ерте өтіп кеткендері қашшама. Мұны қазіргі жастар білуі ке-  
рек, олениң құпидылығы да осында.

*Карғыс атқыр отыз жеті*  
(саяси құғын-сүргін құрбаны Мағаз қазасының 70  
жылдығына)

Өмірдің өкінішті өткелінс-  
Қайғылы отыз жеті өткеніне,  
Биыл, міне, жетпіс жыл большевиктер  
Миллиондардың қанына бөккеніне.

Жетпіс жыл отыз жеті кеткенінс.  
Құғын-сүргін шыңына жеткеніне.  
Аналарды аяусыз жесір қылып,  
Балаларды жетімек еткеніне.

Облыста жеті мың «жая» табылды,  
Түгелімен абақтыға жабылды.  
Ұл-қыздары зар сніреп артында,  
Жұбайлары жылап қара жамылды.

Сұм заманың сұркия өткелінде,  
Өміріңің көгерген кектемінде.  
Қылдың, қайран әке, қырсыныңнан,  
Жетпіс жыл, мінс, сенің өткенің...

Бекеңбылтыр Чечек Сылдық қаридың қолдауымен Түркияға  
сапар шегіп қайтқан болатын. Содан алған әсерлерін ұзак  
әңгіме және жыр етіп жазылты.

Түркияға сапар (Түркияда Хазар халықаралық Түркі тіл-  
дес елдердің поэзия форумына Қекшетаулық жас ақын Ал-  
мас Темірбаев екеуміз Қазақ елінің атынан қатыстық. Түркия  
елі Мағжан ақынды өте жақсы құрметтейді екен.

«Елаизхта көшесі бар Мағжанның  
Куанышты бұл оқиға тегін бе?».

Елаизх қаласында Мағжан атында саябак, көше, онжылдық  
мектеп бар. Анкараның бір ауданында Мағжанға ескерткіш  
орнатылған.

**Жетпіс бес**  
**Ақын өзінің биыл сәуірде 75-ке келуіне арнап осы өлеңді жа-  
зыпты Өлең толғау әдісімен жазылған.**

Жетпіс бес те жетіпті желіп жортып,  
Бұл белесті қарсы алам сезім толқып.  
Төрттен үшін гасырдың жолын өттім,  
Кез келді өткенімді алар қорытып.



Сақал, шашты шалды бүгін ақ қырау,  
Тізбектесе өткенді ұзақ жыр-ау.  
Бала жастан қарттыққа жеткенімшे,  
Көз алдымда өткерген өмір түр-ау.

Бақытты ата болдым, міне, қазір,  
Бала алтау, немере тогыз өзір.  
Қасымда құдай қосқан қосағым бар,  
Маған деген әзірге болам мәзір.

Жолым адал, жат істен мұлде азатның,  
Тамақ тоқ, көйлегім көк, тал-тазамын.  
Шабыт кеп, шат-шадыман болса бойым,  
Отырып азды-көпті жыр жазамын.

Бұйырса анам жасы сексенге кеп,  
Арманым бар аман-саяу жетем бе деп.  
Санаң да санаулы қалған жасым  
Ойлаймын сәнді, мәнді өтсем бе деп.

Осында аталған үш кітаптың үшсүйінде автормен бірге қарап мәтінін компьютерге басып шығарып, баспаға (полиграфияға) дайындаушы ақынның жұбайы Күннәр Жұқышқызы екен. Ол және ақын жұбайын әрқашан демеп, шабыт беріп, оның шыгармашылығының өркендеуінс көп кімек көрсетеді екен. Бөкен де оның осындай еңбегін бағалап, оған арнал өлеңдер жазып осы үш кітапқа да кіргізген. Солардың ішінен мына соңғы үлпінші кітапқа енгізіліп отырған «Сен болмасаң» атты олеңін келтіргенді жон кордім:

### ***Сен болмасаң***

Сен болмасаң мен осылай жүрер ме ем!  
Көңлім тоқ, бақытты өмір сүрер ме ем.

Жан шуагың маған қуат бермесе,  
Осы жасқа келгенде мен тұлар ме ем.

Сенің арқаң - жұзім жарқын, сергекпін,  
Арман құып, киялымға ермекпін.  
Өзің маган шабыт беріп келесің,  
Талай-талай жырларымды бермекпін.

Өзің ксліп тутінімді түзедің,  
Көктем еттің, күрең тартқан күз едім.  
Жаңғырттың сен тозаң тартқан жанымды,  
Келешекстең үмітімді үзбедім.

Сен болмасаң көңілімді кім табар,  
Сен болмасаң шөгірімді кім алар.  
Ұмытқанды, ұқпағанды түзетіп,  
Мезгілінде оны есіме кім салар.

Бүгін, міне, қатарымнан қалмаймын,  
Қайраттымын, шаршамаймын, талмаймын.  
«Тәубе!» даймін, Күннәрімнің жанында,  
Жайлыш жазда жаңа атқан таңдаймын.

8 наурыз, 2010 жыл

Бүгіндері жетпіс бескес келіп отырган Болат Магазұлы Сағындыков әй тек алпыстан жаңа асқандай ғана көрінеді. Оның өмірі мен халыққа сінірген еңбегі талай кітапқа жүк болардай, ал өлең-жырлары әзірге қалың- қалың үш кітапты құрап отыр. Шағын шолуда оның бәрін қамту мүмкін емес. Сондықтан біз Бекеннің өмір жолындағы, шығармашылық жолындағы ең негізгі деген елеулі белестерінс гана қысқаша тоқтадық.



Сөз соңында, Бөкенді 75 жасқа келген мерейтойымен шын жүректен құттықтай отырып, мықты деңсаулық, жұбайы Күннәрмен бақытты өмір сүріп, шыгармашылық табыстарға жете беруіне тілектестік білдіреміз!

Шабытыңыз өсіп, өлең-жырларыңыз көбейе берсін!

*Қайролла Мұқанов,*

*Қазақстан журналистер одағының мүшесі.*

*16 ақпан 2011 жыл.*

\*\*\*

Алғы сөз жарғы сөз  
Бой балқытар жан шалқытар,  
Сырлы сөздер сынаңтай.  
Соның бірі ойга оралса,  
Алдаспанды қайрап салған қынаптай –

деп бір ақын айтқандай, сол қынаптан сұрыллатын алдас-  
пан ойлы, сырлы сөзді мәнерлеуге құштар ақынның арғымаш  
күйін бәйгеге балтап қосқандай бүлкүнисқа аяқты аршын-  
дап салуга асыққан бетәлпетін байқап бағамдауға назар ауда-  
рады.

Бұл орайда ауылдан тамыр тартқан ақын Болат  
Магазұлының жарық көрген үшінші туындысының алғашкы  
беттерін ашып, қалғанда, омыраулата келіп көсілте сілтс-  
ген көкейдегі көрікті ойды өзінің деңгейінде көркемдеп,  
ғасырлар бойы тұмшалана тұйықталып қалған тағдырымыз  
Еркіндік, Бостандық тыныс алғанда куанышпен асқақтай,  
мақтанышпен марқая, «Тыңда әлем», «Сәлем саған Астана»,  
«Өмір дастан» жырларымен дестелей төгеді.

Бұдан бірнеше жыл бұрын «Ауыл жыры» көлемді жинағы  
қолыма тиіп оқып шыққаным бар. Енді өз кезегімен мына  
шыққан «Өмір жыры» атты колемді жыр жинағын оқып  
отырсам, Болат ақынның бұл шыгармасы өлең жырдың  
сикырлы да сырлы әлеміне қаніпама көтерілгенін анық  
байқатып қалғандай. Айттар ойы орамды да анық, тілі жатық,  
«Өлең патшалығының» қыр сырын жанымен ұғынып, ұйқас  
құрылышына шашау шығармайтындей мұқияттық таныта  
әжептәуір менгеріп қалған деп айтуга болады.

Қазір XXI – ғасырдагы буырқанған мына заманда өлең  
жыр әлеміне бет алғандарға сан тарау ағымдар алдан шығып.  
Оз жонімен арина тауып жосылса, көз жеткізгісіз кок жиек-  
тен әркімдерге – ақ қол бүлгайды. Осы түсқа келгенде «Әр  
бейнеткор», михнатшылдар өз бағытын бағамдап, өз жолын  
алдағы бір белгісіздікке таңдай талпынады. Осы сан тарау



жолдардың түптеп келгенде тұп атасы кәдімгі қазақтың қара өлеңі.

Болат ақын әу дегенмен-ақ жанга жәйлі, тілге жеңіл, жүрекке жылы, фәлсафасы терен де жан-жақты данагеі кәдімгі өзіміздің «Қазақтың қара өлеңі» атты жосыған жолды таңдаған. Үйткені бұл жол Бекенің туып есken ортасына, тамырлы табиғатына сайма-сай келеді. Сондықтан да жүректі жарып шыққан әрбір жырлары Қазағым, Елім, жұртыйм, ұлысым, ұлтый деп елжірсій егіле, Толагай толгана, кәдімгі қазақтың қара өлеңімен ерімталдай өріліп жатады.

Олең жырдың думанды додағасына дүлдүлдерін қосуға байлайынан айтқанда, бұрынты партия, совет шаруашылық салаларынан сирек болса да адамдар бар десек, солардың бірінен бірегейіне айналып бара жатқан да Бекен десек те артық айтқандық болмайды. Алғашқы жинақтарымен салыстыра кеткенде айтартықтай жаттықкан, өлең жырдың дүрмек додасы қарсаңында қамишыны «көкдөненге» қыза да ширыға басқанга ұксайды.

Шығарманың өне бойындағы өзегі – қазақтың салт саңасы, екінші қырымен айтқанда дәстүр салты, мәдениеті, қазақи дүниесі, діні мен ділі, ұлттық сана сезімі. «Аман бол ата жұртый айналайын»,

«Бостандығым – ауылым», «Қызылжар», «Татулыққа не жетсін», «Ой толгаймын», «Ауылда тұру тамаша», «Дәреже», «Көңіл», «Суреттерге қарап тұрып», «Бақыт», «Тымак», «Оймақ», «Аяқап», «Көксандық», «Кейде құрғыр ақыл жетпей қалады», «Балалық», «Сагындым» тагы басқа көптеген өлең жырлары қазақ қалпынызды аудырмай түсіріп, болмысынызды жалпақ дүниеге жария етіп, көз салып көніл аудара оқығандарға әйгіләй айтып тұргандай болады. Осы тұста қазақтың керілген кең даласы, теңіздей толқыған егіні, көгіллір көк жиектегі акшаңқан ауылдары, орман, тогай, көлдері, жайылып жатқан төрт түлік мал слестейді.



1937 жылғы репрессия Қазақстан республикасы ғана емес, сол кездегі Одақ халқының басына түскен нәубет еді. Әкесі Магаз сол қызыл қыргынның күрбаны болған. Ес білмес жетім қалған сол кезеңге ойша орала береді. Санадан өшірілмес қара таңба салған жылдарға Бекең ызалы жырларын арнайды. Бұл арада срекше атап айта кестетін елеулі бір жәйт бар. Болат Сағындықов облыста тұңғыш «Память» қорын құрып, оны басқара жүріп, тоғыз жыл бойы табан тоздыра ақыры Қызылжардың қақ төсіне 1937 жылы Солтүстік Қазақстандықтардан репрессия құрбандықтарына үшірағандарға зәулім ескерткіш тұрғызуға басты үйтқы болды.

Осы орайда арнайы жұмыс тобы құрылып, «Ақталған есімдер» атты кітап жарық көрді. Мұнда осы қыргында опат болған жүздеген адамдардың есімдері зерттеліп жазылған. Бұл Бекенің нағыз ерлікке парапар ерен жұмысы еді.

Анаға деген махаббатты қәстерлеу аңсау зандалығына ақын слжірей сміренс жырлайтын шумактар жинақта бірнеше рет қайталаңады. Эрине бұл анаға деген шексіз сүйіспенишіліктен туындал жататын үздіксіз құбылыс, эрине.

Шыгарманың айтарлықтай бөлімі арнау өлсендермен жалғасады. Ортасында өзі жүрген ағайын, туыс, құрбы-құрдастардың қуанышына шаттанады, қыныңылығына қиналады, әлділей аялай жұбатады, рухани дем беруге асығады.

Сын түзелмей мін түзелмейді дегенді ақын ес-тен шыгармайды. Адамдар арасында кездесіп жататын салқындық, салғырттық, қатыгездік, дөрекілік, кеуде соғар керегар менмендік, орта бұзар жағымсыз келенсіздіктерге тілді батыра үтимды шумактарын арнайды.

Қазақта әзіл деген бар. Орынды әзілдесе білсең көніл ашады, жаңың жайланаңды. Ал орынсыз әзілдің арты зіл. Бұл тарихымыздагы болмысымыздан туган қагидат. Менің



түсінігімде әзіл деген фәлсафа екі арнамен қатар ағатындағы болып көрінеді. Әзілді анғару бар, менгеру бар. Мениңше Бөкенің әзілге арналған жырларын оқи отырып байқаганым әзілді анғарудан әлдеқашан өтіп менгеру мектебіне түскен сияқты. Адамдар өміріндегі сықырлай, шиқылдап жататын мінезді майлап жіберетін әдістемені менгергендей байқалады.

Әрине жинақтағы өлең-жырлар осы қалпында бәрі бірдей бірегей, төрт аяғынан тең тусе көсілген керемет деуден аулақпзыз. Шыгарманың аты-шыгарма. Әрбір тұынды жіксіз, ойлы – қырлысыз болмайды.

Көкейдегі көрікті ой ауыздан шыққанда бәсі төменделеп кеттіні де белгілі. Сондықтан өлсін жырларының ұзын-арқау өне бойының кей тұстарында селкеу кеткен әттегенайлар қылаң беріп қалатынын айрықша ескеरте кеткенді парыз санаймын. Дәл осы орайды ақынның аңқылдай: «Кейде құрғып ақыл жетпей қалады» деп мойып мойындаштың күмсына қиналатын жерлері де осы тұстарды мензейтін болуы керек.

Бүгіндер Бөкен жетпісбестің желкесінде аттай мінсе де бойы тік, ойы нық. Көзден, тілден аулақ болсын жүріс тұрысы ширак, өркені жасыл құрақ, айтары бар ақынға айналды. Осы бір тұғырлы биіккес шығып толысқан кезеңінде де көкейдегі көрікті ойың сарқылмай, қанатты қаламыңмен ақ қағаз бетіне жүрт тебірене өкитында жүрекжарды жауһар жырларынды дестелей төгілте бер!

Барап жолын ұзақ, жетер жерін жерүйық болсын!

Ожан Қали  
Қазақстан журналистер одагының  
мүшесі, ақын жазушы.



## *Тыңда, әлем!*

Тыңда, әлем!  
 Мен бақытты қазақтын!  
 Шаттанамын, тәуелсізбін, азаттын.  
 Бабалардың арманына жеттік біз,  
 Бастап кешіп тауқыметін азаптың.

Таны, әлем!  
 Қазақ деген халқымды.  
 Алға басқан қадамы нық, қарқынды.  
 Көрші елдердің көшін бастап келеміз,  
 Тез итеріп мына тентек нарқынды.

Таңдан, әлем!  
 Қазақстан еліме,  
 Кең далама, ұлан-байтақ жерімс.  
 Миллион тонна алтын астық дәніме,  
 Жер қойнауы толған байлық кениме.

Сүйсін, әлем!  
 Ұлағатты жұртым бар.  
 Бір қотанда жұз отыздай ұлттым бар.  
 Татулық пен бірлігіміз жарасқан  
 Достық деген баға жетпес ғұрпым бар.

Сеніш, әлем!  
 Өркендеген еліме,  
 Біз берікпіз игі ниет, сенімге.  
 Құдай қосса, қосыламыз ертең-ақ,  
 Өркениет елу елдің шебіне.

Көсемдерге табынуды қойғанбыз,  
 Бөтендерді мадақтауға тойғанбыз.



Империя патшасына бас иіп  
Құдайдан кем санамауды жойғанбыз.

Сан ғасырлар сан патшаға табындық,  
Мәртебелі ұлыларға бағындық.  
Бостандық жоқ, бодандыққа шырмалып,  
Түшкірсек те, ұрықсат сұрап жалындық.

Орыстардың үстемдігі зор болды  
Әмірімді қоршап алған тор болды.  
Оз тілінде сөйлей алмай жасқанып,  
Қайран ұлтым кіріптар да қор болды.

«Ага» болып көккөзділер басынды,  
Тұқыртты да көтертпеді, басынды.  
Әз елімді өзімізге билетпей,  
Ыңза кернеп, ар-намысым ашынды.

Шыдамымыз шарамыздан төгілді,  
Қасыреттен қабыргамыз сөгілді.  
Ашуымыз дауыл болып долданып,  
Қою қара бұлт жасырды көгімді.

Көз сал, әлем!  
Еліміздің өскенін.  
Күн емес-ау, сағат сайын өсемін!  
Сара жолмен бастап сліді келеді,  
Дара тұлға әз Нұрсұлтан көсемім.

Халқымыздың тәуелсіздік алганы-  
Бабалардың орындалған арманы.  
Откерілген ігі істер айтарлық,  
Айқын, жарқын болашағым алдағы.



## *Сәлем саган, Астана!*

Сәлем саган, әсем қалам Астана,  
Сарыарқаның төсіндегі жас қала!  
Зәулім- зәулім ғимарағтар бой түзеп,  
Кербездікпен қолын созған аспанға.


Ерке Есілдің жағасында қонысың,  
Асқақтауға әлемге айғақ болмысың.  
Евразия кіндігінде жарқырап,  
Талайларды тамсаңдырды оң ісің.

Сагат санаң көркюде бас қалам,  
Бүгін оны танып отыр бар ғалам.  
Игілікті, ізгілікті іздеген,  
Жоқ та, сірә, саган адам бармаган.

Замананың ең бір сұлу қаласы,  
Жоқ қой бүгін бұған ешкім таласы.  
Салып жатқап сондай сәнді, сәүлетті,  
Білсін әлем, Ұлы қазақ баласы.

Астанамыз – ел бейнесі, сәні де,  
Жарқырайды, жайнайды ол әлі де.  
Тәуелсіздік туы астында тұледі,  
Өзгерді енді өмірімнің мәні де.

Мактанышпен сүйсінсін өзіңе,  
Корінісің ыстық менің козіме.  
Сезім билеп, тебірентіп, толғантып,  
Тұрткі болған ақындардың сөзіңс.



## Батыр ага Жұмабек


Бабалардан аманат болып қалған  
кең байтақ жеріміздің тұстастығын  
сақтау үшін тағын да, бағын да  
құрбан еткен Жұмабек батыр агама  
арнаімын.

Одақтың жалын шашқан жылдары еді,  
Жұртима талай-талай сындар келді.  
Бодапдық буындырды басып-жанышып,  
Сұмырай сұрқиялар биледі елді  
Мәскеуге Тәшсновты шақырыпты,  
Хабарлан сойлесетін тақырыпты,  
«Саяси бюро шешті, қолынды қой,  
Келіс», деп сөз салмағын батырыпты.  
Бес облыс - Тың өлкө елі бүкіл,  
Жер, суы, ну орманы тегіс бүтін,  
Рессейдің құрамына қосылады,  
Осыған шығаралызың бүгін үкім.  
Толқыды Жұмабектің тұла бойы,  
Тебіреніп сана-сезім, ақыл ойы.  
Козіне елеstedі қазақ елі,  
Келешегі ар-намыс, абыройы.  
Не мақсат бұл мәселе қойғандагы,  
Бір тұтас Қазақ елін жойғандағы?!  
«Қарсымын бұл шешімге келістеймін!»  
Деп кесті Жұмабек ср, ойланбады.  
«Бұл мәселе ешқашан қойылмасын,  
Қазақ елі ешқашан жойылмасын!»  
Дегенің срен ерлік, асыл ага,  
Бүгін сен әр қазақтың ойындасың.



Ақырған айдаһардың айбатына,  
Бас тігіп алпауыттың ғайбатына.  
Қасқайып қарсы шықты Жұмабек ер,  
Мініп ап қажымаған қайратына.  
Ашуын азулының аттағаның,  
Қазақ жерін тұтас қып сақтаганың.  
Ұрпақтардың алдында адал борыш,  
Азаматтық парызды ақтағаның.  
Есімің слімізде бүгін аңыз,  
Ел қорғаған Әдіге-батыр нағыз.  
Елі үшін қара басын құрбан етер,  
Қазакта тұа берсін сендей абыз.  
Жас ұрпаққа сен өзің өнегесің,  
Болашақты болжаган көрегенсің.  
Ұлтыңың мақтанышы, көсемісің,  
Қазақтың құрметіне бөленесің.

2010 жыл.



## *Mектебім*

(облыстық дарынды балалар мектебінің 75-жылдық мерейтойына арнаймын)

Алтын бесік мектебім,  
Сенде отті өмір көктемім.  
Өзің сепкен дәніңнен,  
Өрдім, өстім, көктедім.

Нығайды сенде қадамым,  
Ұшталды сенде қаламым.  
Жырлап жазып келемін,  
Байлығын дархан даламның.

Біліміңен нәр алдым,  
Болашаққа қор алдым.  
Ұялмай бүгін айтамын,  
Сенімге лайық бола алдым.

Өмірдің ашқан есігін,  
Армысың, асыл бесігім,  
Қастерлеп есте ұстаймын,  
Әр ұстаздың есімін.

Анама сені балаймын,  
Қамқор әке санаймын.  
Бау-бақшадай гүлдей бер,  
Жемісің молын қалаймын.

75-жыл өмірің,  
Сапалы болды өнімің.  
Шекірттерің озат боп,  
Көктей түссін қоңлің



---

Болсаң да менің күрдасым,  
Ерекшे биқ тұргансың.  
Бұлагынмен суарған  
Сен данышпан тұлғасың.

Жасай бер, жаса, асылым,  
Таусылмасың ғасырың.  
Кемімесін ұямның,  
Қуаты ірге тасының.

2010 жыл



## Өмір дастан

Анам менің он бір бала көріпті,  
Ертелі кеш бәрі түгел өліпті.  
Корсе дағы ауыр қаза зардабын  
Тағдырының тәлкегіне көніпті.

Торсық шеке он бір бала туынты,  
Бәрін алды ажал сұмырай, уытты.  
Тым болғанда біреуі де қалмады,  
Анам зарлан жасиен бетін жуынты.

Қасіретті қайсарлықпен жеңіпті,  
Жараганға жар болар деп сенипті.  
Орындалып ана арманы айдарлы,  
Дархан Алла бір ұл тагы беріпті.

Қуанышты ата-ана тойлапты,  
Көкіректе құдікті бір ой жатты.  
Лузы күйген асты үрлең ішер деп,  
Нәрестенің тіршілігі ойлантты.

Болагтайын берік, мықты болсын деп,  
Құрыштың бар қасиеті қонсын деп,  
Азан айтып Болат деген есімді,  
Қойған екен оссін, жетсін, толсын деп.

Жалғызым деп срекелетіп жібсрді,  
Тентекікпен салды Болат дігерді,  
Сенді ана: «өссе ақыл толады,  
Болады деп қайратты да жігерлі».



Желге, күнге тигізбеген мен болдым,  
Тентек өстім. Бірақ кімнен кем болдым?!  
Ой-санаммен, бой тұлғаммсін құрбылар  
Қатарымен, тәубе деймін, тең болдым.

\*\*\*

Жастайымнан мен бақытты болмадым,  
Жетілмей-ақ жетім қалып онбадым.  
Бір жасымнан асар-аспас кезімде  
Тірі жстім тәлкегінде сорладым.

Аз емес-ау тағдырдың топ қурғаны,  
Аямастан соққысына ұрганы.  
Кінәсізден «халық жауы» атанып,  
Әкем болды құғын-сүргін құрбаны.

Кім қарады ак-қарасын сарапап,  
Оз халқының жауы етті қаралап.  
Таққан кінә- баласы екен молланың,  
Қанішерлер соты үкімге жазалап.

Бір үйлі жан жетім-жесір қалыпты,  
Тұрлі тағдыр тәлкегіне салыпты.  
Мал мен мұлік тәркіленіп кеткен соң,  
Аш-жалаңаш тұрмыстары тарықты.

Тамаққа бір тоймай жүріп едік-ау,  
Қарамықтың қара нанын жедік-ау,  
Картоптың құабығын күрып,  
Қылғыттық қой соны да ас дедік-ау.



Ақ наң сұрап жылағаным есімде,  
Анам байғұс жоқ нәрсені берсін бе!  
Қара наңды қарын тойып жемсеген,  
Сорлы басың ақ наңды сен жерсің бе?!

Ақ наң түгіл жоқ қой қара наны да,  
Жылал тұрды-ау сорлы анамның жаны да!  
Жаралады-ау жоқтық, шіркін, шеінмелің,  
Бәлкім сол түн атпады ма таңы да!

Жекін, ағап: «Халық жауы қатыны»,  
Белсенділер тырнақтарын батырды.  
Егін орып, қой бақтырып жат жерде...  
Жауыздар-ай салды емес пе асырды!

Тұз жинадық көл бестінде жататын,  
Күн ысыса тобарситын қататын.  
Баарыңда батпақпенен сүзуге  
Тұз түйірі балтырына бататын.

Сүзген тұзды арқалаймыз дорбалап,  
Жағалауға шығарамыз жорғалап.  
Төмлешіктер кешке дейін кебеді,  
Тұзы қалып суы жерге сорғалап.

Күн еңкейе сиырды біз жегеміз,  
Тұзды артып, арба артына ереміз.  
Шаршап мұлде қас қарайған мезгілде  
Бір қаланың сыртына әрең жетеміз.

Арба астын үйшік етіп, қонамыз,  
Жел өтінде таң атқанша тоңамыз.  
Жатарда да, азанда да айранмен  
Бір үзім наң жейміз, соған тоямыз.



Таң сәріден келіп, орыс қаласын  
Айгайменен аламыз біз мазасын.  
Анам сиыр жетектеп, жар салады:  
«Жақсы тұзды қайсын, кәне, аласын!?»

Сол бір кездे нағыз нарық екен-ді,  
Нарық заңын ел меңгерген бекемді.  
Итшілеумен күнін көрген жұрт байғұс  
Білді мс екен не боларын ертеңгі.

\*\*\*

Жастайымнан оқимын деп асықтым,  
Жетілмей-ақ мектепке мен бас сұқтым.  
Біріншіге барғанымда, талпынып,  
Алты жастан жаңа ғана асыппын.

Бесіншіден интернатта тұрдық біз,  
Кемпілікте ауыр тұрмыс құрдық біз.  
Білім алып шығуга да ұмтылдық,  
Тоймауға да, тоңуға да құлдықпыш.

Жетімдердің бір тістем нан сұрауы,  
Қабырғаның үйдегі мұз- қырауы,  
Олі күнге есімнен бір кетпейді,  
Қарның ашып ішек - қарның бұрауы.

Ойтсе де біз оқуды үздік оқыдық,  
Дәріс алдық, көкіреккө тоқыдық.  
Өмір бойы беріп жатыр зәм-зәмін,  
Инеменен қазып алған сол құдық.



Бітірген соң қазақ орта мектебін,  
Мамандықты алу-арман еткенім.  
Таңдап алып диканшының кәсібін,  
Менгеруге Омбыға мен беттедім.

Дайындалдық кітаптарға қадалып,  
Тұсу үшін, керегінше балл алып.  
Он төрт бала бір орынға таластық,  
Окуға біз қабылдандық, бақ асты.

Фазиз бауырым екеуіміз бір оқыдық,  
Болған смес бізде сондай олқылық.  
Қызығы мол студенттік өмірле,  
Тырыстық біз танытуға он қылық.

Менің осы қалауым гой шекімдей,  
Елім үшін еңбек еттім екінбей.  
Асуларды аса білдік алысып,  
Еш адамға көзді сатып, өтінбей.

Адамдықты адалдықты жалау қып,  
Жігерлікті қолда ұстадық алау қып.  
Күндіз- түні бір тынбадық, толастап.  
Еңбектегі жеңісті тәп қалау қып.

Остім, өндім, гүлдедім де өзгердім,  
Талай-талай өзгерісті көз көрді.  
Жарты ғасыр алтын астық өндіріп,  
Иті іспен ел мұддесін откердім.

Өрмеледім биігіне аскәрдын,  
Жиырма жылдай шаруашылық басқардым.  
Хатшы болдым, орынбасар бастықтың  
Қылы-қылы қызыметін атқардым.



Орден, медаль марапаттың бәрі де,  
Аз емес-ау! Бірақ, олар өміріңің мәні ме?!

Ең абзалы, қызмет қылу халқына,  
Қамқор болу жұртқа: жасқа, кәріге!

Көз алдымда өткенім мен кеткенім,  
Өмірімде неге қолым жеткенін.  
Дүниеге тектен-текке келмеппін-  
Оған дәлел-адал сұбек еткенім.

Жүрген жолым жолақтары аз емес,  
Бәрі бірдей жарқыраган жаз емес.  
Қызықтан да, шыжықтан де кенде емен,  
Ашы шындық, өкпе емес, наз емес.



## **Әкім мен азан** (қала әкімі Никандровқа)

Алды ма еken әкім мырза мазанды,  
Тоқтатыпсың айттылатын Азанды.  
Қол сүққанда дініміздің ісіне,  
Алға үстадың, айтшы, кәне, қай заңды.

Бізге сонша жүйкең неге қырысты,  
Таптайтындаі біздің ар мен намысты.  
Мынау сенің дөрекілік үкімің,  
Ата заңның қай бабымен қабысты.

Азан деген қагидасы дінімнің,  
Ежелгі ол ережесі ділімнің,  
Дін дегенің өте нәзік ғаламат,  
Терең жатқан бір саласы ілімнің.

Қылышының қаны тамған Кеңес те,  
Мемлекеттен дінді бөлді емес пе!  
Егеменді ел болғанда ерікті,  
Сен, дөрекі, жұрттымменен егеспе!

Қалай ғана тоқтатасың Азанды,  
Ыңғаш толған қайнатасың қазанды.  
Бұл қылышың - қорлағаның дінімді,  
Қарғыс атсын, құдай берсін жазаңды!

Қаламаймыз сен секілді әкімді,  
Қылышың жок ел сүйетін татымды.  
Керекуге кете қойсаң жөн болар,  
Есімізден өшіреміз атыңды.

*Казан, 2007 жыл.*



## *Tұсімде анамды көрдім*

Тұсімде жан анамды көріп шықтым,  
Оянып ойға шомып, козім сыйқтым.  
Көптен бері күтсем де көрмеуші едім,  
Көңілімнің құйзелісін қайдан ұқтың?!

Дегендей: «Қыындықпен сайыстың ба,  
Болаттай берік едің, майыстың ба,»  
Жетпіс жыл жеңілмеген сүргіндерде,  
Қабырғаң қандай істен қайысты да?!

Білемін қынышылық көрген кездे,  
Басыма қауіп-қатер тәнген кезде,  
Ебеп-жебеп жүретін аруағың,  
Жаныма жететінсің дөп, лезде.

Сездің бе бір адамның жат қылышын,  
Жүрекінің қатыгез, қаттышын.  
Шырылдаң кеп қалдың ба, анашым-ая,  
Бөлісуге балаңның аңы мұнын.

Баяғыдай емеспін, босап жүрмін,  
Ұлғайғанда жасыңың осалдығын.  
Өзіме-өзім дем берің қайраттанам,  
Көрсетуге қарттықтың қосар жүгін.

Тым сезімтал, қайтерсің, көңіл деген,  
Сыр да көп ағыл-тегіл төгілмеген.  
Шамаң келсе, бекем бол бұқтетілмей,  
Ойран-ботқа, ойласаң өмір деген.



Өмір-өзен. Теренге батпау керек,  
Жұзуге өзінді әбден баптау керек.  
Бір күні ағыны да сарқылады,  
Текке қарап, қалперсіз жатпау керек.

### **Қайырымсыз әкім** (бір аудан әкіміне арналды.)

Бұгінде әкімдердің әкімі бар,  
Жаны аштын жұртына жақыны бар.  
Кейбірі қеудесіне наан пісірер,  
Төресымдақ, көргені аз, ақылы тар.

Ол әкімге іс түсіп бара көрме,  
Сіресіп отырады хан боп төрде.  
Айтқанша мұң - шерінді көр соқырга,  
Ала кет өзіңменен қара көрге.

Басыңа ауыр кесел түсे қалса,  
Тауқыметін тағдыр сүм үйе салса.  
Сене көрме қол үшін созады деп,  
Ойда жоқта үйінді өрт те шалса.

Бара қалсаң қайғынмен қасіретіңмен,  
Қадірлі қария жас ретіңмен.  
Бекер келген екем деп өкінесің,  
Түңгілесің қайрымсыз қасиетінен.

Еліне едіге бол барғаны жоқ,  
Заманың ағымынан алғаны жоқ.  
Сеніп берсе мал багып жүрмей ме екен,  
Болғанша басшылардың жалғаны бол.



Әкімдердің сан талай данасы бар,  
Жоғары салиқалы санасы бар.  
Әттең-ай, осылардың арасында  
Кездейсок, піспей келген шаласы бар,

\*\*\*

Кез келді әкімдерді сайлайтұғын,  
Халқына берген сөзден таймайтұғын.  
Арадан аластайық алаларды,  
Көк езу, көсемсініп сайрайтұғын.



## Әжелердің әжімдері

Әжім басқан әжелердің келбеті,  
Ел айнасы, ел тарихы, сл беті.  
Әр әжімі өткөргеннің айғағы,  
Аз емес-ау арқалаған бейнеті.

Әжелердің әжімдері көрнекті,  
Қыл қаламсыз өмір салған өрнекті.  
Ақ жүзіне аналардың сүйсінем,  
Байғұс басы иені ғана корменгі.

Әжелердің әжімінің саны көп,  
Үға білсек әжімдердің мәні коп.  
Талай жылдар талмай бесік тербетіп,  
Әлди айтып, көз ілмеген таңы көп.

Әжімдері берілмеген күр сән қып,  
Әр сзығы ашылмаган сыр сандық.  
Сусын қанар салиқалы сөзіне,  
Тамсандырар әңгімесі бір таңдық.

Әжелердің әжімдерін сыйлайық,  
Шоғы сөнген кәрі деуге қимайық.  
Ұрпақтарга ұлагат қып беруге,  
Өнегелі дәрістерін жинайық.

*Қазан, 2006 жыл.*

---



## *Anama esep* (өмірден өткеніне 25 жыл)

Жылдар жылжып барады, уақыт озып,  
Әзірше қажығам жоқ, азып-тозып.  
Өмірімді сен берген қайсарлықпен,  
Сексеніңе жетем дең келем созып.

Жиырма бес жыл анашым сен өткелі,  
Мына өмірде не келіп, не отпеді.  
Ортақтасып отырар бәріне де,  
Сүйенішім, тірегім сен жетпедің.

Өзіңе арнап келемін ән-жырымды,  
Өзек етіп өзіңің сан қырынды.  
Сенен артық кім ұққан, асыл ана,  
Жүргегімді жайланаң жан сырымды.

Кешіре гор, аنا жан, сұр жетімді,  
Жетікіліксіз көрсетсем құрметімді.  
Өлеңмен сен толтырып кем-кетігін,  
Ардақты қасиеттерің жыр етілді.

Орындал сен ойлаган арманынды,  
Біліп қой, сан асууды алғанымды.  
Атқарып азаматтық борышымды,  
Жетпіске, міне, жетіп қалганымды.

Әкемнің әз есімін еске алып,  
Арнаулы тас орнаттым зират салып.  
Дұға- құран оқытам, жаңылмаймын.  
Аруақтар көрген жоқ қағыс қалып.



Өсиетіңе ылайық санам терен,  
Өзіңе ұқсап өмірде таза келем.  
Ақ сүтіңмен бойыма бергенінді,  
Дем біткенше жыр етіп жаза берем.

Өзіңе қарызыым көп өтслемеген,  
Ауырынды кезінде көтермеген.  
Кешіре гөр, анажан, құлыныңды,  
Бұл жалған жалыны өшіп өтер менен.

Еске алсам сезім билеп аңсан кетем,  
Сагыныш саган деген ала бөтсен.  
Аналық махаббатқа болар не тең,  
Олеңменен өзіңе там сап кетем.

*Маусым 2006 жыл.*



## *Коктем көрінісі*

Балқыған қардың тамшысы,  
Көктемнің туар жаршысы.  
Сенің күнің өтті деп,  
Қысты қуар қамшысы.

Наурыздың таңы айдарлы,  
Күн шуағы жайдары.  
Қытымыр қыңыр ақпанның,  
Жуасыды айбары.

Наурыздың жылмық бораны,  
Толастамай соғады.  
Тау-тау болып үйліп,  
Қар басады орамды.

Сиырлар шықты шуақтап,  
Күн нұрынан қуат ап.  
Башен күйсен мұлгіп тұр,  
Арқадан тері будақтап.

Сауысқандай пысықты,  
Қаһарлы қыс қысыпты.  
Шуаққа бойы жылнып,  
Байғұстың дауысы пысыпты.



## *Компьютер*

Компьютер - заманымды жаңалады,  
Гылымның жетістігі саналады.  
Игілікті ісіне сүйсінесің,  
Асар ма екен адамнан даналығы.

Таң қалам ақылына, амалына,  
Жазу жазса жеткізбес қаламына.  
Атқармайтын ісі жоқ, о галамат,  
Дайын тұрар сұраныс қалаудыңа.

Компьютер жетістігі заманның,  
Табылмайтын құралы жаңа адамның.  
Әркениет өріне өрмелейтін,  
Компьютер - болашагы балалардың.

Жастардың әуестігін түсінемін,  
Қызығамын, қызғанып, курсінемін.  
Қалам жоқ, қағаз да жоқ, сия да жоқ,  
Оқыған кездерді еске түсіремін.

Компьютерді мен байғұс түсінем бе,  
Кіргемен өнім түгіл түсімे де.  
Ауадай қазір қажет адамдарға:  
Төре, қара, ұлkenге, кішіге де.

25.02.06



## *Меккеден сәлемдеме*

Зәм-зәм суын мұсылман дәріптейді,  
Адамга қасиесті анық дейді.  
Дертке дауа, жанынды жадыратар,  
Ұрттаған жан қалады қанып мейірі.

Алланың сусыны деп қарайды екен,  
Зәм-зәм суы дәру боп тарайды екен.  
Су қадірін білетін бабаларым  
Тапшы суды зәм-зәмға балайды екен.

Зәм-зәм суын-Алланың шарапатын,  
Меккеден пайғамбардың аманатын,  
Қажылар оралғанда қажылыштан  
Қасықтап қалайыққа тарататын.

Меккеден жіберіпті Сыдық інім,  
Ең кымбат сәлемдеме сыйдың бірін.  
Разы болып жарықтық дәмін татып,  
Қастерлеген қазағым ислам дінін.

Түрік бауырым көңілін бұрганына,  
Тегі бір қаны тартып түрганына.  
Алладан қайтсын оның деп жедік біз,  
Зәм-зәмменен жіберген құрманы да.

*Наурыз, 2007 жыл.*



## *Ауылым айналайын, алтын ордам*

Ауылым айналайын, алтын ордам,  
Өзіңнің ұл-қызыңа болдың қорған.  
Айналаң жарагәнің жер ұйығы,  
Коршаған қайың – терек қалың орман.

Ауылым алтын бесік, асыл ордам,  
Өмірде өтіп едің талай сордан.  
Қалайша құтыларсың дүниенің  
Дауылы дүрбелеңі құрған тордан.

Ауылым, қасиетті ата мекен,  
Тығырық жанға қатты багады екен.  
Оралып ойын сауық, шатты көңіл,  
Арайлап таңың тагы атар ма екен.

Ағайын, көтеріндер ел еңсесін,  
Жұртыйның кәрі - жасы сенделмесін.  
Жұмылып жұмыс істе, тоқтық үшін,  
Шаңырақ шайқалмасын, теңсемесін.

Қорғаңдар ар намысың, ел намысын,  
Күйзеліс келген мынау бәріңе сын.  
Бірлік пен тірлік жаса ылайықты,  
Бабалар аруақтары нальмасын.

Ауылым, Бостандығым ата-коңыс,  
Сүйсінген алыс-жақын қазақ, орыс.  
Жаңғырсын, жарқырасын бейнең сенің,  
Жолдасың болсын әр сәт адал, он іс.

*Қарааша, 2008 жыл.*



## *Nамазхана*

Болса да мол кеңістік аспан асты,  
Діндарлардың жоқ еді баспанасы.  
Ауылға намазхана керек деген  
Қолдау тапты қарттардың бастамасы.

Таңдағы әп-әдемі кіші-гірім,  
Бос тұрған ауылдағы үйдің бірін.  
Жөндепті терезе мен есіктерін,  
Тазалап ішкі-сыртқы қоқыс, кірін.

Бұл үйдің бұрын мәнді күйі жоқ-ты,  
Ал бүгін дәл құдайы үйі болты.  
Аластап ақ ниетпен ашқан екен,  
Тойлапты куанышпен сойып тоқты.

Қариялар бұл күнде болып жүр мәз,  
Құрметtelіп жатқанга дініміз әз.  
Бетбұрысқа, әрине, «тәубе!» дейміз,  
Әзірше намазхандар болса да аз.

\*\*\*

Халқым жатыр сарапан оңын-солын,  
Жаңғыртып Алла салған діннің жолын.  
Намазхана керек-ақ әр ауылга,  
Шаригатты уағыздар киелі орын.



## *Азайыпты ақсақалдар ауылдағы*

Қарсы тұрған талаі дүлей дауылға,  
Сүйеніш пен тірек болған қауымга,  
Ауыр жүкті арқалаған ашынбай,  
Азайыпты ақсақалдар ауылда.

Жиындарда қатар түゼп отырар,  
«Елдің сәні, төрдің сәні осылар»-  
Деуші едік қуанып та марқайып,  
Олар барда құран-дуга оқылар.

Намазга ел тегіс бетін бұратын,  
Тарауықта төрім толып тұратын.  
Құрбан шалып, құрмалдықтар беріліп,  
Иман жайын кәрі жасы ұгатын.

Алда-жалда мына жалған жалғанда,  
Алауыздық елде тұа қалганда,  
Қайран абзал қариялар еді ғой,  
Екі жақты ақыл-жөнге салған да.

Зираттары ғана қалды көбінің,  
Соларды аңсан құлазиды көңілім.  
Балалық шақ еске түссе өксимін,  
Ауылымның базарлы сол өмірін.

Ауылымда ақсақалдар жоқ қасы,  
Қалғандай-ақ сұық сұйық сорпасы.  
Елдің сәні төрдің сәні кеткен соң,  
Жүдеп тұр-ау ауыл тойы торқасы.

## *Жетпіс бесте ауылым, «Бостандығым»*

Жетпіс бес жыл мінеки, осыдан бүрын,  
Алты ауылдың бастарын қосқандығын,  
Білеміз бір ұжымшар құрылғанда  
Тұғанын жаңа ауыл «Бостандығым»

Содан бері басынан не өтпелі,  
Кездесті тағдырдың тар өткелдері.  
Неше ұрпақ өмірге жаңа келіп,  
Тал шыбықтай өркендең өскендері.

Ауылды сілкіндірді неше дүркін,  
37 – тұғанда қуын-сүргін.  
Ел қаймағы дегендер кудаланып,  
Тыныштық болған емес бір күн, бір түн.

Жеті азамат алынды абақтыға,  
Жансызы деп бәле жауып қамапты да.  
«Халық жауы» екенін дәлелдеуге  
Тергеп, қорлап, әрбірін сабапты да.

Арасында болмалты ақталғаны,  
Белгісіз қай лагерге аттанғаны.  
Он жылға соттауды деп қайсыбірін,  
Жасырган, жазасыздан атқан дагы.

Ішінде Нұғыманы Оранкениң,  
Кінәсін таңты екен одан неңің.  
Ленин орденіне ие болған,  
Алғашқылар ішінде мұғалемнің.

Қарабатыр баласы Қалимолда,  
«Халық жауы» атанаң түсті қолға.



Ауылдың ауылнайы қараланып,  
Сотталып кете барды байғұс ол да.

Әкем Магаз бір кеште ұсталыпты,  
Қырық бесте ғұмыры қысқарыпты.  
Қарамай ұрып соғып қысқанына,  
Мойындаамау қағида ұстаныпты.

Қамаудың қапасында екі ай жатқан,  
Зорлықта-зомбылықта шыдап баққан.  
Ақыры ол «молланың баласы» деп,  
Үштіктің үкімімен бір-ақ атқан.

Қан төгіп майдандарда Хамит - аға,  
Ауылга оралғанда жанағана.  
Тұтқында немістерде болғансың деп,  
Терістік лагеріне айдалған да.

Адал жан Әбікейі Махамбеттің –  
Құрбаны «жансыз» деген жалған дерптің.  
Тұрменің гүржісінен сындың ба екен,  
Сонынан абзалдарды ала кеттің.

Ұшырап большевиктер қастанына,  
Жау атанды Беккене Қапсаны да.  
Белгісіз қай лагердің тұтқынында,  
Қай шұқырда қалды жер жастанды да.

Атылды Сұлтаны да Тілегеннің,  
Сорлыға ауыр жаза тіледі кім.  
Ерте өлді, ұл-қызының ұрлағы жоқ,  
Шолпан мен Еслемдәй түлегінің.



Бұл - тарихтың қаралы беттері ғой,  
Қанмен жазған сиясы кеппеді ғой.  
Талай жанның жарасы жарылып та,  
Әлі де жазылып та кетпеді ғой.

\*\*\*


Жыр өзегі - Бостандық боздақтары,  
Қасіретті жазамын қозғап тағы.  
Есіме алсам есімін әрбірінің,  
Еңіреп кетемін-ау боздап тағы.

Озіме таныстарды атайыншы,  
Естіген білгенімді айтайыншы.  
Аяулы аруактарға тағзым етіп,  
Тізімді тізбектеп бір байқайыншы.

Қилаж бен Ширашидден ағаларым,  
Көріп қайтты ұрыстың далаларын.  
Қан майданда қан төгіп, жауды қуып,  
Босатқан Европаның қалаларын.

Бас иsem Әйіп атам Көкеніңе,  
Ерлікпен қан майданда өткеніне.  
«Александр Невский» орденінің  
Исегері, жан ағам Төшкеніме.

Қалыр, Жұмаш, Ақжан, Ләйісім,  
Батыр деуге тұрарсың әр қайсысың.  
Тұған-түйс аңырап артта қалды,  
Көтеріп ауыр жүгін қайғысының.



Айтқанда Топыш, Тақыр, Қажан жайлы,  
Қайролла, Шәріп, Тоқаш, Шалабайды.  
Елге оралып, ұзак жыл еңбек еткен  
Есентемір, Қауаш пен Жәуке ағайды.

Болса есімін атамай қалдырганым,  
Ұлы Отан соғысына алдырганның.  
Кеше гөр өкпелеме, ауылласым,  
Ол кезде мен бестегі балдырганмын.

Әр жесір жылауменен күтті ерін,  
Оралар деп ұзбеді үміттерін.  
Ән мен, жырмен шығарып мұнын, зарын,  
Жұн иіріп, тұтетін түбіттерін.

\*\*\*

Женіс кеп, жайылғанда жайлы көңіл.  
Той тойлап, қуанышқа батты өнір.  
Азаматтар қауышып ел-жұрттымен,  
Басталды бейбіт еңбек, бейбіт өмір.

2007 жыл.

---

## *Аман бол, ата жұрттым, айналайын*

Сағынам туған жердің топырағын,  
Есіркеп есіме алып отырамын.  
Аман бол атажұрттым, айналайын,  
Көрмейін ауылымның тоқырауын.

Замандастар бірге өскен тек жүр еді,  
Қайтерсің, қатарларың селдіреді.  
Агаларым азайып қалған екен,  
Соны коріп жүрегім елжіреді.

Бақильтыққа өттіңдер, серкелерім,  
Енді кімге еміреніп еркелермін.  
Шалдарынан айрылып, шайқалып жүр,  
Жалғыздықтан жудеген женгелерім.

Бір үй көшсе ауылдан басқа жерге,  
Көнілім құлазиды, толып шерге.  
Азың-тозып жатқан ел аз емес-ау,  
Құдайым бізді сақта, басқа берме.

Жігіттер, Бостандықты сақтау керек,  
Дәрменсіз үйде текке жатпау керек.  
Бір женғе, бір жағага жұмылып ап,  
Біріғіп бір-бірінді жақтау керек.

Ерекіс, кикілжіңге ізден себеп,  
Дұрдараздық, бауырлар, неге керек.  
Ертеңгіні ойландар, санаға сап,  
Татулыққа келіңдер, тауып дерек.



Бабаларым біртұтас, бөлінбegen,  
Бірін-бірі құрметтеп төріn берген.  
Сан гасыр тату-тәтті, іргелес бол,  
Ешқашан жамандықпен көріnбegen.

Аталар аруақтарын сыйлау керек,  
Ағайынды өкпеге қимау керек.  
Бірің бас, бірің қол бол ынтымақпен,  
Ел мүддесін қоргауга жинау керек.

Көрік беріп ауылдың ажарына,  
Ілігіндер айнала назарына.  
Келіп-кетіп жүретін сағынғанда,  
Жұртымның той-думанды базарына.

Ертеңін ауылымның ойландаршы,  
Бұғінгіге марқайып, тоймандаршы.  
Борыштарың болашақ ұрпақтарға,  
Ауыл атын жер етіп, жоймандаршы.

Ұмытпандар ұлы ұрпақ аманатын,  
Шығармандар ауылдың жаманатын.  
Аумал-төкпе кезеңді өткердіңдер,  
Әрғе өрлсендер, бақытты заман жақын!

Қыын-қыстау кейінде қала берсін,  
Әр үйдің шамы түгел жана берсін.  
Іргесі сөгілмесін ауылымның,  
Әр күні бір жақсылық ала келсін!

*Шілде, 2006 жыл.*



## **Жеңгелер**

(Зәйкөш, Күлкәш, Үмітжан,  
Жанбикеге арнаймын)

Ауылдың кеше тұсқен келіндері,  
Керемет, кербез сұлу керімдері.  
Қатар түзеп жүргенде қотанымда,  
Сән-салтанат көрінген елімдегі.

Бірінен-бірі асқан көркем еді,  
Сан қылы өнерлері өркен еді.  
Әсем ән, әсерлі әзіл ойын-тойда,  
Жігіттердің жүрегін өртегенді.

Откенде жиын- сауық, ойын қызық,  
Кететін жігіттердің тасы қызып.  
Әзіл-қалжың жарасса жеңгелерім.  
Жігіттерді кететін отырғызып.

Қалжырап, қажымайтын бұл жалганда,  
Жеңгелер қалжалардан құр болған ба!  
Әзара қүресіп те алушы еді,  
Мәз болып азды-көпті жулде алғанға.

\*\*\*

Мінекей, егде тартып, есейіпті,  
Бел жазылмай қалган-ау, еңкейіпті.  
Қаз-қаз басып, тенселіп, таяқ ұстап,  
Келеді келіскендей тең кейіпті.



Бұтінгі ауылымның әжелері,  
Жарасқан ақ жаулығы, сәлделері.  
Ойлансам, осылар да - өмір көркі,  
Беттегі әжімдері әп-әдемі.

### **Құлымым-ау дегенінді аңсадым**

Өшпейтүгін махаббатым анама,  
Сезім бар ма болар оған балама:  
Бұл дүниеге алып келген аялап,  
Қасиетіңін бәрін салып санама.

Сағынамын, анашым-ау, өзінді.  
Мейір сепкен ақ жүзінді, көзінді.  
Бір сәт сенің құшағында тұргандай,  
Сезінемін балдырган бал кезімді.

Құлымым-ау! дегенінді аңсадым,  
Естісем деп ауып тұrap аңсарым.  
Жайлап алған жаңымдагы жайымды,  
Тізіп тұрып ақтарсам жай-жапсарын.

Бұгін, міне, егде тартып кеттім гой,  
Бұл жалғанның ойы-қырын өттім гой.  
Зейнетті де, бейнетті де өткеріп,  
Желіп, жортып жетпіс беске жеттім гой.



## *Бірлікке шақырамын ауыл жұртының*

Бәріміз де Алаштың жұрнағымыз,  
Ашамайллы Керейдің үрпагымыз.  
Бір оңірді жайланаң әз бабамыз,  
Танаштың бүтінгі біз ұлдарымыз.

Болінбейік Нұрабай, Самай болып,  
Жіктеліп, ата-атаға қарай бөліп.  
«Бөлінгенді бөрі алар» деген қайда,  
Осыдан сактанаңық абай болып.

Аталар ежелден де бірге болған,  
Бір-біріне көршилес жерге қонған.  
Бірауыз, татулықтың арқасында,  
Құт-берсеке, ырысқа ірге толған.

Кеңес кезі бас қосып алты ауыл,  
Бірлесіп, «Бостандық» деп құрган қауым.  
Тізе қосып, қолдастып жеңе білген,  
Зұлмат шашқан келсе де қандай дауыл.

Малымыз жайылымда бірге өрген,  
Бір бәтірді аштықта бірге бөлген.  
Бір-біріне сүйеніш, қамқор болып,  
Залалын наубеттердің бірге корген.

Жекелену кезеңі өтті бүгін,  
Азаматтар котерді ауыр жүгін.  
Еліміз еңесі өсіп, есін жиды,  
Кез келді кіріктірер елдің жігін.  
Ел билігін ұстаған інілерім,  
Берік етіп қосындар жұрттың жұбын!



## Қызылжар

Ата-мекен ардақты Қызылжарым,  
Жайлаган ерке Еслідің қызыл жарын.  
Көкргегінде коміп сен жагтың қайран,  
Қазактың үнсіз айтқан мұңын-зарын.

Егінді диханшыдай сепкен білер,  
Қайты мен қасіретті шеккен білер.  
Өз жерінде өздері бөтен болған,  
Тайраңдаған қотанда шекпенділер.

Құдай-ау, әлі мына көп есінде,  
Баяғы Воскресенев кошесінде.  
Қазакты сасықсың деп басқызбаған,  
Рұхсат бол тек шенді мен көпесінс.

Орданың орталығын қорғаған-ау,  
Келімсектер басынып торлаған-ау.  
Өз елінде өздерін өгей санаң,  
Қазакты биті бар деп қорлаған-ау.

Ақ патшаның ақырған заманы да,  
Билеген қаланы да, даланы да.  
Қожандап қоқан локы көрсетіпті,  
Көккөздің жақсысы да, жаманы да.

Айтамын, айтатұғын кез келгесін,  
Ерікгімін, жасырамын енді несін.  
Әуелде ат беріпті қаламызға  
Ардақтап Петр деген әулиесін.



Кейіннен Павел есім жанасылты,  
Петропавл Шаһар бол «жараасылты».  
Жарасты демегенде не дейік біз,  
Біздер мен онда кімдер санаасылты.

Неше ғасыр келімсек биледі де,  
Тулақтың терісіндей иледі де.  
Екінші сорт есепте ұстап тұрды,  
Адамнан, құдайдан да именді ме!

Безіндік байыргы тән дінімізден,  
Айрылдық ата салты, ділімізден.  
Он қазакқа бір орыс араласса,  
Сейлеуге ықындық қой тілімізден.

Он қазакқа бір орыс кездескенде,  
Ана тілде ақырын сөздескенде  
Зекіріп тастайтүғын «ұлы бауыр»  
Сескеніспен жүрдік-ау мен де, сен де.

Атсизм айбары нығыз болды,  
Жайылар дін аясы тығыз болды.  
Аят-құран оқыған дастарханда,  
Бата қылған болдық қой тығып қолды.

Қызылжар не көрмеді өмірінде,  
Нендей қоғам болмады өнірінде.  
Капитал,- социализм дегендерін,  
Қаланың тұрғындары іншірінде.

Кеңестің заманында өскені анық,  
Жақсылығы жоқ емес, болдық қанық,  
Алайда, коммунистер билігінде,  
Еңсесін көтерген жоқ біздің халық.



Еске алсақ Қызылжардың көшелерін,  
Мендерегенің байқайсың мөлшер керім,  
Орталықта телміріп жалтандадық,  
Тізіп ап есімдерін көсемдердің.

Радищев, Белинский, Некрасов...  
Бәрін тізіп жатпайын, не қыласың!  
Қаланы араласаң ерсіл-қарсыл,  
Ресейде жүрмін бе деп қаласың.

Халықпаз қолпаңтаған өзгелерді,  
Осыны құлақ естіп көз де көрді.  
Құрметтедік неміс, чех, поляктарды,  
Жер ауған түріктерді, кезбелерді.

Дәріптеп бөтен елдің халықтарын,  
Ұмыттық ұлттымыздың алыштарын.  
Батырлар, ғұламалар, асылдарды,  
Өкінішті, қалдырық қалыс бәрін.

\*\*\*

Кез-келдік кезең туды кемелденер,  
Тектілер мен терезем теңелденер.  
Әлемге әйгіліміз жетістікпен,  
Не дер бүтін біздерді кем дегендер.

Бұрынғы бүрмаланды айдай анық,  
Мәңгүрт болдық өткенге болмай қанық.  
Елбасы нұсқау берді айқындауға,  
Тарихтың ақиқатын қайта жазып.



Ежелден біз – Қызылжар өніріміз,  
Куәсі - өзіміздің өміріміз.  
Болғанда бодандықта аңсаганбыз,  
Күн туар деп өсетін көніліміз.

Ақындар айттысында бұғып жүрміз,  
Әділ айтқан сындарын ұғып жүрміз.  
Жалтақтап, ауыз аштай еске әдетпен,  
Шыныайы сырымызды тығып жүрміз.

Басқа тілді бауырлар бақылауда,  
Ауыз ашсаң қаласың қалың дауга.  
Керегар ұқпастарға ұғындырып, .  
Айталаң: «заман емес қылар сауда»

Тарихтың тарақтарын сын қөзбенен,  
Жазайық парактарын тың сөзбенен.  
Айқындал ақиқатты әділдікпен,  
Сұрыптал арылтайық өзгелерден.

Бүгінгі бұл атауым жалған еді,  
Озгерту бабалардың арманы еді.  
Ұрпақтар көкейінде жүрсін деген,  
Аманат аталардан қалған еді.

Қызылжар – қазағымның әз отауы,  
Затыңда жоқ атыңың бір ақауы.  
Төбеңе егемендік ту тігілді,  
Қалпына келтірілер өз атауы.

Қуантар аруақтарын бабалардың,  
Ардақты қасиетті аналардың.  
Орындар іс жүзінде ізгі арманды,  
Бүтін бар ер азамат бабаларың.



Айналдым тұған қалам, асыл қалам,  
Жыл сайын көркейе бер, жасыл қалам.  
Жастығымның күәсі, саган деген,  
Ыстық сезім, менде әлі басылмаған.

Жырыма арқау болдың Қызылжарым,  
Сүйеміз, мәпелейміз ұл-қыздарың.  
Өркениң өрге өрлеп өсе берсін,  
Ешқашан таусылмасын қызықтарың.

Көремін атауыңның өзгергенін,  
Халқымның қуанышпен көз көргенін.  
Елім аман, жұртым тыныш болса егер,  
Озгерте жатармыз-ау өзгелерін.

Байырғы шаңырағым екенің шын,  
Көп ұлттың қоныстанған мекенісің.  
Өз слің, өз жерінде жарагансың,  
Атауыңды бөтен ғылп өтемісің.



## *Tату- тәтті тұрамыз*

Бес үй бармыз бір жерде қонысымыз,  
Тату-тәтті жарасқан болмысымыз.  
Аллаға ризамыз, тәубе дейміз,  
Алшактап алға бассын оң ісіміз.

Үш аналы-сіңлілі туған бауыр,  
Өзара қатынастары сыйлы, тәуір.  
Арқаларын тосады екені кеп,  
Біреуінің болғанда жүгі ауыр.

Бір-біріне жүреді арқа тіреп,  
Құдайдан бір-бірінің сауын тілең.  
Біреуінде қауырт шаруа болса.  
Үшеуі жұмылады, қосып білек.

Үш үйді тату етіп, біріктіріп,  
Араласып үйлестіріп, кіріктіріп.  
Аналары, шамасы, асыл адам,  
Қыздарына сіңірген біліктілік.

Үлкен ұлым үй салды, көрші болып,  
Қуанышқа кенелдік, көніл толып.  
Кіші қызым, сүйкімді Жанарым да,  
Кошіп келді біздерге қатар қонып.

Өмір сүріп жатырмыз жанталасып,  
Тұystарға ылайық, тән жарасып.  
Кикілжіңен біздерді сақта, құдай,  
Жататын агайынмен бақ таласып.



## *Kүркө тауық*

Мазалайды маңайдан күркө тауық,  
Алған мұны көршілер қайдан тауып.  
Орамыма секіріп түсіп жатыр,  
Койсам да шекараны берік жауып.

Күркө тауық мезі қын, мазалайды,  
Көкөністі шұқып жеп, тазалайды.  
Ертелі-кеш сәбегім еш болды ғой,  
«Жауыздарды» қандай жан жазалайды?!

Тереземнің түбіндес күркілдейді,  
Айғай салсаң малғұндар үркімейді.  
Қарақшы боп қоритын бау бақшаны,  
Кім олардың соңынан сүркілдейді.

Ұстасаң, қоршau жасап қамау керек,  
Қаңғырып кетпесін деп қарап керек.  
Құдайы көршілердің тыныштығын  
Сактайтын жай-жағдайын санау керек.

Айғұл балдыз, құдағи көрші Гұлсім,  
Тыңдал ап, сенде күрсін, сенде күрсін.  
Әуре- сарсан салдындар, қарақтарым,  
Осыны оқып, ағайын түгел білсін.



## **Ұланға хат**

Ұланжан Маратымның досы едін,  
Жастық шақ екеуінді қосып еді.  
Өмірден ерте озды Марат досың,  
Тағдырдан тосқанымыз осы ма еді.

Қылшылдаған қыршын жас кетіп қалды,  
Кос құлыны шиеттей жетім қалды.  
Тағдырдың тауқыметін арқага сап,  
Зар жылап жастайыпшан жетім қалды.

Қайсарлықпен өз-өзін шыңдай келді,  
Қындықтан қымсылбай, сынбай келді.  
Екі ұлы кемістік көрмесін деп,  
Талаптанып, талпынып, тынбай келді.

Кезі келді достардың қолдайтуғын,  
Қорғаныссыз жандарды қоргайтуғын,  
Қамқоршының қолы үшін корсе бүгін,  
Өмірде кемшілік жоқ толмайтуғын.

Ұланжан, көрсет өзің дос үлгісін,  
Жалғастырып салт - дәстүр мол үрдісін.  
Қанатыңың астында жетімектер  
Женеді жетпеушілік түр-түрлісін.

Жас өсіп жарлы байыр күнде жақын,  
Ақталар көрсетілген достық хақын.  
Екі ұл болып өсер қос қанатын,  
Озғандай аламанда қосқан атын.



Өлеңнің сәні келер сазы болса,  
Тірі байыр аруак разы болса,  
Медет, Ұлан жайқалып, гүлденеді  
Бұларға көңілінің жазы болса.

### *Алақол Төлебайга* (әзіл)

Төлебай маған айтқан сөзің шала,  
Екен гой, жігітім-ау, қолың ала.  
Абайдың соғымына жарапсың ғой,  
Қолдарың ауру екен маған ғана.

Бажа тату деген сөз бекер ме екен,  
Қайнағаға құрметің бетер ме екен.  
Көрші отырып істеген бұл қылыштың,  
Есімнен еш уақытта кетер ме екен.

Абай қымбат төлепті еңбегіңе,  
Мен бір тын бермес деп сенбедің бе?  
Менде кетіп жүр ме еді әсте қақың,  
Сондықтан біздікің келмедің бе?

Алақол деп жүрейік бұдан кейін,  
Дұрыс жігіт деуші едім бұған дейін.  
Келер жылғы соғымды сойдыруға,  
Қалай ғана Төлешті келтірейін.

Төлебай төлейсің бе айыбынды,  
Мүмкін сонда боларсың қайырымды,  
Биыл жылдың соңында хабарың бер,  
Соғым сою ісіне дайынынды.



## *Aқ бөпешім, бөпешім*

Альбинашым құлышым,  
Қандай сәнді тұлымың.  
Жамалыңа жарасып  
Тұр-ау пүшік мұрының.

Ойнаш ж.рсің былдырлан,  
Күміс күлкің сыңғырлап.  
Қылғыңа сүйсініп  
Атаң отыр жыр-жырлап.

Кейде жалған күлесің,  
Бұргишиң та жүресің.  
Жұз құбылтып жүзінді,  
Алдауды да білесің.

Мені көрсөң жүтіріп,  
Келесің сәл сүрініп.  
Құшақтайсың аталан,  
Мойныма ілініп.

Айналайын ақ бөнем,  
Көңіл-күйі шат бөпем.  
Айналайын, сүйейін,  
Алдымса сен жат бөпем.

Ақ бөпешім, бөпешім,  
Астанаға көшесің.  
Атаң менен апаңсыз,  
Қалай гана өссесің?!



---

Сағынып ақ ботамды,  
Қарсы алам сан актанды.  
«Жар бола гөр жасаган»,  
Деп берем ақ батамды.

### *O, ғажайып!*

О, ғажайып, бір жәйіт танқалдырыды,  
Танқалдырыды деймін-ау, тамсандырыды.  
Сенейін бе, өзіме сенбейін бе?!  
Көзбен көріп тұрган соң таңдандырыды.

Айтып тұрған мынауың не деменіз,  
Сенбесеніз, мейлі де, елеменіз.  
Кәдімгі намаз оқып отыргандай,  
Қаракет жасап отыр немереміз.

Екі жасқа толмаған Альбинамыз,  
Қолын жайып, күбірлеп сәби ауыз.  
Жайылған орамалга сәжде етіп,  
Отырды оқығандай намаз нағыз.

Қалайша келмеймін мен тәніріме,  
Сенейін мына Алланың әміріне.  
Санасына құйғандай дінімізді,  
Сәбілердің сіңіріп әр-біріне.

Қарап тұрып балдырған жас қылышқа,  
Куандым да жорыдым жақсылыққа.  
Атеист боп өзіміз өстік, эттең,  
Биссмиллә мен әльхамға тапшылықта.



Анамыз дін жолына берік еді,  
Жасынан дін маржаның теріп еді,  
«Ұрпақтарым Алланың ақ жолына,  
Түссін!» деген батасын беріп еді.

Тілейік Альбина жан баламызға;  
«Ұқсас бол өс, Фатима анамызға!»  
Алдынан қари шыққан ірі молла,  
Қасиетті Сагындық бабамызға.

### *Татулыққа не жетсін...*

Уақыт тимей тектен-тек тұтанасын,  
Жайдан-жай жанынды жеп мұқаласын.  
Сен деген сөзге келмей секіргенде,  
Өкпе-ашудан, жаным-ау, не табасын.

Жүйкенді жүдесің текке қанап,  
Ашының аязы жанды жалап,  
Татулыққа не жетсін бұл жалғанда,  
Қас-қағым қысқа өмір өтер әлі-ақ.

Әр сөзді шашу көріп қабылдама,  
Орынсыз от боп жанып, дауылдама.  
Байсалдылық бақытқа бағыттайды,  
Шыданап бақ айтыс-тартыс, дауынды да.

Бір сөзді байымдамай, бүрк ететін,  
Санамен сұрыптамай шырт ететін,  
Жағымсыз, жаман мінез жұғыспай-ақ,  
Болса ғой адамдардан сырт кететін.



Татулықты ақындар жыр етеді,  
Тұсіністік жоқ жерде шыр кетеді.  
Қырги қабақ қатынас қалыптасса,  
Шынайы сыр, сындарлы қыр кетеді.

Көңілінді таза ұста, кір баспасын,  
Кір шалса, айтса кетер, күн аспасын.  
Татулыққа дақ салар кексіз ашу,  
Жанга жук өкпе деген зіл басқасын.

Көрем ертең құрығанын сілеңнің,  
Жылай-жылай кестерінді білсмін.  
Жылдағыдай шығарып сап өзінді,  
Зілді әзілмен қолым бұлғап күлемін.

Келер жылы биязы бол, әдепті,  
Салмайтындаі бүлік пенен әлекті.  
Сүйкімді етіп, сүйінішпен жырлаймын,  
Гұр-тұлғанды, болмасаң сен әбесті.



## *Aқыра бер ақпаным*

Биылдыққа құбылып тұр қыс күні,  
Бірде боран, бірде аяз ұсқыны.  
Кеш келгендे ашуланған ақпаның,  
Байқалады ақырғы бір ышқыны.

Қаһарымен сүйк мұзды жарады,  
Ызғарымен бетті қарып барады.  
Ең қысқа ай екеніне долданып,  
Сезгендей бір туатынын қарацы.

Бұрқасынмен гұмырыңды бастадың,  
Борандатып жолды жауып тастандың.  
Адым аттау адамдарға мұн болды,  
Неге сонша өршелендің, қастандың.

Білмесе де жанын қайда қоярға,  
Асая ақпан тентектігін қояр ма.  
Мал мен жанды бұрсаңдетіп тұрса да,  
Бұлғіне көзі мұлдем тояр ма!

Біл сен, пәле, ертең наурыз келеді,  
Келеді де сыйбағанды береді.  
Көктем лебі ерітеді еңсенді,  
Жер бетіне күннің нұрын себеді.

Аз күн қалды, ақыра бер, ақпаным,  
Қылығыңмен адамдарға жақпадың.  
Сакылдаған сары аязben, қанекей,  
Дүлжай дауыл бораныңмен тапқаның.

## *Oй толгаймын*

Тентек тайдай түспеген тұсау, құрық,  
Күштілерге көрсетіп асая қылық.  
Енбектің еркіндігін ереже етіп,  
Өмір кештім намысты жалау қылып.

Қырау басып, ағарды екі самай,  
Мінез байғұс өзгерді онға қарай.  
Байқасам, байсалдылық басты ма екен,  
Жұп-жуас бол қалғаным ба, сонда қалай?!

Шомылган дарияның суы тұнық,  
Іштегі қырсығымды алды сылып.  
Тойған қозы секілді момын болдым,  
Қыңыр мінез қалыпты мұлдем сынып.

Жұбайым- ақылгөйім, шебер неткен,  
Ақырын ақылменен, баппен, еппен.  
Шідерлең тастады ма, аңғармадым,  
Қытымыр мінезімді жібек еткен.

Әлде жасым ұлғайып кеткендік пе,  
Қарттықтың қыл арқаны жеткендік пе,  
Бәсендей қарқының да, қайратың да,  
Биязы, бейбіт өмір шеккендік пе!

Өзгерген өз-өзіме таңданамын,  
Басыма бақ қонғанын аңғарамын.  
Тұғырымнан түскем жоқ қатардамын,  
Алдагы армандарга алданамын.



Туса дағы бүгін міне қарашам,  
Отсе дағы думаным мен тамашам.  
Көрер қызық таусылган жок әлі де,  
Жан-жағыма жөндеп, дәлдеп қарасам.

Толық сенің бақытың да, багың да,  
Құрбы-құрдас, дос жараның барында.  
Жүрсөң тұтас араларың кемімей,  
Жетім болмай егде тартқан шагында.

Көрсөң дағы өткеннің көп бейнетін,  
Болсын бүгін сәнді-мәнді зейнетің.  
Қарт бақыты болсын деймін баянды,  
Шырай кетіп, жудемесін келбетің.



## *Қарт бақыты*

Қарт бақыты-аман жүрген ұл, қызы,  
Нұр төгетін айы, күні, жүлдизы.  
Өсіп жетсе қызықтарын көрем деп,  
Арман, қиял алған биік шың құзды.

Құрса оңаша әр қайсысы шаңырақ,  
Көнілдері көктемедей жадырап.  
Отау толған немерелер жүгіріп,  
Қарсы алса жан-жағыцан жамырап.

Келіп жатса мойыныңа асылып,  
Маңдайынан іскеуге асырып.  
Құшагыңа қысып-қысып толғанып,  
Секірткенде өз басыңнан асырып.

Бал тілімен былдырласа аталап,  
Сүйсінесің, айтса екен деп қайталап.  
Мәз болады арғымаққа мінгендей,  
Сол бір сәтте алсаң өзін арқалап.

Құдай берді жеті-сегіз немере,  
Армандайсың сүйсем-ау деп шөбере.  
Қарт бақыты деген осы емес пе,  
Көніл – күйім түсे берер көгере.

Тәубе, тәубе жүр жанында зайдыбың,  
Ол барында жоқ өзіңде қайғы-мұң.  
Жайлыш тәсек жадыраған жаз көніл,  
Көресің-ау бар керектің дайынын.

## *Армандаған, аңсаған атты таңым*

Сан ғасыр бастан кешкен сансыз азап,  
Халқымыз төзімді екен неткен гажап.  
Нәубеттің көкелерін көрген, көнген,  
«Мың өліп, мың тірілген» қайран қазак.

Қылышын қызылкөзді көршілердің,  
Өз үйімде басынған тәршілердің.  
Төзе жүріп, намысын сақтап қалған,  
Сен неткен өміршең ең, оршіл едің!

«Сабыр түбі-дейтін ең- сары алтын»,  
Тәуелсіздік тобесін алды халқым.  
Өркениет елдердің қатарында  
Келеді менгеріп ап нарық паркын.

Армандаған, аңсаған атты таңым,  
Алтынменен жазылды ата заным.  
Нұр шашың, жарқыран түр Ел таңбасы,  
Зор сезіммен айтамыз Ел ұранын.

Бүгіннен ертеңіміз болар жарқын,  
Өмірді өрнектеуде өткен әр күн.  
Қой үстінде бозторғай жұмыртқалар,  
Туады кез, осылай өссе қарқын.

Ел басымыз Нұрсұлтан – дара тұлға,  
Бар әлемді аузына қаратуда.  
Тындырған аз жылдағы игі істермен  
Ел есімін әйгілеп, таратуда.



## *Ауылда тұру тамаша*

Шырайға бөлеп жуықты  
Шуакты күн туыпты.  
Далада боран толастаи,  
Ауа да аздап сұыпты.

Тысқа ауды аңсарым  
Жұтуға ауа каусарын.  
Сусыным қанар емес-ау  
Каусарды қалай таусармын.

Даланың таза ауасы-  
Қандай да дергің дауасы.  
Серуендел ұзак жүремін,  
Ауланың жайлы ауасы.

Таңертең шықсан далага,  
Тұп-тұнық ауа тап-таза.  
Тыныштық қандай тыныштық,  
У-шұыу жоқ, даңғаза.

Мына сөзге құлақ қой,  
Түсінбесең сұрақ қой.  
Ауылда тұру тамаша,  
Жанға рахат жұмак қой.



## *Өмірге жетеледі асыл арман*

Білімнің жолын құдым құмарланып,  
Кекірегіме тоқыдым, құнарланып.  
Мамандықты менгеріп, берік ұстап,  
Көрген жоқ келешегім мұнарланып.

Диханшылық кәсібім- таңдағаным,  
Төсінде өтті өмірім тыңдаланып.  
Елу жыл егін еккен еңбегіме,  
Ерлікке сай ісіме таңданамын.

Еліме деп арналды ақыл-ойым,  
Ешқашан түскен емес абройым.  
Еске алсам өткендерді, өткергенді,  
Қуаныш, сезімінен толар бойым.

Айыр, күрек қолыма ұстамадым,  
Балгасын соққамын жоқ ұсталарын.  
Білім мен біліктілік арқасында  
Атқардым талай істің нұсқаларын.

Өмірдің тәлкегіне жасымаган,  
Ауырлыққа езіліп, басылмаган.  
Уайымшыл, мен жасық болғаным жоқ,  
Ілгері жетеледі асыл арман.

Дандайсып б скер асып, тасымаган,  
Аяла берді көзі ашық басты маған.  
Ел-жұрттыма әлі де берерім бар,  
Жүрсем мен бойым сергек, басым аман.



## Дүлей боран

Дүлей боран, дүрілдеп тұр, долданып,  
Үй тұргандай үрейленіп, қозгалып.  
Қандай күшті қарсы қояр екенсің,  
Қандай амал, қандай қару қолданып.

Бишқынады, ыскырады, конгісіз,  
Дала аппақ көзге тұртсе көргісіз.  
Үйден үйге арқан тартып қоймасаң,  
Келем десе келе алмайды көршиңіз.

Жынды боран толастамай, төкпелеп,  
Тұрмысың сен осы маған окпелеп.  
Деп тұрғандай: «Табиғаттың заңы осы,  
Ұрып, соққан қылышымды сөкпе!» деп.

Қырып-жойып жолындағы бөгетті,  
Қопарып та, ұшырып та жоқ етті.  
О, құдірет көрдім талай дауылды,  
Білгенім жоқ дәл осындай сөкетті



## *Ана тілді мәпелеп, ардақтайық.*

Аналар! Құрметтейік ана тілін,  
Қазақша шығарайық бала тілін.  
Ана тілі деген сөз тегіннен бе,  
Шүлдірлетпе балаңның шала тілін.

Әкелер! Шешейік тіл мәселесін,  
Балалар ана тілін мәселесін,  
Балалар ана тілін мәпелесін,  
Әкені пана демей әке десін.

Жан әкс! Өмірге сән әкелесің,  
Ел-жұртына абырой әпересің.  
«Әжека», «бабушка» деп былдырламай,  
Немере әжелерін «Әже» десін.

Апалар! Ана тілді ардақтайық.  
Немерсі орысша зарлатпайық.  
Ұлагатты ұриағым болсын десең,  
Казақи тәрбиені салмақтайық.

Үлт намысы-қастерлеу ана тілді,  
Байырғы салт-дәстүрді, сана-ділді.  
Тәуелсіз өркениет ел болдық біз,  
Арамызға қайтарды Алла дінді.

Еліміз өссін десек, толсын десек,  
Ұлылар іргесіне қонысын десек,  
Тілді, ділді мәпелеп, қастерлейік,  
Ұлтымыз ұлагатты болсын десек.



Сенемін, ақ таңымның атарына,  
Отаным өсудің жол сапарында.  
Осылай өркендесе жетерміз-ақ,  
Алдыңғы елу елдің қатарына.

### *Aқпан*

Қаңтар етіп, ақырып ақпан келді,  
Тентек текті терістік жақтан келді.  
Адамлардың апшысын қыұрмаққа,  
Аязды ызғарына саптап желді.

Қақшандап қара ала бұлт ала келді,  
Ашуланып әлегін сала келді.  
Ойрандап, ой мен қырды бұрқыратып,  
Боранымен жер бетін жаба келді.

Күтімір, қыңыр қыстың соңы болып,  
Ышқынып, дүлейленіп, долы болып,  
Қалың қар адым аттап жүргізбейді,  
Мал мен жанның бес елі соры болып.

Өтерсің азулы ақпан демің бітіп,  
Наурыз сені қуады, емес құдік.  
Сай мен сала, сары дала ылғал жұтып,  
Өседі шүйгін шөп пен егін бітік.

Долдана бер айбатты ақпан айы,  
Мың құбылып тұрса да ауа райы.  
Тұзелді тұрмысы мен тіршілігі,  
Секем жоқ үрейленер ауыл жайы.

## **Әкім мырза, сенемін озіңізге**

Қаршалайдан еңбекпен тылда болдым,  
Неше жыл егін егіп тында болдым.  
Адалдықты ту етіп таза оттім,  
Қалтарыс, бұлтарысын қылы жолдын.

Жерде тудым, өмірім жерде өтті,  
Есейген, еңбек еткен елде өтті.  
Егде тартып, сәкейген кезім келді,  
Әл азайып, шоқтық та бел де шоқті.

Құны түсіп тұр ма екен ер сәбегі,  
Елу жылғы еңбегім еленбеді.  
Бір пәтерге қол жетпей қалды, міне,  
Мұңқ күшейіп, уайым терендеді.

Баспана тиіп жатыр әркімдерге,  
Неше жаздым арызды әкімдерге.  
Әділеттік бар ма дең, мұңдайамын,  
Көкірегім толады әзір шерге.

Мәз емес тіршілігім ауылдағы,  
Су тасып, от жағуым ауырлады.  
Көрілік женеді екен жас келген сон,  
Буындарым сырқырап ауырады.

Қасымдай болмасам да жайсаң ақын,  
Баспанаңыз жүргенім, жайым жақын.  
Көргенімнен көрерім аз қалғанда,  
Алмасам да аз емес айтар хақым.



Сенемін, әкім мырза, өзіңізге,  
Бір пәтер берем деген сөзіңізге.  
Үміт үзбей күтемін дәмеленіп,  
Таусылып қалмаса еken төзім бізде.

## ФЗО

(Бигайша апама арнаймын)

ФЗО-бұл жалғанның бір елесі,  
Өңсіз өткен өмірдің бір белесі.  
Қабырға қайысатын қара жұмыс,  
Жастардың еншігे алған пешенесі.

Корғансыз жетімдерді сүзіп алып,  
Қыз, бозбала бір тобын тізіп алып,  
Еріксіз жер аударып, айдауменен,  
Талайды әкетті ғой тізгін салып.

Бигайша апам солардың бірі болды,  
Қыздар тобы ішінде ірі болды.  
Төзді де, ауырлықты жеңе білді,  
Өйткені сті оның тірі болды.

Жасөспірім қыздардың көргені көп,  
Көндігі алмай зорлыққа өлгені көп.  
Гүлдері ашылмаған қызгалдақтар  
Бастан көшті жұмыстан өзгені көп.

Корлыққа күрбан болды жас өмірі,  
Қазғаны Қарағанды тас көмірі.  
Атқарды бел үзіліп әр жұмысты,  
Мекендең елден алыс жат өнірді.



Әйгілі Мойынты-Шу темір жолы,  
Қайғылы құрылыш болды мұңға толы.  
Жагы солып жүдеді, күстенді-ау,  
Қара жерді қопарған нәзік қолы.

Жүдеп-жадап оралды әпкелерім,  
Білгенбіз, жүрекке дақ сап келерін.  
Аш, жалаңаш, қиналған ауырлықтан  
Жанга артып ауыр жүк ап келерін.

Биғайша-апай, көргенің аз болмады,  
Өміріңің әр жылы жаз болмады.  
Жастығың бейнетпенен бейнеленді,  
Мән-жайың жүрек жылтар мәз болмады.

Әткеріп өміріңің ауыр жүгін,  
Сексенің сеңгірінен астың бүгін.  
Қайратың кемімессін, кейуана,  
Бейнетсіз өтсін деймін қалған күнің.

## Жемқорлық

Жемқорлық кетті бүтін етек алып,  
Барады өршеленіп, лаулап, жанып.  
Кім білсіп қашан ғана толастайды,  
Жемқорлардың араны алар қанып.

Алудан аяқ аттап жүре алмайсың,  
Бермесен жайлы өмір сүре алмайсың.  
Шенсунік алуға деп жараптан ба,  
Текten тек есігінен кіре алмайсың.

Алады үлкені де, кішісі де,  
Молшері байланысты кісісіне.  
Қолына қыстырмасаң қыбын тауып,  
Жол бермейді жауыздар бір ісіне.

Мәселенді шешесің, бересің де,  
Заманның ағымына ересің де.  
Жемқорлық жойылатын күн туар деп,  
Әділет келеріне сенесің бе?!

Ел басы жемқорлыққа сұстанады,  
Жоям деп жарлық беріп, күш салады.  
Тәмсігі жақ кіжінсе бір-біріне,  
Шортан кетіп, шабактар ұсталады.

Шөп болса да көп болсын дей ме екен,  
Күресті күшегіттік біз дәйім бекем.  
Қоғамның қасретіне қалт етпеген,  
Халықтың қамын жемқор жей ме екен.



Бұлмат қашанғана кетер екен,  
Адалдықтың ақтаңы жетер ме екен.  
Толганып ойланамын үйде отырып,  
«Әділеттің жеңері бекер ма екен?!»

## ***Сын***

Сын деген қозгаушы күш игілікке,  
Айтылар шүйіліп те, түйіліп те.  
Байыпсыз тыңдаушыға айтылса егер,  
Қабылдар ашынып та, күйініп те.

Сын айтсаң сейлер сөзің болсын әділ,  
Шындығына сеніп ал өзің кәміл  
Турасын айт, әдеппен, шеберлікпен,  
Тыңдаушың үгынуға болсын әзір.

Сын түзелсе, мінің де түзеледі,  
Кеселдіктің көп жалы күзеледі.  
Білімді әділ сынды қабылдаса,  
Шын жүректен түсініп, күзеледі.

Ақылды сынға болмас опыр-топыр,  
Болса да аңы оны ойға тоқыр.  
Дегбірсіз ойран-ботқа ашуланар,  
Өйткені өр кеудесі оның соқыр.

Сонғы кез сын дегенің азайып түр,  
Сын айтқанға төрелер алайып түр.  
Сыныңды кімге айтасың, кімдер тыңдар,  
Сындарлы сынның сағы қарайып түр.



Қоғамды өркендетіп, жаңартуға,  
Адамның ақыл-ойын ағартуға,  
Игілікке жетектер сын да керек,  
Өмірді мөлдір судай тазартуға.

### *Қанышер Бүшқа*

Құдыретті, ең мықты ел боп алып,  
Әрдайым әлемге жүр әлек салып.  
Қырып-жояр қаруын қолданады,  
Дербес жерге барады киіп-жарып.

АҚШ деген жандарм халықаралық,  
Қарақшылық қылышты жүр таралып.  
Бар әлемге билігін жүргізуге,  
Басқындық саясаты бары анық.

Тәуелсіз мемлекетке қолын сұғып,  
Сұрамаған тесікке басын сұғып.  
Әділдік орнатам деп жер жүзіне,  
Талай елдің тастады туын жығып.

Америка басынып талтаңдайды,  
Әлсіз елдер бұғысып, жалтаңдайды.  
Қырып-жояр қаруды іздеген боп,  
Бейбіт елді соғыспен талқандайды.

Террористер табам деп сабылып жүр,  
Бен Ладенді неше жыл «сагынып» жүр.  
Исламистер дегенге көз алартып,  
Қоқан-лоқы көрсетіп қағынып жүр.



Жау іздеуді жалау ғып ол ұдайы,  
Көздегені- арабтың мол мұнайы.  
Халықтарды қыргынга ұшыратқан  
Қанішер Джорж Буштың жок құдайы.

Иракта бар деп қару қырар жаппай,  
Масқара болды емес пе оны таппай.  
Тиісерге қара іздел Бүш қаныпез,  
Бомбалады нақақтан жерін таптай.

Баскесер, есерсоқ-ау мына Бушың,  
Жолсыз-жөнсіз жұмсайды қару күшін,  
Саддамды зорлықпенен жазалатты.  
Жұз қырық жеті адамның өлімі үшін.

Он мыңдаған ирактар өліп жатыр,  
Күн сайын үлгере алмай көміп жатыр.  
Мыңдаган солдаттары қырылса да,  
Лек-легімен жаңа күш келіп жатыр.

Ирак елін түп-түгел қырамысың,  
Жер бетімен теп-тегіс қыламысың.  
Қаңырап, иесіз қалған осы жерге  
Өзің кеп жұртыңменен тұрамысың.

Мыңдаған адамдардың қазасы үшін,  
Қаракшылық қылымыстың жазасы үшін.  
Өзінді дарға бүтін асу керек,  
Арабтардың жоғалған мазасы үшін.



## *Дәреже*

Адамның өміріне дәреже сын,  
Биік болса мактайды дәрежесін.  
Қоғамда адам болып журу үшін,  
Аудай қажет екен дәреже шын.

Біреулер биік ұстар дәрежесін,  
Бекем ұстап өмірдің ережесін.  
Еліңе адал сәбек етсең егер,  
Құрметті, марапатты мәредесің.

Біреулер түсіреді дәрежесін.  
Қалтырмай абырайдан дәненесін.  
Жоғалтып жиган терген жан азығын,  
Сор қайнап, жинап жүрер әрн есін.

Мерейің-дәрежеге қол жеткізу,  
Одан соң дәреженді зор еткізу.  
Ала жіпті аттасаң алансызда,  
Бір-ақ сәт дәреженді қор еткізу.

Келген соң бұл өмірге адам болып,  
Кету керек өмірге адал болып.  
Елінді иғілікті ісіңмен сүй.  
Оттай жанып, аймала самал болып.



## *Еңбек күн*

Баяғыда өмір кешті ұжымшар,  
«Еңбек күн» деп аталатын ұгым бар.  
Еңбек ақын байланысты болатын,  
Ұжымшарда қаша табыс, шығын бар.

Жыл бойына күнде барсаң жұмысқа,  
(«1» ді жазу қате ме әлде дұрыс па?)  
Жыл аяғы тие ме екен бірдене,  
Септігі жоқ мұшкілденген тұрмысқа.

Кей жылдары бір тын да келмейді,  
Я, болмаса түйір астық бермейді.  
Қабыспаса табысы мен шығысы,  
Бастық «жоқ!» деп, қолды бір-ақ сермейді.

Еңбек күннің «минимумы» тағы бар,  
Оған сәйкес өзінің бір саны бар.  
Жыл өткенде орындамай қалғанға,  
«Арамтамақ» деген таңба тағылар.

Көке әже аурушаң жан болатын,  
Қайдан келсін «минимумы» толатын.  
Шамасы жоқ сиыр сауып, қой багып,  
Соқа салып, күз егінді оратын.

Заң дегенің тұрган кезі қагынып,  
Заманының бағытына бағынып.  
Көке әжемді жер аударып жіберді,  
«Арамтамақ» деген кінә тағылып.



Әлі есімде ауыл болып жиналып,  
Жылап-сықтап, аяп тұрып, қиналып,  
Сыртқа дейін шыгарып сап тұрғанда,  
Көл боп аққан көздің жасын тимадық.

### *Kөңіл шіркін...*

Жайлы тәсек, ыстық құшақ қандайды!  
Қанша жатсаң құмарың бір қанбайды.  
Көңіл көншіп, кесілгенде көрпенде,  
Ұмыт болар бар уайым, бар қайғы.

Қамсыз көңіл, тәтті үйқы кезінде,  
Тыныштықтан селт етпейді сезім де.  
Қарт үйқысы құс үйқысы секілді,  
Сондықтан да мұндай сәттен безінбе.

Адам байғұс бұл өмірге тоймайды,  
Кәріліктің тұңғиғын бойлайды.  
Тәтті сәттер тізіліп көз алдына,  
Оралмасын томсырайып ойлайды.

Көңіл, шіркін, кек дөнендей көсліп,  
Кетеді ғой кейде күйді өсіріп.  
Қандай күш бар, айтындарны халайық,  
Қиялымды тастайтүгын өшіріп.

Тәтті сәттер, сәтті сәттер көп болсын,  
Бсу қарттарым, көңілдерің кек болсын.  
Мұнаймандар, мойымандар, қайысып,  
Мықтысындар, берілмендер, сайысып.



## *Биылғы қыс*

Биылғы қыс қыр көрсетіп келеді,  
Толастамай қарын борап себеді.  
Сырғымасы жол жиегін тау қылыш,  
Сай –саланы қырмен бірдей тенеді.

Дүлей дауыл ерегесіп, ышқынып,  
Қыңырлықпен байқатады қыс қылыш.  
Сотқар боран айлап тынбай согып тұр,  
Адамдарга қарамайды пыскырып.

Бірақ, ойга ұнамды ұміт конады:  
Жорамалым – жаз жауынды болады,  
Даламызда жасыл егін жайқалып,  
Қоймаларым алтын дәнгө толады.

Қарлы қантар қайтсе де ертең кетеді,  
Ашуланып ақпан да кеп жетеді.  
Долдана бер, боралыцмен бұркырап,  
Ертең көктем шекеннен кеп шертеді.

*Каңтар, 2007 жыл.*



## *Немерем Альбинага*

Айналайын, айналайын ақ бөпем,  
Күлімдейді сәби көңілі шат бөпем.  
Келе қойши, келе қойши, құлыным,  
Кеудеме кеп, басың салып жат бөпем.

«Ага!» деген балдай тәтті тіліңиен,  
Ықыласың былдырыңнан білінген.  
Қуанамын, жақсылыққа жоримын:  
Нәр алдың сен ұлтымың бай ділінен.

Бетінді өпсем, тыжырайып бұлқындың.  
Тікендері батты ма екен мұртымның.  
Қуақылық көрсетесің күлімдеп,  
Танып тұрмын тұтамдай-ақ тұрқындан.

Бақытты бол, пүшік мұрын ақ бөпем,  
Балапаным, құлыншагым, ақ бөкен,  
Қазақ қызы, елдің көркі болып өс,  
Көрмейін мен қылышынды жат, бөтен.

Иісіңмен, жұпарыңмен мен елтің,  
Көрсете бір қызығынды кенелтіп.  
Мақтанайын, шаттанайын, жеткізіші,  
Бақытты ата қатарына теңелтіп.

Бұл өлеңді Альбинама арнадым,  
Немереме сөз арнамай қалмадым.  
Құшып тұрып тілегімді айтамын:  
Ақтайтын бол ата асыл арманын.



## Жат қылыш

Үй аралап жүр әне қыз бен қырқын,  
Дәріпеп орыстардың әдест-гүрпүн.  
Осыны түсіне ме қандастарым,  
Бұздық деп қазағымның өмір шырқын.

Кешегі заман бізді шатастырып,  
Кетті ғой салтымыздан адастырып.  
Сылтау гып жаңа жылды қарсы аламыз,  
Арақ ішу амалын қарастырып.

«Сею-весю» қазакқа жат қылықты,  
Қаракоздер ие дерсің, салт қылынты.  
Шүршіттерше киініп, боянып ап,  
Ұлтымның әз әдебін қалт қылыпты.

Аралап арақ ішіп, бүлінеді,  
Шайқалактап, тенселіп, сүрінеді.  
Бала түгіл, үлкен де шошынағы,  
Көріндерші олардың түрін енді.

Жаңа өмірге кіргенде менің халқым,  
Жаңғырып жатқанында ата салтым.  
Байыргы бабалардың бай дәстүрін,  
Араға қайтаруға алдық қарқын.

14.01.2007 жыл.



## *Кыздардың жеке жиыны*

Кыздардың жеке жиыны,  
Жоқ қой оның тиымы.  
Ерлердің бұған кіруі,  
Өкінішті-ақ қыны.

Кыздардың бұл жиыны-  
Қызығарлық үйымы.  
Ерлердің ептеп снуге,  
Тар болар сірә, сиымы.

Ерлер неге бармайды?  
Құпиялығы қандай-ды?  
Сырын ұға алмаймыз,  
Құмарымыз қанбайды.

Білсек-ау, соны білсек-ау,  
Арасына кірсек-ау.  
Кіріп озіл қалжыңмен,  
Отырып ойнап, күлсек-ау.

Кыздар-ай, ой-хой, кыздар-ай,  
Өздерің қызықсыздар-ай.  
Ұмытып кетіп журмендер,  
Өмірде мына біз бар-ай.



## *Шаңырақ*

Шаңырақ – аталардың үй-орманы,  
Шаңырақ - әр адамның ой -арманы.  
Шаңырақ деп атаған әр отбасын:  
Шым үйді, ағаш үйді, ақ орданы.

Не көрмеді қазақтың шаңырағы,  
Талай нәубет анталаپ, жамырады.  
Аштықтан миллиондан қырылганда,  
Ашылмай түндіктері, қаңырады.

Сұмырай саясаттың шынжырынан,  
Жайпаған құғын-сүргін қырғызынан,  
Қоғамның қаймақтары құрбан болып,  
Айрылды сан шаңырақ тұргызынан

Қан майданнан оралмай боздақтарым,  
Иссіз қалды отбасы-ошақтарым  
Сан шаңырақ құрылмай қалды емес пе,  
Боздал қалды арулар оң жақтағы.

Қазақтың қасиетті шағырағы,  
Бақ конған бақуатты там-тұрағы.  
Бабалардың қасынан тұтатылған  
Ешқашанда сөнбесін шам шырағы.

Көбейсе ұлттымыздың шаңырағы,  
Бой түзеп, тізіледі, сән құрады.  
Тәуелсіз еліміздің бағы жанды,  
Күн санап өмір енді жаңғырады.



Бұл күнде шаңырағым шарықтады,  
Жарқырады жүлдyzым нарықтағы.  
Өркенист елдермен терезем тең,  
Көк туым көк аспанда қалықтады.

### *Адалдық*

Бәріміз де адалдықтан жарапалдық,  
Адамдарға асыл қасиет – Адалдық.  
Аналардың ақ сүтінен нәр алдық,  
Адал бол деп аталардан бата алдық.

Сәбиінен салу керек анаға-  
Балалардың адалдығын санага.  
Ақтай алу аналардың ақ сүтін-  
Қасиетті үлкен борыш балаға.

Адал болу өзің сүйген жарыңа,  
Кір келтірмей өте білу арыңа.  
Махаббаттың ылайласаң мәлдірін,  
Балшығынан ала алмассың арыла.

Адал акта борышты ел алдында,  
Ұмытпа, берерінді бере алдың ба?  
Аялап ар-намысты қорғау үшін,  
Кияметке бетпе-бет келе алдың ба?

Адалдық әр адамға тән болғайық,  
Өмірге мән болғайық, сән болғайық.  
Сан ғасыр ақындарым жырлап өтер,  
Иллағи, таңғажайып ән болғайық.



## *Мен сағындыым*

Мен сағындыым астықты алқап қырманды,  
Егінжайдың етегінде тұрганды.  
Комбайндар сабын түзел далада,  
Дүрілдеткен даңғазалы думанды.

Был жауғап қалың қарға далам бай,  
Диханшымын, қалай қалам қуанбай.  
Жазғы жауын хабаршысы осы қар,  
Мол астыққа үміттеңің, табам жай.

Қарлы боран толтырыснышы алқапты,  
Егін шығар масақтары салмақты.  
Диханшылар дайындығы дәйекті,  
Көктемгі іскес дайындығы жан-жақты.



## *Биліктің назарына*

Мәңгілік бостандықтың жеткені хақ,  
Елімнің тығырықтан өткені хақ,  
Алдыңғы жұрт қатарлы өрге орлең,  
Қарыштап, өркендеуі, өскені хақ.

Қазақтың шам-шырағы жанғаны хақ,  
Аз жылда асқар асу алғаны хақ.  
Еңсөлі елу елге қосылуды  
Үран қың, әлемге жар салғаны хақ.

Сенеміз, болашақтың жарқыны хақ,  
Халқымның құлашы кең, қарқыны нақ.  
Тілейміз құт-береке, баянды бақ,  
Жұлдызың жарқырайтын туды гой шак.

Бағыт ап өркениет әлеміне,  
Төрінс шығамыз деп әнс-міне,  
Жүргенде өкінішті бір жәйт бар-  
Қарттарың тұрмыстың түр әлегінде.

Солар ғой ел іргесін қалағандар,  
Сансызың-ау олар жеңген «Аламандар».  
Алганы бергеніне лайықсыз,  
Көмекі күн коруде адад жандар.

Миллиард, трillionнан қандай пайда,  
Қарғтарым қамқорсыздай жүрген жайда.  
Төзімді қариялар жүдегенде  
Қазақтың үлкен сыйлар гүрпү қайда?!



Нарықтың бүтін әлі «ақшамы» емес,  
Он бес мың зейнетақы ақша емес.  
Қажыған қарттарына мына тұрмыс,  
Әттең-ай, азаттықтың ақ таңы емес.

Мұн басқан қарттарымның көнілдері,  
Үсте киім көнерген өңірлері.  
Ел басы, үкіметті, парламентті  
Ойландырар зейнеткер өмірлері.

Қарттардың қайтқан өмір базарынан,  
Тозгандық байқалады ажарынан.  
Еліме есіл еңбек еткен жандар  
Қалт қалмасын биліктің назарынан!

1997 жыл.



## *Қарғыс атқыр отыз жесті* (саяси күгін-сүргін құрбаны Мағаз қазасының 70-жылдығына)

Өмірдің өкінішті еткелінс-  
Қайғылы отыз жеті өткеніне,  
Биыл, міне, жетпіс жыл большевиктер  
Миллиондардың канына бөккенінс.

Жетпіс жыл отыз жеті кеткеніне,  
Құгын-сүргін шыңына жеткенінс.  
Аналарды аяусыз жесір қылыш,  
Балаларды жетімек еткеніне.

Қатығез қанішерлер қаһарланды,  
Абақтыға қамады қанша жанды.  
Тергеудің жан түршігер тепкісінде,  
Қиналғандар қарсы алған агар таңды.

Жансызыбын десп зорлықпен мойындағып,  
Өз-озін қаралаған мойып жатып.  
Үштіктің үкімімен тұн жамыла  
Жазықсызды жайратқан сойып, атып.

Сол кездегі чекистер-дәл арсыздар,  
Іздегені болды емес пе жансыздар.  
Қарғыс атқан қаныпездер ісіне,  
Кейін білсек, жан түршігер, жан сыздар.

Чекист деген қарақшылар, жауыздар,  
Қараниет, өңшең қанды ауыздар.  
Өз елінен жау іздеген сотқарлар,  
Атасын да, анасын да бауыздар.



Көш бастаған көсемсұмақ мұртты ғой,  
Халқымызды қойдай қырып, құртты ғой.  
Көрегенсіп, тап жауымен қүресіп,  
Басы айналып, шаталанып қыртты ғой.

Облыста жеті мың «жау» табылды,  
Түгелімен абақтыға жабылды.  
Ұл-қыздары зар еніреп артында,  
Жұбайлары жылап қара жамылды.

Сұм заманың сұрқия өткелінде,  
Өміріңнің көгерген көктемінде.  
Қылдың, қайран әке, қыршыныңнан,  
Жетпіс жыл, міне, сенің өткеніңе.

Қырық бес қылышылдаган жасың еді,  
Сен шыққан ата-тегің асыл еді.  
Еліңе адад еңбек сіңірсөң де,  
Лағнеттер өз халқының қасы деді.

Пешенене жазылып ауыр жаза,  
Жендеттердің қолынан тауып қаза,  
Көз жұмдың, мойындармай «жаулығынды»  
Өтіпсің арың таза, жаңың таза.

Аюан мұртты «көсем», көрінде өкір,  
Өмірін миллиондардың еткен нөпір.  
Айрандай үйіп тұрған қофамымды,  
Ойран сап, быт-шыт қылдың, опыр - топыр.

Қор болған зомбылыққа ғазез басың,  
Қай жерде, қай топырақ астындастың.  
Есіме түсіп кетсең, егілемің,  
Тия алмай сорғалаған көзім жасын.



Балаңмын, Болатыңмын, жетім қалған,  
Бауырында жан анамның жесір қалған.  
Айта алмай «Әке» деген асыл сөзді,  
Жетпіс жыл жылап жүріп есіне алған.

Айналдым аруағынан, асыл әкем,  
Кешірді слің-жұртың болса қатен.  
Ас беріп, дұға оқытып, ауылында  
Зинарат қылыш басыңа тағзым етем.

Қасырет әкелді де отыз жетің,  
Талайлар әкесінен қалды жетім.  
Айрылып қапа болған тірі жесір,  
Зарланып, көз жасымен жуды бетін.

Қайғылы қара заман алыстады,  
Қанша жанның есімі қағыс қалды.  
Егеменді ел болып ес жинадық,  
Кез келді күрметтейтін арыстарды.

Көп істің шымылдығы шешілмеді,  
Белгісіз не үшін үкім кесілгені.  
Құпияның ашылар кезі келді,  
Ақталды ғой абзалдар есімдері.

Зардал шеккен құрбандар балалары,  
(Көмескі заның берген бағалары)  
Үкімет немқұрайлы қараган соң,  
Белгісіз женілдіктер алары.

Тағдыр тартқан тауқымет арылмайды,  
Жан жарасы жалғанда жазылмайды.  
Заңға сәйкес жасалар жақсылықты,  
Үкімет бермей неге арындайды?!



Себебі: назары тым кем деу керек,  
Кер кеуденің наукасын емдеу керек.  
Мындалған жетімдердің сауалына  
Жауапсыз жауап жазып бермеу керек.

\*\*\*

Айтамын ашынып та, ақтарыла,  
Зұлматтың жетем бе жік-жапсарына.  
Ақыргы дем біткенине жырласам да,  
Сенбеймін тақырыпты таусарыма.

\*\*\*

Арқауы арнап жазған жырларымның  
Ноубеті отызыншы жылдарының,  
Құрбан боп жазықсыздан жазаланған  
Есімдері қазактың үлдарының.

Замананың зардабы, запыраны,  
Халқымды қасіретке батырғаны.  
Уақыт озып, өтсө де ғасыр тагы,  
Шер болып көкіректе жатыр әлі.

Болсыншы слім тыныш, халқым аман,  
Туды емес пе тәуелсіз алтын заман.  
Желпілдеп көк аспанда көк байрағым,  
Мәңгі жаз боп жайнайды жарқын далам.



Кешегі желтоқсанның зілді ызғары,  
Қозғады жанда жатқан мұңды, зарды.  
Кеңестің қаһарымен азапталды  
Қазағымның азатшыл үл-қыздары.

Тарихымның қасіретті беттері  
Куанышты келмеске енді кеткені.  
Құғын-сұргін оралмасын еліме,  
Халқым-жұртым жыламасын егіле.

### *Тымақ*

Бағалы бас киімі бабалардың,  
Қасистің мен бүгін бағалармын.  
Сән-салтым оралғанда ортамызға,  
Кисе екен сол тымақты балаларым.

Байырғы бай дәуірдің үлгісімен,  
Тігілген қырдың қызыл тулкісінен.  
Тымақты киіп алған жігіттердің  
Нұр төгілер жүзінің күлкісінен.

Еске түсіп көзіме слестеді,  
(ол да бір өмірдегі белес еді)  
Жөргегімен тымақта орағанды,  
Шала туган жеті айлық нәрестені.

Қызығам тымақтың мен – сұлуына,  
Жұмақтай жанга жайлы жылуына.  
Қазаққа заман туды, жол ашылды,  
Жанғырған сән-салтанат қуруына.



Сәүкеле, тақиялар, тымақ, бөрік,  
Өскелен өміріме берсін көрік.  
Дос сүйініп, дүшпанның іші құйсін,  
Ұлтымның гүлденгенін көзі көріп.

### *Sуреттерге қарап тұрып*

Суреттерге қарап тұрып ойланып,  
Өткен-кеткен белестерді ойға алып,  
Көз алдыңа кешкен ғұмыр елестеп,  
Адам, шіркін, кетеді екен толғанып.

Мынау менің мектептегі кезім ғой,  
Балаусадай балғын бала мезгіл ғой.  
Бір қыз менің жүргегімді тебірентті,  
Албырттықтан алғаш тұған сезім ғой.

Мынау біздің жастық шақ жалын атқан,  
Жиырма екіде жарқ етіп жарды тапқан.  
Қолыма қор қызындай құсым қонып,  
Аялаған арайлы таңым атқан.

Тұңғышым ғой жөргекте мына жатқан,  
Сағынып сұрап алған Аллам хақтан.  
Қуанышым қойныма сыймай кеткен,  
Жедел хат алғанымда ауыл жақтан.

Мынау біздің студент заманымыз,  
Омбыға білім іздеп барғанымыз.  
Талайын талапкердің ығыстырып,  
Окуға орнымызды алғанымыз.



Атақты СибАКада оқымыз деп,  
Мақтандық Орындалды арманымыз.

Мынау мен колхозда атпен келе жатқан,  
Ат арбаға таудай ғып лён артқан.  
Қол орақпен шабамыз, сноп байлап,  
Соғар жерге тасимыз дала жақтан.

Мінекей лекция залда отыргандар,  
Бес қазақ факультетте оқығандар.  
Топтанып, жұбын жазбай, бес жыл бойы,  
Тату-тәтті өтті гой осы жандар.

Ғазиз, Темен, Қайрош, мен – баламыз да,  
Уәлихан үлкеніміз арамызыда.  
Той жасап, думандатып асханада  
Гәүкешті әперіп ек ағамызға.

Мына фото Мәскеуде оқыған кез,  
Қызы-жігіттер мәз болып, отырған кез.  
Екі жыл қогамтану саласынан  
Білімді терендеп, толтырған кез.

Мынау біз Булаевтың даласында,  
Жүр едік егінжайдың арасында.  
Бидайдың атжалауна құшақ жетпес,  
Бай өнімге қуанбай қаласың ба!

Тыңда туған кеншарды басқарған кез,  
Егінжайды оруды бастаган кез.  
Ала жазда аспаннан бір тамбаған,  
Егіндерді қуартып тастаған кез.



## «... Таң қаламын» (болған оқига ізімен)

Ақсақалдың айдай ұлы болыпты,  
Өсіп-жетіп, тұла бойы толыпты.  
Өтеп келіп әскердегі борышын,  
Милиция қызметіне қоныпты.

Бір күндері кездесуге қауымга,  
Баласының бастығы кеп ауылға,  
Жатыр екен адамдарды қабылдап.  
Ақсақал кеп, отырыпты дамылдап.

Кезегімен кездесуге кіреді,  
Тоқтап тұрып таяғына тіренді.  
«—Іә, ақсақал, тыңдал тұрмын, сөйлеңіз»—  
Деп шалқайып креслода шіренді.

Отыр бастық қартқа құрмет білдірмей,  
Тұр-тұрлатын көңіліне ілдірмей.  
Ой, сұмдық-ай, шала қазақ екен ғой,  
Ол сұмырай кетті орысша шүлдірлей.

Шошынса да қылғына мынаның,  
Ашу қысқан бекітті де шыдамын.  
Әдейілеп келгеннен соң өзіне,  
Ойын түйді: «қайтсе де айтып шығамын».

«Саган менің беретін бір сұрағым» —  
Деп бастады, мен осында тұрамын.  
Толғандырып жүрген мені бір ой бар,  
Түсіндіріп берші маган шырағым.



Милицияға ақмақтарды ала ма,  
Әлде адам сонда ақмақ бола ма?  
Жат көремін қылықтарын қысынсыз,  
Түсінбеймін өзім туған балама.

Бұрын елде журуші еді әдемі,  
Тұзу еді күнделікті сәлемі.  
Милиция қызметіне барғалы  
Теріс кетті, өзгеріпті әдебі.

Кейде ауылға келе қалса «өренім»,  
Солақайлау іс-қылышын көремін.  
Үйге кіріп сәлем беру деген жоқ,  
Таңырқаймын тәртібіне «төренін».

Атын айдал шаң қылады көшсіні,  
Үй түбінен зымырып кеп өтеді.  
Таң қаламын қылышына баламның,  
Неге қызып жүр екен деп көтени.

Айтшы маган, жауап күтем, қарагым,  
Айтшы өзің, кімге кінә тағамын.  
Басым қатты бұл жұмбақты шеше алмай,  
Сенен басқа тағы кімге барамын?!

Бастық бұған қандай жауап берсе де,  
Бұл сұрақтың әділіне сенсе де,  
Ақиқаты мұның сыры тереңде,  
Шешілмейді дәл осындай кеңседе.

Оқінішті-ақ, міне, осындай үл да көп,  
Тарқататын іштің шері, мұң да көп.  
Өсіп жетіп, азғынданып кететін,  
Ата-анадан безіп кетер сүм да көп.



## *Жігіт бар...*

Жігіт бар ит мінезді, қасқыр қабақ,  
Өзінді тастайдыңдай қауып, талап.  
Отырады маңына ызғар шашып,  
Оңменіңнен өтеді көзін қадап.

Байғұстың айналасы қара түнек,  
Молада отырғандай жалғыз түнеп.  
Тұла бойы тырысып тәмен қарал,  
Болдырғандай даланың қарып күреп.

Тегіннен тегін тұрып тарылады,  
Бір созге келмей жатып жарылады.  
Сұраққа сұрапенен шап етеді,  
Долылық мінезіне салынады.

Әркөкірек өзін ол санамайды,  
Ана-мына кісіңе қарамайды.  
Ар-ұяттан жүрдай боп отыrsa да,  
Мінез-құлқын түзеуді қаламайды.

Көкірегінде наи піскен нақыр екен,  
Салиқалы санадан тақыр екен.  
Осылай жүре берсе бейшара боп,  
Азғынданып кетуге жақып екен.

Жігіттер көп осындаі, уа, халайық,  
Бет-жүздері кеткендер тым қарайып.  
Аулақ жүріп бұлардан жеркенетін,  
Қогамның арамшебі деп санайық.



## *Қайырымсыз балалар*

Баланы адам бауыр етке балайды,  
Өмірінің жалгасы деп санайды.  
Ата-ананың арманы, ақ тілегі,  
Мінсіз өсіп, ер жетуін қалайды.

Тәнірден сұрайды екен бала бер деп,  
Басына ақыл-ой мен сана бер деп.  
Қатығез, қайырымсыз болып шықса,  
Налиды екен: «шетінен ала бер» деп.

Безбүйрек, тасбауырлар туады екен,  
Белдерін надандықпен буады екен.  
Күйзелген күйігіне ата-ананың,  
Жүргегіндес қасірест тұнады екен.

## *Кейде, құргыр, ақыл жетпей қалады*

Бұл өмірде мен байымай барамын,  
Дүние емес жан байлығын қаладым.  
Ширек ғасыр менің біліп келесің,  
Бұған көзің жеткен шығар, қарағым.

Жұргиен қатар өмір сүріп келеміз,  
Аларды алып, берерді біз береміз.  
Бүгіннен де ертеңіміз сәулелі  
Екенине күмәндандай сенеміз.

Кейде құргыр ақша жетпей жатады,  
Ол әуелі ер жаңына батады.  
Күндіз күлкі, тұнде үйқы бұзылып,  
Күнгірттенер таңның атқан шапагы.

Куат кеміп, жас ұлғайып барады,  
Кейде тұрмыс ауыртпалық салады.  
Жаңыңды жеп, жегідейін отырад,  
Жұбайыңың келіспесе қабагы.

Тозім тозбай, таусылмасын -тілегім,  
Қаламаймын қатқанын да сіленің.  
Бұдан ауыр күндерден де өткенбіз,  
Ертеңімің нұрлы екенин білемін.

Кейде осылай ойга батып қаламын,  
Бір сәт босап, мұқалғандай тауалым.  
Аман жүрсем кем болмаспын, тәуекел,  
Оған кепіл – білімім мен талабым.



## **Қызылжарым**

Тарихтың тағдырласы Қызылжарым,  
Өткердің килы-қилы сыйның бәрін.  
Дүниенің түрлі-түрлі дүрбеленін,  
Дүбірін актар менен қызылдардың.

Дәуірдің куәсі сен, Қызылжарым,  
Биліктің көрдің алуан құзырларын.  
Құйтырқы саясаттың құрсауында  
Татыдың тағдырдың мол қыр-сырларын.

Жайлаган ерке Есілдің құзды жарын,  
Сүйікгі әсем шаһар Қызылжарым.  
Әзінде, алтын ұям, қанаттанып,  
Самғаган ұлагатты ұл-қыздарың.

Барлық қазақ Қызылжар деп айтады,  
Төл атауың қашан гана қайтады.  
Әзгергейік деген сыйбыс естілсе,  
Әзгелердің ұстап жүр ғой сайтаны.

Қазағымның байырғы алтын бесігі,  
Солтүстіктे тұрған елдің есігі.  
Қашанғы бұл қалар екен, япрай,  
Петр, Павел дегендердің есімі?!



## *Түркияга сапар*

(*Түркияда Хазар халықаралық  
Түркі тілдес елдердің поэзия  
форумына Қекиетаулық жаса-  
қын Алмас Темірбаев екеуміз  
Қазақ елінің атынан қатыстырылған*)

Түркия – барсам деген елім еді,  
Көптен көргім кеп жүрген жерім еді.  
Арманым сәті түсіп орындалды,  
Құдайым өзі сәтін берді енді.

Сапарға ұзақ жолға дайындалдым,  
Аттанудың мән-жайын байымдадым.  
Коржыныма не салам, не апарам,  
Сый-сияпат дегенді жайып салдым.

Заманға ылайықтап алайықшы,  
Рухани заттың бәрін салайықшы.  
Бейнег сюжет, кітап пен альбомдарды  
Сәлемдеме асыл деп санайықшы.

Мешітке жол садақа салайынишы,  
Батасын имамдардың алайынишы.  
Әке-шешем басына зинарат қып,  
Аруақтардан оң сапар қалайынишы.

Алдында ұшар ұзын жол торабы,  
Атқардым ата салтын, жол жораны.  
Аллаға құлышылық қып, дүға оқытсам,  
Еншалла, сапарында жол болады.



Ағайын аттандырды дуылдатып,  
Ақ тілек айтып жатыр шуылдатып.  
Жанатым «Мерседеске» кондырды да,  
Әкетті ескен желдей зуылдатып.

Алдағы бағыттымыз -Астанамыз,  
Бүгінгі мемлекеттік бас қаламыз.  
Төрінде Сарыарқаның қоныс теуіп,  
Аспанға асқақтаған жас қаламыз.

Сүйсінем табиғаттың әсеміне,  
Жаныңды тебірентер әсеріне.  
Ну орман, шалқар көлдер жер жаннаты  
Ерекше көрік берді жас еліме.

Қызылжар өнірінің қайыңдары,  
Жайқалған жайлы маусым айындағы.  
Жақындал жан сезімін берсен оған,  
Тіл тапсан, тілдесуғе дайын бәрі.

Көкше мен Бурабайды айтсам егер,  
Татымды табылса сөз тілге келер.  
Қанша мен суреттеуге талпынсам да,  
Айтталман дәл Сәкендей созге зергер.

Тізілген Бұланының қарагайы,  
Алланың өзі орнатқан саяжайы.  
Ауасы нәр береді қеуден керіп,  
Жасарып, құлпырады жанның жәйі.

Ақшам кезі Ақкөлді басып өттік,  
Шортанды айдынынан асып өттік.  
Түрлі түске оранған шамдар жанған  
Астананың қақпасын ашып жеттік.



Таң алды. Астананың әуежайы.  
Аспан ашық. Нұрын төгіп алтын айы.  
Алла аялап түргандай сапарымды,  
Ұшуға жайлыш екен ауа райы.

«Боинг» ұшағынан орын тептім,  
Құдайға ақ жол тілеп құлдық еттім.  
Әпсәтте жерді тастап зымырадық,  
Көтерілдік өріне аспан – көктің.

Алты сағат аспанды араладым,  
Бас айналар төмениң қарамадым.  
Таң атты, астымызда шаһар жатыр.  
Стамбул осы-ау деп шамаладым.

Ұшағымыз жұп-жұмсақ қонды келіп,  
Еншалла жолымыз да болды делік.  
Әуе жай ұшан теніз көлемді скен,  
Кіруге жүріп келем тебіреніп.

Ұшарда Елазиг маза кетіп,  
Жұрсек те тұн ортасы келдік жетіп.  
Бес жұлдыз қонақ үйге орналастық,  
Қойғандай әр бөлмесін жұмақ етіп.

«Ай күн» деген атына заты да сай,  
Қызметшілер білдірді жылы шырай.  
Сый, құрметті ерекше көрсеткенге  
Болады ғой адамның көңілі жай.



## *Bірінші күн*

Бірінші күн ашылды күткен жыын,  
Аталған ақшамдары Хазар шиыр.  
Барлығы сөйлеп жатыр түрікшелеп,  
Тұсіну болған емес аса қын.

Апарған біздің әкім аманатын -  
Елазіғ әкіміне сөлем хатын,  
Тапсырдым ресми түрде оқып тұрып,  
Оған қоса сый менен сиялатын.

Сөлемін біздің елдің қыырдагы,  
Қарсы алды бауырлар жындағы.  
Озім де толқып кеттім, толғандырды  
Мерейлі іс үлесіме бұйырганын.

Айтылды «Түріксойдың» қолға алғаны,  
Биыл да жақсы үрдістің жалғанғаны.  
Түріктің ұлы ақыны Неджип Фазыл  
Атына бұл кештердің арналғаны.

Жырлады талай елдің өрендері,  
Оқылып шаирдың сан өлеңдері.  
Бір қысқа болса да мәні нұсқа,  
Бірінің ұлан-ғайыр көлемдері.

Аяғы ән мен күйге кеп ұласты,  
Сазға толды осы кеш аспан асты.  
Әр қайсы өз өлеңін сыйға тартты,  
«Анау кім, мынау қайдан» деп сұрасты.



Тоқталды тойлы думан тұн ортасы,  
Бәсекедеп тынышталды ән ордасы.  
Есте қалар болды-ау саз сыйлығы,  
Бауырлардың өткізген той-торқасы.

### *Екінші күн*

Біз келдік. Хазар көлі алда тұрды,  
Көл аты өзімізді таңдандырды.  
Бұл қалай деп сұрадық түріктерден:  
Бауырлар ескі аңызды жандандырды.

Байыргы баба түрік мекендеғен,  
Жағасы Хазар-Каспий еken деген.  
Жер ауып осы көлге тоқтағанда,  
Бұл көлді Хазар-Каспий етем деген.

Осылай содан бері аталаңты,  
Санада Хазар аты сақталыпты.  
Үрпактар санатында сан ғасырлар  
Хазар-Каспий көлі деп аталаңты.

Қасиетті Каспийге ұқсас еken,  
Жаралған ғұмырлары тұстас еken.  
Бірлігін түбіміздің айғақтап тұр,  
Байыргы тарихымыз тұстас еken.

Каспийім көзімс оттай ұшырады,  
Тым ұқсас дарияның түсі дағы.  
Өзімді танығандай толқып жатыр,  
Айдыны кең құшагын ұсынады.



Шалқар көл шалқып жатыр, сұзы тұнық,  
Сүйсініп, іштей күліп, қарап тұрып.  
Ойладым - сан қыртыс боп, жатқан бұғып,  
Ғасырлардың сырларын алсам ұғып.

Кияға қиялымды асырайын  
Білсем деп сан алуан гасыр жайын.  
Кейідім, түсінбеппін бұған дейін,  
Қалыс қаптын, несіне жасырайын.

Бейнесіп атышулы Хазар көлдін,  
Армандал, сагынышпен әзер келдім.  
Бодандықтан жат болып кетіп едік,  
Жеткіздім мен сәлемін азат елдің.

Аспан асты театры жасалған-ды,  
Олең кепі көңілді басталған-ды.  
Түріктілдес бауырлар бас қосқанда,  
Кәрі Хазар бір жасқа жасарған-ды.

Оқылды әрбір ұлттың өлең-жыры,  
Әркімнің өзінше ғой өнер қыры.  
Тарихтың ақиқаты ақтарылды,  
Заманының бүгі-шігі, сыйны-қыры.

Сәлемін мен бердім өңірімнің,  
Баяндал жетістігін өмірімнің  
Бауырлар алдарына жайып салдым,  
Әркендең өскендігін көңілімнің.

Жалғасын данышпаным Ұлы Абайдың,  
Жырладым Мағжанымды Жұмабайдың.  
Туган жері топырағын табыс еттім,  
Төрінде тұрсын деп бір мұражайдың.



## Ұлы Мағжан

Поэзия алыбы ұлы Мағжан,  
Асыл тұлға, өр мінез, абзал ақ жан.  
Құғын-сүргін қасіретін тарта жүріп  
Айдауда, абақтыда жырын жазған.

Мағжан бабам ақындардың ақыны,  
Ғасырдағы асылдардың асылы.  
Бүгін, міне, бар әлемге әйгілі,  
Егіз біткен дарыны мен ақылы.

Ол – «Күн ұлы, көзінде Күн нұры бар,  
Күннен туған, Гүннен туған пайғамбар».  
Оттең ғана жүрегіндеге абзалдың  
Кетті-ау қайғы, қасірет пен улы зар.

«Күн шығыстан таң келеді, мен келем,  
Жер жүзінс нұр беремін, Күн берем».  
Жарқыраған Күн туарын елінде,  
Қалай білген, ол – данышпан, көреген!

Қазақ жері егеменді ел болып,  
Оркенді елмен терезесі тең болып.  
Қазақстан гүлденгенін көрмедің,  
Марқаяйық, асыл аға, сен болып.

Бүгін бір той түрік бауыр елінде,  
Тегі бірге көне түркі жерінде.  
Елазигта көшесі бар Мағжанның,  
Қуанышты бұл оқиға тегін бс?



Қазақ-түрік бауырластар біргеміз,  
Бірліктен ғой берік біздің іргеміз.  
Бір заманда тағдыр бізді бөлсе де,  
Болмысымыз бірге екенін білгеміз.

Есімізде егемендік алғанда,  
Қуанышпен әлемге жар салғанда.  
Құттықтаған бірінші бол Түркия,  
Шаттық хабар Анкараға барғанда.

Тілі бірге, діні бірге түрікпен,  
Бабалардың жұбы берік біріккен.  
Татуастық өміріміз мәні бол,  
Сан ғасырлар келеміз біз жүріп тең.

Бұл достықтан айырмасын Құдайым,  
Өркеніміз есе берсін ылайым.  
Қарым-қатынас өрістесін әрдайым,  
Келіп-кетіп жүрейік біз жыл сайын.

Мың раҳмет басшыларга мұндағы,  
Абзал жандар – Түрік елі ұлдары!  
Тойың-тойға үлассын деп тілейік,  
Қатысайық мейрамдарға жылдағы.

### *Үшінші күн*

*Төменде форель өсіретін шаруашылығы бар  
«Кебан» атты сарқырамаға саяхатқа бардық*

Кебанда сарқырама сарқыраған  
Төменде көл айданы жарқыраған.  
Балықтары жүзіп жүр жарқ-жүрк етіп,  
Асаудай жүген-құрық салдырмаған.

Таңданым таудың терең бөктеріне,  
Жамылған жасыл желек көктеріне.  
Тұрыптың қарауменен көзімді алмай,  
Жер жәннаты мәңгілік көктеміне.

Дәмхана алға тарғты балық етін,  
Тамсанып, өзің көзің тоймай жейтін.  
Қалдырган әсері мол мына жердің,  
Жұмақтың баурайында болдым дейтін.

Кебанға барған сапарымызда автобуста менің жанымда Гагауз қызы Екатерина отырды. Қасымыздағы екі қырғыз жігіті және Алмас мені әзілмен қағытты. «Бөке мына Катямен тым шүйәркелесіп кестен екенсіз» деги қалжындасты.

Сонау алыстағы Гагауз қызы Екатерина өзінің сүйкімділігін, бауырмалдығын білдіріп, «Тырналар» өлеңдер жинағын сыйлады.

Жанымдағы жас жігіттерге қарап, «Әй, әттең-ай!» дедім. Катя ол не деген сөз деп Алмастан сұрады, ол орысшага аударып түсіндіріп жатыр.

Мен Катяға: - «саған арнап , «Әттең-ай» деген өлең жазамын»- дедім.

Қонақ үйге орала сала шабыт келіп 14 ауыз өлең шығардым.

### **Әттең-ай!**

(Түркияда Хазар өлең кештерінде  
Кездескен Гагауз қызына)

Әттең-ай, әттең, әттең-ай,  
Жасымның озып кеткені-ай.  
Қыздарға баар сапарым,  
Үдайы, шіркін, сәтті еді-ай.



Әттең-ай, әттең, әттең-ай,  
Жәйімнің шыңға жеткені-ай.  
Қыз-келіншек дегенде  
Бекенің жәйі ептеді-ай.

Әттең-ай, әттең, әттең-ай,  
Отты жылдар өткені-ай.  
Күзімде келіп қалды ғой,  
Зыр етіп өтіп көктем-ай.

Әттең-ай, әттең, әттең-ай,  
Жастығым қандай тәтті-ен, ай.  
Ескертусіз кеп қалған  
Қарттығың қандай қатты еді-ай.

Гагауздың бір қызы,  
Елализта кездесті.  
Поэзия сапары  
Екеумізді тенденсті.

Ерекше еken дарыны,  
Дарынының жалыны.  
Жүректі билеп әкетті  
Өлеңінің сарыны.

Гагауздың бұл қызы,  
Гүлдеп тұрған қырмызы.  
Жыр әлемі аспанға  
Жарқыраған жүлдышы.

Онеріне көркі сай,  
Жан дүниесі өте бай.  
Әсемдігі тебіреңтін  
Жаныңды тербеп кетеді-ай



Катерина, Катя қыз,  
Катюша деп айтамыз.  
Әңгіме-дүкен құра алмай,  
Елге қалай қайтамыз.

Әттең-ай, әттең, әттең-ай,  
Жастығым тастап кеткені-ай.  
Бір қағар да қалмапты,  
Карттықтың құргыр жеткені-ай.

Сендей құска құмар-ем,  
Қырги болып ұшар ем.  
Іліп түсіп шіркін-ай,  
Аймалап бір құшар ем.

Қанатым енді талды ғой,  
Шырқаудан бүгін қалды ғой.  
Қайғырып оны қайтейін,  
Аларымды алдым ғой.

Қалжыңдаймыз сөзбенен,  
Қызығып қырағы көзбенен.  
Карттық құрық салған соң,  
Қайтіп енді өзгерем.

Катюшажан аман бол,  
Ең бақытты адам бол.  
Азғантай ғана халқың бар,  
Ел-жұртыңа адад бол.

Түс ауа Сыдық қари қонақ үйге келіп, мені үйіне қонаққа  
әкетті.

Қаланың қақ ортасында отыз пәтерлік үйдің он пәтерінде



Сыдық қаридың туған-туыстары тұрады еken. Өзі төрт бөлмелі кең пәтерді отбасымен иемденіпті.

Қаридың отбасы Қазақ елі, Қызылжар, оның азаматтары туралы жақсы білетіндіктері табалдырықтан аттағаннан-ақ сезіліп, білініп тұрды.

Улкен кішісі болып тік тұрып қарсы алып, иіліп-бүгіліп қонақжайлық танытты.

Дастарханда неше түрлі түрік тағамдары жайылған. Стол басында тек ер адамдар ғана ас іштік. Ал қаридың жұбайы Назипа, келіні Әбру, қызы Суудья, немерелері қыз бала Нұрзилал қасымызда отырып, менімен танысып, менен казақтын тұрмыс-тіршілігі жайлы әңгімемді үйып тындағы.

Өз ұлы Салам дастархан басында бізге қызмет көрсетті.

Қонақ үйге көнілді оралғанда көз алдыма өзінің мөлдір қара көздерінен от жанған, сүйкімді мінезімен Суудья қыз тұрды да осы өлең жолдарын қағазға түсірдім.

### *Суудья қызыма*

Түркияда қыз табылды әдемі,  
Тамаша еken жүріс-тұрыс әдебі.  
Оқымысты Қари қожа әкесі,  
Сондықтан кең оның білім әлемі.

Тұла бойға имандылық қонғаны-ай,  
Әйелге тән қасиеттердің болғаны-ай.  
Мұндай қызды келін қылып алса ғой,  
Әттең оның Түркияда болғаны-ай.

Кішіпейіл, жібек мінез, кең, ашық,  
Қара көздер ерекше бір нұр шашып.  
Жүрісі де қандай сәнді, салмақты,  
Қадамдарын келеді, әне, нық басып.



Сан қасиет тұл бойына тұр сиып,  
 Қарай бердім сұлу қызға сүйсініп.  
 «Жиырма бес-ай, келмеске сен кеттің-ау,»  
 Деп ішімнен налыдым ғой күрсініп.

Толықси бер жаңа туған айдай сен,  
 Тұнып тұрган тау ғұліндей жайнай бер.  
 Бақыт құсы болып қонып жұртыңа,  
 Энмен тербеп, тебірентіп, сайрай бер.

Түркияда қарсы алыш, үш күн бойы бірге болып, әрі аудармашы, әрі көмекшілік қызмет еткен Чечек Сыдық қарига айтар ризашылығым ерекше.

Біздің елде біраз жылдар дін саласында еселі еңбек еткен Сыдық қари екі ел арасында бейресми елшілік қызмет атқарып жүр.

Қазақ елін, қазақ халқын өз елінде мадақтап, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, қонақжайлышын насихаттайтынына, бізге деген ілтифатына осы жолы қөзім жетті.

Елализіп пен Қызылжардың бауырлас қалаңар болуына талаптанып жүргені белгілі.

Тұыстарды табыстыруға, бірлігімізді біріктіруге, қарым-қатынастарымызды нығайтуға Қаридың қосқан үлесі айтарлықтай.

\*\*\*

### *Төртінші күн*

Таңертең қонақүйдің қонақжайлышына раҳметімізді айтып, қоштасып Елализіп өуежайынан ұшып Стамбулаға келдік.

Өзбек, қыргыз, түрікмен бауырлармен бірге жеттік. Жолда келе жатып, жас айырмашылықтарымыз алпақ болса да, ойнап, күйіп, әзілдесіп отырдық.



Біздің рейс кешке болғандықтан Алмас екеуміз метро арқылы Стамбулға тарттық.

Атақты Ақсарайды араладық, Ауылға Түркиядан аз-мұз ескерткіш бұйымдар алдық. Әуежайға оралдық. Тіркеуден өтетін уақыт жақындалы, Алмасым сасар емес. Дарынды ақындарга тән бейқамдық танытып, әлі өртеге басып жүріп алды. Тықырышыған маған: «Сіз барып тіркеуден өте беріңіз» деген соң барсам, біздерді тіркейтін жер басқа жерде болып шықты. Ол орынды аңгарарадай әуежай ішінен жүгіре басып арапап зорға таптым. Тіркеуден өттім. Ұшаққа отыру басталды. Алмасым жоқ. Екі көзім төрт болып, есікке қараумен уақыт ұшуга таяды.

Қысқасы Алмасым Стамбулда қалып қойды.

Айналайын, Алмасым,  
Стамбулға барғасын,  
Астанаға қайтарда  
Ұшақтан кеш қалғасын,  
Ұшып кеттім, қайтейін,  
Екі көзім талғасын.

### *Oй түйіні*

Не көрдім? Не білдім?

Тұысқан Түрік елін көрдім, табиғаты сұлу жерін көрдім, тұрмыс-тіршілігін, өркенді мәдениетімен таныстым.

Бұл сапарымда түрік халқының қазаққа, әсіресе, ұлы ақыннымыз Магжанға деген ерекше ілтифатын білдім. Бұл туралы айту өзіне бөлек ұзақ әңгіме. Тек айтарым, 1921-22 жылдары Түркия азаттық үшін соғысып жатқанда өз басы тәлкекте жүрссе де «Алыстагы бауырыма» атты өлеңімен түрік халқына жанашырлығын білдіріп, рухтарын көтергені белгілі.

---



Елазиг қаласында Мағжан атында саябақ, көше, онжылдық мектеп бар. Анкараның бір ауданында Мағжанға ескерткіш орнатылғанын гана айтсам көп нәрсені аңгарамыз.

Түрік халқының кинолардағыдай емес шын мәнінде қандай екенін, ақ көніл, жылы жұз, қонақжай, бауырмал биязы мінездерін көрдім.

Евразия құрлышындағы барлық түріктілдес елдерден жиылған поэзия өкілдерін көрдім, бәрінің жандуиссінің бірлікке құштарлығын байқадым.

Фасырлар бойы кер заманның кесапатынан бір-бірінен кез жазып, ажырасып қалған түркі туыстар сонау бабалардың сағынышын алып келгендей ыстық жүрек сезіммен қауышқанын сезіп, ерекші мені ойтолқыны биледі. Жиі-жій көрісуге құштарлық көніл туды.

Шығармаларымызben, мекен-жаймызben алмасып, көріскеңіле күн жақсы деп қоштастық.

Ылайым, түрік тілдес елдеріміздің аспаны ашық, жұрты тыныш болғай!

*Қызылжар, Астана, Стамбул, Елазиг.*



## *Анајсан, аруагыңнан айналайын*

Күғын-сүргін өмірге кесір болып,  
Жан ана жастай қалдың жессір болып.  
Бір жасымда әкемнен айрылышын,  
Сәбіліктен өсіппін жетім болып.

Анашым не кормедің, не көрмедің,  
Откердің нәубеттердің көлдененеңін.  
Өңгеріп қыр арқана тауқыметті,  
Жардан құлан, құзына ормеледің.

Төңгенде тас төбеден қауым зары,  
Кезікті кесапатқа «жаудың» жары.  
Қайраты мен қайсары қарсы турды,  
Езбеді тағдырыңның ауырлары.

Япырай, не өтпеді басыңыздан,  
Солақай, содыр, сұмырай қасыңыздан.  
Белшеңнен батқан сениң бейнетінді,  
Қайтейін, көріп өстік жасымыздан.

«Халық жауы қатыны» деген атақ,  
Басыңа басылғаны болды шатақ.  
Жүрек жарып, тұл бойың қалтыраган,  
Жан аязы, үскірік тұрды қақап.

Өз елінде айдауда жүргенінді,  
Жалшылық, құлдық өмір сүргенінді,  
Күндіз-түні тынымсыз еңбек етіп,  
Еңіреп, етек-женді түргенінді.



Кеткенде тәркіленіп мұлік-малын,  
Тамтырап тұрса дағы мүшкіл халың,  
Қылқындырып қысады жандаралдар,  
Төнеді төлетуге салық-алым.

Естідім агенттердің боктаганын,  
Ұрысып, ұруға да оқтанғанын.  
Салық төлей алмаған сорлыларды,  
Кердік қой содырлардың соттаганын.

Сендей көп тарих жүгін арқалаған,  
Жетісу, Алтай, Атырау, Сарыарқадан.  
Талай-талай шерім бар бұғып жатқан,  
Қасіреті әлі көп тарқамаған.

Ерліктерің мәңгілік сақталады,  
Ұрпақтардың жадында жатталады.  
Ардақтап абзал, асыл аналарды.  
Ерекше есімдері аталады.

Анажан аруагыңнан айналайын,  
Рухани мұраңменен бай болайын.  
Ұлагатты ұлың боп өмір сүрдім,  
Әлі де есіміңе сай болайын.



## *Айналайын, баба тілі - ана тіл*

Айналайын, баба тілі - ана тіл,  
Бар ма әлемде дәл өзіңдей, дана тіл!  
Қазыбек би, Әйтке би, Төле би,  
Бұхар жырау шындал кеткен дара тіл.

Он сегіз жыл егемендік алғалы,  
Іргелі ел боп бағымыздың жанғаны.  
Мемлекеттік тіл деп айтып жүрсек те,  
Толықтыру керек бол тұр заңға әлі.

Қосалқы тіл, жетім тіл бол жүр әлі,  
Бола алмай тұр халқымыздың ұраны.  
«Ұлы» тіл деп ұлықтауды доғарып,  
Іске көшсек көп сөзден, тіл туралы.

Өмірден ол өз орнын алмаса,  
Дамытайық деген сөз бол қалмаса,  
Үзақ жылдар жетімдіктен арылмас,  
Тілдің нақты ұранысы болмаса.

Біздің тілде сайрап жатыр өзгелер,  
Уақыт жетті тілге құрмет өзгерер.  
Есқа үлтты тілге үйретіп әлекпіз,  
Ойланайық, өзімізге соз келер.

Намыс қайда!? Ашылсыншы көзіміз,  
Ана тілді менгерейік өзіміз.  
Бізге қарап жат түңілсін, қызығып,  
Сәнді, мәнді шықса сөйлер сөзіміз.



Бекер емес айтылуы «Ана тіл»,  
От басында тұмасыншы шала тіл.  
Жұз отыз үлт өкілдері жайлаган,  
Елімізде болсыншы бұл тіл-ара тіл.

Өркен өссін, өрістесін тіліміз,  
Тіл түзелмей, түзелмейді діліміз,  
Діл көркейсе, қанат жаяр тіліміз,  
Сонда гана түзелер-ау мініміз.

## *Қылыш*

Қылықтың қылы-қылы тарамы бар,  
Қылықтың жаксысы бар, жаманы бар.  
Қылық деген адамның қасиеті:  
Қылықтың адалы бар, арамы бар.

«Болар бала» бесіктен дейді халық,  
Ойлап тұрсақ бұл сөздің мәні анық.  
«Не ексең, соны орасың» нақыл сөзге,  
Бала өсірген ата-ана әбден қанық.

Сәбиінде баланың қылығы көп,  
Жақсысына сүйсініп, мерейін тоқ.  
Жат қылығын абайла мезгілінде,  
Дұрыс багыт бере біл тиердей дөп.

Өмірге адал үрпақ әкелейік,  
Өрімдей гып өсіріп, мәпелейік.  
Бақытты болсын десек болмысымыз,  
Сүйкімді бала өсіру – борышымыз.



Жас ұрлағым жайқалып, өссін қаулап,  
Әрбірі жат қылықтан болсын аулак.  
Иманжұзді, жайсаң жан арамызда,  
Өзім түгіл, өзгені алсын баурап.

Шылыштардан қылықты айырайық,  
Жат қылықтан безейік арылайық.  
Бабалар өситетіне сай болайық,  
Оларда зор гибрат бар лайық.

### *Не көрмәді қазағым, не көрмәді*

Не көрмәді қазағым, не көрмәді,  
Нелер нәубет басына кеп төнбеді.  
Егемендік еліме келмегенде,  
Қалып еді үлтүміз тек өлгелі.

Ресейдің жүзденеген жыл заманында,  
Тапжылмай тапталдық қой табанында.  
Құл болдық кісенделген аяқ-қолы,  
Қамалдық бодандықтың қамалында.

Билеп-төстеп бөтендер елімді алды,  
Басып кіріп кең байтақ жерімді алды.  
Шетелдік шекелері шылқығандар,  
Жер қойнауын қопарып кенімді алды.

Бостандыққа бастаған батырларым,  
Тәүелсіздік көксеген асылдарым,  
Алпауытпен алысып құрбан болды,  
Тарих куә-бәрінің атылғанын.



Большевиктер билікке келді дағы,  
Дүрбелен әңгімдегі елді тағы.  
Кеңестің коммунизм нұрын тостық,  
Халқымның жанады деп енді бағы.

Сорақы саясаттың құлыш болдық,  
Отан сүйгіш «бақытты» ұлыш болдық.  
Алақайлап алды-артты аңдамаппыш,  
Әкіметтің құнсыз бір пұлыш болдық.

Сталиннің сұмырай саясаты,  
Орнатып жұмақ сынды сая бақты.  
Оз халқынан іздеген халық жауын,  
Шетінен қырып-жойып аямапты.

Қол бастар, қогамымның қаймагы дер,  
Тәуелсіздік таңдаған қайраткерлер.  
Жанкешті абақты мен лагерлерде,  
Қыршынан қайрылды қайран ерлер.

Міржақып, Ахмет, Сәкен, Магжандарым,  
Ілияс, Бейімбеттей ақ жандарым,  
Қазақтың қамын ойлап құрбан болды,  
Коре алмай оз халқының бағы жанғапты.

Геноцид саясаты қастық қылды,  
Малды алып, қолдан жасап аштық қылды.  
Ажал жұтып қырылған миллиондар,  
Жер –Ана - қара жерді жастық қылды.

Қазағым өз елінен өзі қашты,  
Үстіртін, жасырынып Қытай асты.  
Зарланып, зар еңрең, «Елім-ай» лап,  
Наналап шөл даланы, тау мен тасты.



Ұмытып баба тілі – ана тілді,  
Қолданып ала-құла шала тілді.  
Құдай-ау, советтік бір тұтас үлт боп,  
Қадам бастық құруға жаңа тілді.

Алланы аузымызға ала алмадық,  
Құдайы үй мешітке бара алмадық.  
Жалтақтап, жасырынып қолды жайып,  
Ораза ұстап, құрбан мал шала алмадық.

Әйтеуір қазақ деген аты қалды,  
Мәнгүрттікке бір гана саты қалды.  
Тағдырдың тәлкегінен тәлтіреген,  
Қайран қазақ қайранда қапы қалды.

\*\*\*

Тәуелсіздік әкелген атты таңым,  
Қамыққан қазағымның ашып бағын,  
Болжаулы болашағым айқындалды,  
Құт-береке ертенге емес сағым.

Бөленип ертең сол таң шапагына,  
Жетеміз еңсөлі елдер қатарына.  
Күмән жок, күлпүрады Қазақстан,  
Сара жол, сайданды бұл сапарында.

Теңеліп тереземіз өршил елмен,  
Көш алда кеттік біз көршілерден.  
Өзіміз өркениет елге айналдық,  
Кешегі көштеге қалған көшпелі елден.



## **Жетпістен жасым асқан соң**

Жетпістен жасым асқан соң,  
Шашынды қырау басқан соң.  
Олқылық кіре береді  
Басқа жерге бастан соң.

Кәрілікті сезініп,  
Еңкейе берсең езіліп,  
Өміріңнің бар көркі  
Қашады сенен безініп.

Етек-женің түре бер,  
Қатардан қалмай жүре бер.  
Өзіңе лайық іс тауып,  
Белсенді өмір сүре бер.

Отырып қалсанғ меппел бол,  
Басына түсер кесел көп.  
Қимылдай бер, қарманың,  
Өмірден алар есеп көп.

Біреуге жаздай жасылсың,  
Біреуге көне ғасырсың.  
Біреуге бейнет, масылсың,  
Біреуге әлі асылсың.

Салбыратпа мойнынды,  
Шірітпе бұған ойынды.  
Күні бұрын берілмей  
Сергек ұста бойынды.

## *Жетпіс бір*

Жетпіс бірдің жетегіне жегілдім,  
Нені жендім, нелерден мен женілдім.  
Тағдыр сынын, әлде сынын тартар ма?  
Аямастан ауыры мен женілін.

Аман журсем сексенге де жетермін,  
Омір-өзен өткелдерін өтермін.  
Кемімесе құдай берген қуатым,  
Тоқсанға да томпаң басып кетермін.

Не берсе де қайырымен берсе екен,  
Әuletіме құт-береке келсе екен.  
«Ата, ата!» лап арсаландаپ соңымнан,  
Немерелер, шөберелер ерсе екен!

«Жұғыспасын қазымырлық жексүрін,  
Қазына шал болсам шіркін»-деп тұрмын.  
Тойған қозы сияқтанып томпиып,  
Отыра алсам деп уайым жеп журмін.

Берген жасты аз деп, көп деп өлшетіп,  
Қайғы-қасірет, бейнетінді көрсетпе.  
Үрпағыңың багы жансын жалындал,  
Мениң атым бықсып барып соңсе де.

Жетпіс бірді желкелермін жекіріп,  
Қылтың-сылтың қылықтарын кетіріп.  
Аллам өзі алмаса егер бергенін,  
Бұл жастан да өте шығам, секіріп.



## *Жетпіс екі*

Бүтін менің туған күнім болыпты,  
Жетпіс екі деген жасқа толыпты.  
Сындырмайын десем дағы қырымды,  
Сұм кәрілік жағалап кеп торыпты.

Жетпіс екі көп пе екен, аз ба екен,  
Суы азайған шалшық екен, саз екен.  
«Тәубе» дейді тіршілікке төзімтал  
Жақсылықты алдан күтіп қазекен.

Жетпіс екі аз ба екен, көп пе екен,  
Ұлы той ғой коргеніміз көпшенен.  
«Сабыр тубі сары алтын» деп жүретін,  
Алла сынын жазғаны деп сөкпеген.

Буындарың сырқырайды қақсайды,  
Іс-қимылың кәрілікке бастайды.  
Күнделікті құйбенінді көпсініп,  
Бұл сұмырай қалжыратып тастайды.

Жуасытың, жігерінді күм қылып,  
Әр нәрсені өткеруді мұң қылып.  
Отырасың өткенінді еске алыш,  
Көз алдыңа оралады мың қылық.

Көңіл-күйің кейде болар тым сынық,  
Кейде дауыл, кейде шуақ, тым-тымық.  
Шіркін, бетім ештеңеден қайтпаған,  
Мойып, сынып, қалады екен қымсынып.



Жетпіс екі сексен екі емес қой,  
Өзгеше бір өзің өтер белес қой.  
Көңіл байгүс көк дөңсідей жүйрік-ау,  
Арман-қиял алдындағы елес қой.

Әр жыл санап жақындастың сзызықта,  
Адам басы тойған ба еken қызыққа.  
Дәрменің аз, көзбен атып жүресің,  
Байгүс басың құмартып та, қызып та.

Жетпіс екі қарап тұрсам көп емес,  
Әрине ол жазғы кілем көк смес.  
Тұла бойың көлкіп жатқан көл емес,  
Дегенмен де құлазыған шөл емес.

Алла жазса, мүшелден де өтермін,  
Анама ұқсап сексенге де жетермін.  
Бұл өмірге адам болып келген соң,  
Адам болып, адад болып өтермін.

2008 жыл



## Жетпіс үшке аттандым

Жетпіс үш мүшел жас боп саналады,  
Сол меже мені міне жагалады.  
Алдында тас қамалдай мұнарланып,  
Дегендей «Мені қайсың ала алады»

Жетпіс үш тар жолға әкеп тірейді екен,  
Пендеріміз ғой дегенмен үрейлі екен.  
Аман-есен өтсем де мүшелімнен,  
Әр адам Алладан кеп тілейді екен.

Жетпіс үш, жүрсің нені көздегелі,  
Лайлақтысың: «Не болса да төз» дегелі.  
Құрдастар, құрығына бас тоспайық,  
Қашанғы бола бермек өз дегені.

Бұл емес күш-куаттан айрылар кез,  
Мұдіріп болдыруға багынар тез .  
Біз әлі талай шайқас өткіземіз,  
Жетпіс үш саған айтам, осыны сез!

Алыста емес алдағы көрер қызық,  
Арасында журерміз шеке қызып.  
Өткерер сапар да бар, сахар да бар,  
Тек алыстай берсе екен жетер сыйық.

Кемімесін қарттарым қатарлары,  
Әжімделіп солмасын ажарлары.  
Қалған ғұмыр бақытқа толы болсын,  
Аз болмасын арайлы ақ таңдары.



## *Mүшел жас*

Мүшел жас ерекше екен жетпіс үшін,  
Сынайтын кезең гой бұл ердің күшін.  
Қарбаласиен қартығым келіп қалды,  
Өмір сүре алам ба өзім үшін.

Жетпіс үшті көп жас деп көрдік бұрын,  
Кім білген бұл меженің қырын-сырын.  
Өмірге адам көзі тоймаган гой,  
Корсек дейміз сексенің түсін-түрін.

Атамыздың шошаласы ішінде,  
«Сәуір айы кіші бесінде,  
Дүниеге келіп едің құлыным»,  
Анамыздың деген сөзі есімде.

Не өтпеді содан бері өмірде,  
Бәрі-бәрі тұнып жатыр көңілде.  
Тағдыр мені еркелетпей қойса да,  
Өрмеледім шықтым ғұмыр өріне.

Құттықтаңдар мені, абзал агалар,  
Өздеріндей мені қай жан бағалар.  
Құттықтаңдар тете өскен женгелер,  
Жан сырымды сендердей кім ұғалар.

Құшып-құшып құттықтаңдар, ұл қыздар,  
Құрметтейтін еркелейтін балдыздар.  
Әкесіндей қадірлейтін келіндер,  
Немерслер, жиендерім, келіндер.



Сенем алда талай ұзак құн барын,  
Жолымызда жайнап өскен гүл барын,  
Алла берген межесіне жетерміз,  
Тек қасымда аман жүрсін Күннәрім.

### ***Жетпіс төрт***

Жетпіс төртті жамбасқа алып ұрдым да,  
Женісіме риза болып тұрдым да.  
Желе отырып жетпіс бестің аулына,  
Аландамай аттың басын бұрдым да.

Артқа тастап өткенімді келемін,  
Алдыңдагы болашаққа сенемін.  
Нұрлы құндер, сырлы құндер тосып тұр,  
Арман-қиял жетегіне еремін.

Жетпіс бестің белесін де алармын,  
Тәбесіне жалауымды қадармын.  
Сол биіктен күлімдеген көнілмен,  
Артыма бір, алдымға бір қаармын.

Алла білер тағдырдың не жазарын,  
Қандай болар мен көретін базарым.  
Жүртімьыздың тыныштығын тілеймін,  
Көрсем деймін елдің нұрлы ажарын.

Сексеніңдің сенгіріне жетермін,  
Құдай берссе одан да асып кетермін.  
Ден сау болса тұғырымды түсірмей  
Өмірімді сары алтын күз етермін.



Білеміз ғой бұл өмірдің жалғанын,  
Аз демеймін бергенін де, алғанын.  
Тіршілікте қызыққа кім тояды,  
Шөберелер көрсем деймін арманым.

### ***Жетпіс бес***

Жетпіс бес те жетілті желіп жортып,  
Бұл белесті қарсы алам сезім толқып.  
Төрттен үшін ғасырдың жолын өттім,  
Кез келді өткенімді алар қорытып.

Сақал, шашты шалды бүгін ақ қырау,  
Тізбектессе өткенді ұзак жыр-ау.  
Бала жастан қарттыққа жеткенімше,  
Кез алдымда өткерген өмір түр-ау.

Бәрін айтсам алысқа асып кетем,  
Кей жайытты еске алсам, жасып кетем.  
Қызығымнан шыжығым көп болғанын  
Қозғасам жан қотырын қасып кетем.

«Аллага шукір»- деймін бүтінгі күн,  
Алыстады өзімнен қайғы мен мұн.  
Әттең ғана жастықты аңсаймын-ау,  
Кей істерде жігерің болады құм.

Бақытты ата болдым, міне, қазір.  
Бала алтау, немере тогыз әзір.  
Қасымда күдай қосқан қосағым бар,  
Маған деген әзірге болам мәзір.



Жолым адал, жат істен мұлде азатын,  
Тамақ тоқ, көйлегім көк, тап-тазамын.  
Шабыт кеп, шат-шадыман болса бойым,  
Отырып азды-көйті жыр жазамын.

Бұйырса анам жасы сексенге кеп,  
Арманым бар аман-сая жетем бе деп.  
Санаса да санаулы қалған жасым  
Ойлаймын сәнді, мәнді өтсем бе деп.

\*\*\*

*Мединеде Мұхаммед,  
Түркістанда Қожа Ахмет,  
Маңыстауда Пір Бекет.*

Тигізген бар әлемге шапағатын,  
Танытқан шұғылалы парасатын.  
Сәүлетші, ағартушы, баһалурді,  
Пір тұтқан мұсылман ел Бекет атын.

Бекет ата гылымның көзін ашқан,  
Ұрпағына білімнің нұрын шашқан.  
Адамзат абзалдары – шәкірттері,  
Кімді айтартмыз ұстаз деп, бұдан асқан.

Дара тұр, биіктегі тұр өзгелерден,  
Даналығын дәттеуге сез жетер ме.  
Адами қасиетін паш еткенде,  
Бабамың тереңіне коз жетер ме.

Мерейтойын бастады тұған жері,  
Дүбірлі той жасауда қазақ елі.



Баба есімін қастерлеп, жырға қосып,  
Ән - думанға бөленіп сай мен белі.

\*\*\*

Ұлы тойға қуанып шаттандық біз,  
Бел буып, білек түріп баптандық біз.  
Қызылжар өнірінің өкілдері,  
Жол сапарға ұжым боп аттандық біз.

Жол азығын, дәм-тұзын алдық, басып,  
Келеміз көңілденіп, асып-тасып.  
Шымкентке жеткенді біз байқамадық,  
Құліп-ойнап, әзілмен қалжындастып.

Бұл тойың басқа тойдан басым тұсті,  
Дәрежесі ойдан да асып тұсті.  
Үш жүздің басын қосқан бірлікпенен,  
Бекет ата тойы өтті аса қүшті.

Бәрі сай бабамыздың арманына,  
Бәрі мәз бұл жиынға барғанына.  
Пір Бекет рухына тағзым етіп,  
Рухани асыл азық алғанына.

Мадақтап қайттық баба ұлылығын,  
Ұрпаққа қалдырғаның ұлы құнын.  
Келеді ел иесі, жер киесі,  
Елеп-жебеп ұрпагын, ұлын, қызын.



\*\*\*

Бұл заманның Бекеті айналайын,  
Той өткіздің көл-косир анадайын.  
Игілікті көп істің басындасын,  
Жүресің өткеруге әсте дайын.

Екенсің елін сүйген ер азamat,  
Озіңе риза боп жүр жүрт - жамағат.  
Санаңда, жүрегінде ел мұддесі,  
Откені, келешегі жүр мазалап.

Солтүстік, оңтүстікті біріктіріп,  
Шетінеп кеткен тұсын кіріктіріп.  
Екі елдің елшілігін атқарасың,  
Біріне бірін туыс, ілік қылыш.

Бауырым, ұзак болсын өмір жасың,  
Әрдайым өрге өрлесін өнер тасың.  
Ірге берік, шаңырақ биік болсын,  
Бақытқа тола берсін өз отбасың.

\*\*\*

Пойызга таңсәріде алдық мініп,  
Таңғы ас бойымызға кетті сіңіп.  
Тағы да басталды енді ойын-қалжын,  
Әзілмен бірін-бірі қагып-іліп.

Жоқ жерде біреумізден мін табамыз,  
Әдейі жабыламыз, мін тағамыз.  
Еріккен орақ тілді түгел шешен,  
Аңдысып, қалыс кеткен сөз бағамыз.



Әуелі жармасамыз ағаларға,  
Әзілді олар түсінер, шамалар да.  
Білеміз, қақыларын жібермесін,  
Қыздырсақ жынымызды қаға алар да.

\*\*\*

Қайролла ағам байсалды, үндемейді,  
Оқиды күн демейді, түн демейді.  
Басқада шаруасы жоқ, өз-өзімен,  
Алга озган ешкімді күндеңейді.

Ассалаумагалейкүм, асыл аға,  
Құрметті, қадірлі гой басың аға.  
Оңаша келіншекпен тұнеп шығып,  
Жас қосылды өзіңе жасың, аға.

Тұнеген сенименен сары келіншек,  
Тұл бойы жарқыраған сал келіншек.  
Ағамның көніліне қарап тұрсам,  
Ұнаған корінеді бал келіншек.

Ағамыз келіншекпен табысыпты,  
Көңілі-көңіліне қабысыпты.  
Бұл сөздің бүлжымас бір дәлелі ғой,  
Сары келіншек ағама жабысыпты.

Арада Қаке нағыз жігітіміз,  
Ақталды оған артқан үмітіміз.  
Ағажан бұл ісіңе ризамыз,  
Жемісті болды әйелге үгітіңіз.



Куаты мол, шаршамайды, талмайды,  
Ер жігіттер қатарынан қалмайды.  
Кыз келіншек топ жігіттің ішінен,  
Не сыры бар, ағамызды таңдайды.

Адымдай бер, алға басып тосынбай,  
Жұрсін, міне, шал сапына қосылмай.  
Үндемей-ақ тындырады істерін,  
Біздің агай, менің ағам осындей.

\*\*\*

Арамызда ерекше жүр Зеке аға,  
Билеп-төстеп үйренген жеке дара.  
Қармағына іліксе хан балығы,  
Бөліспейді ешкіммен екеуара.

Бір вагонда келеді кара кемпір,  
Үстінде қоңыр көйлек, кара жемпір.  
Ерні қандай, шіркін-ай, мұрны қандай,  
Қаралардың сұлуы тамсанғандай.  
Жоқ шығар елімізде бұған тең түр.

Зеке аға салған бетте жуықтайды,  
Мұндайды ол ешқашан да сұытпайды.  
Қорғаштаң, билеп алды жалғыз өзі,  
Інісі Сәкенді де жуытпайды.

Осы тұн Зеке ағаға күш бітпеді,  
Өкінішті, не керек, іс бітпеді.  
Торғайдың торсық бетті торы әйелі,  
Налыды, еш кеткен соң көп күткені.



Кемпірге көзін салған інінсі де,  
(Ағасы бере қояр тірісінде).  
Қызганып бір-бірінен таң да атты,  
Келе алмай келісімге, бітісімге.

Кемпірді әрқайсысы зият қылды,  
Ақыры аға-іні ұят қылды.  
Дегендей «саған да жоқ, маған жоқ»  
Көргем жоқ қызганшақтар сияқтыны.

\*\*\*

Социал еш адамнан ығыспайды,  
Ұжымның шаруасын нық ұстайды.  
Азықтың берекесі берік қолда,  
Колхоздың завхозына тым ұқсайды.

Сәкеңнің арқасында тамақ та тоқ,  
Тоқ болған соң, әрине, көңіл де көк.  
Бірін-бірі түрткілеп, іліп-қаккан,  
Шалдықпаған шалдардың сөздері көп.

Сәкеміз -- тамаша бір азамат қой,  
Әйелге көз салуға ғаламат қой.  
Қарынлас Мейіз қажы асыл жарың,  
Қойсанышы, осы саган қанагат қой.

«Аға-ага» деп Зекене жармасасын,  
Ізетті іні болып жанасасын.  
Сол кемпірді ағаннан аядың ба?  
Құрлас деп қызғаныши пен таласасын.



\*\*\*

Келеді бізбен бірге Жанат інім,  
Ән шырқап, тамылжытып тәтті үнін.  
Ағалардың қонілін көтерді ол,  
Аянбай бізге арнап екі күнін.

Вагонда келе жатқан арамызда,  
Ән арнап көзі түскен қара қызыға.  
«Шашыңнан иіскейін, тиіспейін»  
Дегенде толқымай біз қаламыз ба.

Ән салды жүргегімен тебіреніп,  
Құшуға, бір сүюге еміреніп.  
Жүргегін шымырлатып, жанын тербел,  
Тұргандай құшагына келіп, еніп.

Елігіп, есенгіреп құледі қыз,  
Емес қой ол байғустың жүргегі мұз.  
Туған айдай толықсып, балқып отыр,  
Япыр-ай, құлпырды да, тұледі қыз.

Уа, шіркін, жал-жас ару еріп тұр-ay,  
Тұл бойын ғажап күйге беріп тұр-ay.  
Жанаттың жанын тербел, жібіткенге,  
Елес бол, құшагына еніп тұр-ay.

Қайтерсің, қайран жастық өтіп кетті,  
Сұмырай, сұм кәрілік келіп жетті.  
Қызығып та, қызынып жүрер ме едік,  
Қарттық-ай, қайратынды желім етті.



Әйтпесе мына аруды көрер едік,  
Тіл тауып тамагынан өбер едік.  
Кыз десе қызып кетер қазақтың гой,  
Сезімнің жетегіне көнер едік.

\*\*\*

Қосылған Габит інім салды әнін,  
Келтіріп әр сөзінің сәнді мәнін.  
Айтыскер ақын екен айналайын,  
Көркейтті агалардың алқа сәнін.

Жап-жас боп өнеріне таң қалдырыды,  
Қоңыр жәй сүйкімді әні тамсандырыды.  
Көтерді көнілдерін аталардың,  
Әзілдің ашып тастап ақ сандығын.

\*\*\*

Біржан жұр қызмет қып ағаларға,  
Дәл мұндай ағаларды таба алар ма?  
Ән салып, шәйін беріп, бабын тауып,  
Істеген ізетіне баға бар ма?

Разы қадіріңс агаларын,  
Береді ақ ниетті баталарын.  
Ақ көңіл, кең пейілді дәл өзіндей,  
Жігіт боп өссін өзің балаларың.



\*\*\*

Жер қозғалса қозғалмай Таңат отыр,  
Той қызығын сараптап, санап отыр.  
Жолда өткен күндердің тамашасын,  
Той-думан жалғасына балап отыр.

\*\*\*

Оралдық елімізге коніл толып,  
Кез көрген қызықтарды оймен шолып.  
Ұзақ жыл есте қалар бұл оқига,  
Әр өңірге өнеге, үлгі болып.

*Қызылжар, Шымкент  
Қазан, Қараша 2010 жыл*



## *Орындалмаган тапсырыс*

Тапсырысы Гүлнәрдің жанды екен,  
Балдызымың ұйқысы қанды ма екен.  
Тұскі асын бермеді қайтейін-ай,  
Былқытқан тағамдары дәмді ме екен!

Тұскі асқа көзім талып, қарадым-ай,  
Уақытты минутымен санадым-ай.  
Орында май апаңың тапсырысын,  
Үят болды-ау, Айгүлжан, қарағым-ай.

Бұдан кейін сендерге сенер ме екен,  
Тапсыру енді ойына келер ме екен.  
Тапсырып үшінші рет айтсан дағы,  
Балдыздар шайын қойып берер ме екен.



Шымкентте откен Бекет аттының 260-жылдык тойында.



Преснов селосында Кожаберген бабамъздын  
есімнен арналған жиында.



Түркияда өткен халықаралық түріктілдес елдердің ақын - жазушыларының поэзия форумында. Елазих облысы әкіміне С.С. Біләловтың аманат хатын тапсырып тұрған кез.

Ақсақалдар алқасының отырысында.





Астанада өткен азаматтық форумда.

Солдан онға қарай: досым Октябрь, Күннэр, мен және Рақия  
2000 жыл.





Медеуде: бауырым Фазиз, қыздарым Бейнегул, Жанар,  
жиендерім Әсимә мен Темірлан.

Оңнан солға карай: Куат Есімханұлы, мен және жиенім  
Темірлан.





Газиздің 60-жылдық мерейтойында.

Зеренің жасқа толған тойында оңнан солға қарай: қыздарым  
Динара, Айгүл, Зере, мен, Альбина, Күннэр.





М. Әуезов театрында Кенескүлмен.

Сүйікті немерем Альбина.





Амангелді елуде.

Москвада Жоғары партия мектебінде оқып жүрген кез.





Газиз бен Күлбэрэм немересі Асланмен.

Мен және Асанәлі Әшімов.





Жан жарым Күннэр.



## *Aрамтамақ*

Көріп жүрміз арамтамақ дегенді,  
Еңбек етпей арам тамақ жегенді.  
Ұзақ құнгे шыбық басын сындырмай,  
Мезгіл-мезгіл тегін жетен керенді.

Итекең де ит бол тұрын үреді,  
Үй маңайын бағып, қорып жүреді.  
Жеген асын еңбегімен ақтайды,  
Сондықтан ол адал өмір сұреді.

Иттер болса үйіміздің қорғаны,  
Кер жалқаулар иттең жаман болғаны.  
Жатып ішер, батып ішер сорлының,  
Бұл өмірде жоқ қой мұлде онғаны.

Іс тапсырсан ұстар оның сайтаны,  
Істемеске қанша сылтау айтады.  
Жалтарады, қанша айтсаң да, тынцамас,  
Қақсап-қақсап тауалың да қайтады.

Арам тамақ адамға дарымайды,  
Үірзықсыз налақаға жарымайды.  
Біреудің дәмін-тұзын олжа сткен  
Үяты жоқ, арсыздар арымайды.

Бірсудің отбасына сіңіп алып,  
Аршадай арқасына мініп алыш,  
Қансорғыш жәндікке ұқсап, қадалады,  
Кейлесгінің ішіне кіріп алып.



Ол қоғамның қоқысы, арам шөбі,  
Қыр арқаға қадалған қарам шөгір.  
Қашанғы масыл болып жүрер екен,  
Күн туар ма байғұстың табар жөнін.

Арадан аласталсын арамтамақ,  
Басқаны жегідей жеп, жүрген қанап.  
Бейбақтың санасына жетер ме екен,  
Қараган тағдырына салдыр-салак.

Ойлапы, артында не ізің қалды,  
Ұрпагың боп неше ұл-қызың қалды.  
Өткерген өміріңің есебі жоқ,  
Кейінде көктем, жазың, күзің қалды.

Бұл өмірге неге кеп, не тындырыдың,  
Нені лайлап, соңынан не тұндырыдың.  
Батпақтап, шатпақтап мен өтіппің деп,  
Отырарсың күн ертең ой сындырып.

Арамтамақ арамза арада жүр,  
Өнекей ауылда жүр, қалада жүр.  
Дағдарысты бетіне перде етіп  
Сандалып жүпсен де жүр, дара да жүр.



## *Oй-хой, менің жарым гой*

Сонау, шіркін, келе жатқан найқалып,  
Ана қаздай әсем басып шайқалып.  
Қадамы нық,- байсалдықтың белгісі,  
Кең тынысы кербездігі байқалып.

Жұқа ақтан тіккен киім жарасып,  
Сұлулығы хор қызымен таласып.  
Келе жатыр үлгісі боп сымбаттың,  
Тұр тұлғасы сурет пе деп қаласың.

Маган қарай жүріп келед сәл асық,  
Мен тұрмын ғой қиялыммен бал ашып.  
Қандай бақыт мына әйелдің жанында  
Шалқып, балқып келе жатсаң жанасып.

Қарап тұрдым билеп мені сағымды ой,  
Жақындағы Ой-хой, менің жарым гой.  
Қартайғанда қажымасын, талмасын  
Деп құдайым бере салған бағым ғой.

Күлім қағып, жетті менің Күниәрім,  
Бейнесінен төгіп-шашып күн нәрін.  
Құмартып бір, құштарланып құштым да,  
Сездім толқып құшағында гүл барын.



## *Bір жатың қылыш*

Кіріп келіп дала жақтан бір қатын,  
Өз байына сөйлеп кетті тым батыл.  
«Жатырсың ғой байларға ұқсан шалқынып,  
Деді бейбак бойында жоқ түк ақыл.

Қазақы әйел сыйлаш откен оз байын,  
Сақтаған ғой сыпайылық сөз жайын.  
Айқай түгіл атамаган атын да,  
Тура қараш таусынаған көз майын.

Озбырлық пен өреккелдік жат қылыш,  
Орнатайды татулық пен тәттілік.  
Шат көңілді аластатып арадан,  
Жібереді бір-біріне жат қылып.

Жарасымды сыйластыққа не жетер,  
Сіз, біз десен нең кемиді, нең кетер.  
Қыска омірді қысқартады қынырлық,  
Мінездің бұл кесапаты ең бетер.



## **Жат қылышқа жауап**

«Сыйға сый, сыраға бал»-деді қазақ,  
Қолгабыс жасағанның несі мазақ.  
Шаруаның бір жағынан шыға салсаң,  
Қылышың болар еді қандай ғажап.

От пен кіріп, күл мен шығып жүреміз,  
Тамақ істеп етек-женді түреміз.  
Күндіз түні жанға дамыл болмайды,  
Осылай біз күйбен өмір сүреміз.

Қызығы мол біз талай құндер кеشتік,  
Қызылы мол біз талай гүлдер екік.  
Келешекке несіне бірге аттандық,  
Дүрдараз бола берсек күнде өстіп.

## **Ерінің айтқаны**

Жаным-ау, сен де ақын, мен де ақын,  
Байқаймын кетпегенін сенің қақын.  
Егессе екі дай бол ерлі зайын,  
Елгілі женетіні әсте қатын.

Бұл өмір бәрімізден отер деймін,  
Қызығы, шылжығы да кетер деймін.  
Татулықтан садақа кетсін бәрі,  
Өзіме екі қолды кетер деймін



## **ТВ-ға 50 жыл**

Елу жыл ел тынысын баяндаған,  
Жұртына жеткізуге аянбаган.  
Өмірде өзгерістер өтіп жатыр,  
Тек өзің тура жолдан тая алмаған.

Халықтың көңілінен шыға білген,  
Көкейдегі қүй-жайды ұға білген.  
Шымырлықпен шындықты шырқыратып,  
Жамандықты жамбасқа жыға білген.

Ақиқаттың жаршысы өзің дейміз,  
Ұлтың ұғар ұлықтық сөзің дейміз.  
Көретін жақсы істі, жамандықты,  
Өзінді көпшіліктің көзі дейміз.

Көбірек көрсек екен ділдің жайын,  
Өркені өспей тұрган тілдің жайын.  
Нанымды насихатпен нәрлендіріп,  
Тұралап тұрган мына діннің жайын.

Елімізбен өзінің тағдырың бір,  
Елдің өткен өзінмен даңғылың бір.  
Жыршысың сен халқыңың жаршысысың,  
Үйлесті үнің, күйбелен ҳал-сырың бір.



## *Aқ бұлак*

Ақ бұлак- жер жәннаты қонған жері,  
Жанга жайлы жұп-жұмсақ самал желі.  
Луасын кеудем керіл жұта берем,  
Қош иісі шипалы, емнің, емі.

Мұлгіген зәулім биік орман-нуы,  
Бұлақтың дертке дәру қаусар сұзы.  
Аймагын аралаган арықтардың,  
Бойыңды тербетеді сылдыр шуы.

Көгілдір күміс түсті шыршалары,  
Бой түзеп тізіліпті мұнда бәрі.  
Қарағай, қайың, терек қатарласып,  
Қалғып тұр алшагырақ бұдан әрі.

Сарғайған жапырақтар ұшып жатыр,  
Сары алтын гып жер бетін құшып жатыр.  
Жарқыраған жасыл жаз қоштасуда,  
Қүрен күз бұл өнірге түсіп жатыр.

Ақ бұлак бұлақтардың бұлағы еken,  
Жанга сая, шіркін-ай, жұмақ еken.  
Кен пейіл қазагыма құдай берген,  
Құт қонған шырайы мол тұрақ еken.

Серуендең келемін саябақта,  
Жүргендей сезінемін саяхатта.  
Бой сергітіп, селендең, ертелі – кеш,  
Қызыра бер жаныңда сая тап та.



Таңданар табиғаттың бұрышы екен,  
Жаныңда тыныс екен, тыныш екен.  
Бой жазып, жасаруга ниет қойсан,  
«Ақбұлаққа» келгениң дұрыс екен.

Жетісу жер жәннаты дегені хақ,  
Лаймағында ағады сансыз бұлақ.  
Жагаларын жайлап саяжайлар,  
Ішінде тым ерекше бұл «Ақбұлақ»

*Казан, 2010 жыл  
Ақбұлақ саяжай*

### ***Сарыагашта дем алдық***

Сарыагашқа келдім Сәуір басында,  
Жарымменен қос құдаги қасымда.  
Үш әйелмен қатар жүріп дем алу,  
Қарал тұрсаң тамаша екен расында.

Үшесуімен жүрмін мәз бол дем алып,  
Неше түрлі дөртке шина ем алып.  
Ойын-күлкі, әзіл-қалжың аралас,  
Тайрандаймыз арқамызды кең салып.

Құдагиым Қалипа жүр жарқылдал,  
Тоқтамайтын күлкісімен қарқылдал.  
Жас балаша жүзі жының қағады,  
Сыр сандығын ашып тастап, аңқылдал.

Палзагұлім қызықтырыш сәнімен,  
Арқа елінің сызылтқан бір әнімен.



Құйқылжытып, шырқайтұғын құбылтып,  
Жоқ қой мында келер оған әлі тең.

Гүл-гүл жайнап мениң жарым Күннәрім,  
Айналаға төгіп жүр ғой құн нәрін.  
Ұгар ма екен бір өзімнен басқа жан,  
Жүргегінде қызыл-жасыл гүл барын.

Сарыагашқа сәуір айы басында,  
Үлпілдеген үш сұлу жүр қасымда.  
Үш әйелдің басын қосып, сайрандау,  
Маган бақыт егде тартқан жасымда!

Қорып жүрмін қыран құстай қырағы,  
Өзімнің де кейде қаным қызады.  
Келіншектер- піскен алма сияқты,  
Білмеймін-ау, қалай дәтім шыдады.

Осы күндер ескерткіш бол қалады,  
Уақыт өте еске бәрі алады.  
Өмір деген зымырайды өтеді,  
Өткендерін әркім ойға алады.

Сарыагаштың самалы жанды тербеп,  
Келеді тұла бойды шабыт кернеп.  
Көктемнің сарқыраган өзеніндей,  
Арнасына сыймаган жолды бер деп.

Сарыагаштың шипалы сұы қандай,  
Бойыңнан дертің түгел қуылғандай.  
Ішсөң де, шомылсаң да құлпырасың,  
Анаңнан жаңа ғана туылғандай.



Базарға барамыз деп шешті ақыр,  
Үш құдаги әнекей бара жатыр.  
Маган олар базарлық әкелер мә,  
Силығы болар ма еken іске татыр.

Әрине, құдагилар қолдары ашық,  
Базарлықты тандауға олар ғашық.  
Мен күтпеген бір силық алып келіп,  
Қалмасам иғі еді өзім сасып.

Жайсанбайлар жүр мә еken алшан басып,  
Қалта қалың, ұстайды төгіп-шашип.  
Көз алдыма елестеп кеткені-ай,  
Жатырмын бір конъяктың аузын ашып.

Мінеки, жомарт біздің құдағилар,  
Әрқапланда әр жерде құда силар.  
«Не керек әуре болып, ақша жұмсап»,  
Десем де сөз табар-ая мені қинар.

Базарлықты құтемін болып асық,  
Өз-өзімнен отырмын асып-тасып.  
Әйтсе де күдіктенем, айттар ма деп:  
«Сары майдан дәметкен кеуден сасық»

2009 жыл



## *Bір қатынга*

Шалсың деді маған бүгін бір қатын,  
Әттең гана білс алмадым өз атын.  
Шалдығымды көрсетер ем озіне,  
Келе қалса ебін тауып тым жақын.

Сөзі шайпау мінезі бір дүр екен,  
Тиісерге қара таптай жүр екен.  
Қылтық іздел әр адамның сөзінен,  
Жүретүғын кей қатынның бірі екен.

Шалдан опық жеп жүрсің бе, жарқынным,  
Шалдың, сірә, білмейсің-ау қарқынын.  
Жас емессің, кезің келді абаллар,  
Айыратын шалдардың да алтынын.

Мына сөзің тегін емес, шамасы,  
Әдейілеп тиісудің қарасы.  
Олай болса жақын болғай, еншалла,  
Әзілің мен шындығыңың арасы.

Қазақ біздің шалдарына күлмеген,  
Әйелден без қарт қадірін білмеген.  
Ұлтымыздың әйелге тән әдебін,  
Салт-дәстүрін санаасына ілмеген.

Әлде көнілің әрнәрсеге кетті ме,  
Қасиетіме мұлде козің жетті ме?  
Әлде шал деп астарлаған сөзің бе,  
Көкжіңе көктем сезім екті ме?



## *Ерсінайға*

Сарыағаш – шипажайлы ел екен ғой,  
Қазақтың кең жайлаудай жері екен ғой  
Ақ көніл, қонақжайлы жұрты қандай,  
Өнер құған бәрі бір сері екен ғой.

Соның бірі сенсің-ай,  
Асыл тұлға Ерсін-ай.  
Не тілесен Алладан,  
Бәрін саған берсін-ай.

Құшақ жайып, қарсы алар қонақтарын,  
Жылы шырай қонілмен орап бәрін.  
Құт-береке тілейміз от басына,  
Ағара берсін дейміз қосактарың.

Ас иесі Ерсін-ай,  
Көнілің көлдей кенсің-ай.  
Бізге берген дәміннің,  
Есесін Алла берсін-ай.

Ерсінайдың сұлулық сәні қандай,  
Домбырамен шырқаған әні қандай!  
Құлімдеген көзінен нұр төгілген,  
Шуақ шашқан адамға жаңы қандай.

Ерсінай- ау, Ерсінай,  
Хор қызымен теңсің-ай.  
Осындай жар тандаған,  
Сұлтеке, сен ерсін-ай.



## «Берекеге» келіңдер

Орыншаның шипажайы тамаша,  
Бәрі де бар, нені жаның қаласа.  
Неше түрлі емі шипа тәніде,  
Алып қалар аурулардан араша.

Осы орында жаныца жай табасың,  
Ем дегенді өзіде сай аласың.  
Дәрігерлер, медбикелер ісіне  
Сүйсінесің, риза болып қаласың.

Қызметі сапалы екен осынша,  
Сый мен құрмет және оған қосымша.  
Сарығашқа емделуге келгендер  
Орналасса дұрыс болар осында.

Срығашқа сауығуға жеткендер,  
«Берекеге» келіп кірмей кетпендер:  
Торелер мен қаралайым адамдар,  
Сырқаттанып, ауру дертін шеккендер.



## *Ел бірлігін соз етіп...*

Халқымыздың бірлігі,  
Бейбіт өмір кепілі.  
Үлтаралық достық нық,  
Іргеміз де бекіді.

Әрбір ұлттың тілдері,  
Өздерінің діндері,  
Еркін дамып келеді  
Салт-дәстүрі, ділдері.

Таңдандырган әлемді,  
Халқымның қонақжайлышы.  
Әзіне тартқан әр елді  
Елімнің ен байлығы.

Жұз отыз ұлт тарамы  
Әр кезеңде біргеміз.  
Бұл -тағдырдың талабы,  
Сондықтан берік іргеміз.

Шарықтаған шаңырағы,  
Үрзыққа, білем, толады.  
Жарқырап шам-шырағы,  
Бақыт құсы қонады.



## Тығырықтан шығамыз

Бұқіл алем күйзеліске тірелді,  
Қагыстықта қалдырмады бір елді.  
Бұл дағдарыс дауылымен жайлады,  
Ұсақ түгіл, мықты-мықты ірі елді.

Мениң елім тұр ма желдің ығында,  
Әлде оның әл-ауқаты мығым ба?!

Әуеслі Алла, Президентім екінші,  
Халқымызды берме үлкен шығынға.

Қай дәуірді өтіп едік азапсыз,  
«Мың олғанде мың тірілген қазақпыш».  
Нәубеттерді бастан кештік жойылмай,  
Біз төзімді, қайсар халық, гажаппыш.

Дара жолмен, сара жолмен шығамыз-  
Багдарымыз дұрыс -оны ұғамыз.  
Күні ертең Алла жазса бәріміз,  
Бай елімде бақытты өмір құрамыз.



## *Tатулық*

Тұысқандар ренжісіп қалады,  
Кейде қатты ашы сөзге барады.  
Ертелі-кеш кешушілік болмаса,  
Ашу әсте ашады ғой араны.

Өз-өзіңе өкпелеме жоқ үшін,  
Көрместей бол аз дүние-боқ үшін.  
Тұыстарың тұыс болып қалады,  
Екі дайда берегүйн қол үшін.

Әр қашанде татулықты сақтайық,  
Тұыс деген асыл сөзді ақтайық.  
Жаны аштын, қияметке қимайтын,  
Тұысыңнан артықты іздел жатпайық.

Татулық бұл-бабалардың мұрасы,  
Сақтайтындай көздің ақпен қарасы.  
Тұыстардан безіп кете алмайсың,  
Тұыстың жоқ аласы мен құласы.

*Шілде, 2009 жыл.*

## *Әже әлди* (Құлбарамның атынан)

Әлди бөпем, Асыланым,  
Жаңа еккен жасыл бағым.  
Жапырақ жайып, өскеніңді,  
Көруге мән асығамын.



Әлди бөпем, Асыланым,  
Жылап, жаным, жасымағын.  
Емшек сму бүйірмады,  
Туа қолмен асырадым.

Әлі-ак, анаң айығады,  
Анаңнан кім айырады.  
Құшағына енерсің де,  
Көңілің де жайылады.

Ұйықтай ғой, алтыным,  
Ұйып тұрып, ал тыным.  
Мазаң сенің кетпесін,  
Сезбе өмірдің салқынын.

Торғайысың апаңның,  
Құлынысың атаңның.  
Шапагаты тисінші,  
Сюрприз ата Бекеннің.

Әлди,әлди, жарыгым,  
Қажыдым да арыдым.  
Еш болмасын еңбегім,  
Еткен, күткен зарыгып.

Жалбарынып сұраймын,  
Бер тілекті, құдайым.  
Шаңырағымнан кетсінші,  
Қасірет пен уайым!

14, қыркүйек, 2009 жыл.



## *Жетім корсем*

Жетім көрсем жүргім езіледі,  
Жетімдікті терсінен сезінеді.  
Әкемнен мен айрылып қалғанымда  
Сарманайдай сабилік кезім еді.

Көрмедім аялы әке алақанын,  
Естімдім дегенін «балапаным»  
Кейде әкем есіме түсіп кетсе,  
Тұнде ояның, атпайтын ала таңым.

Әкем болса осылай болар ма едім:  
Қорадай сұық үйде тоңар ма едім,  
Жұта алмаған қарамық ашы наны,  
Кептеліп аузыма кеп толар ма еді.

Көрмедім әке айналып, толғанғанын,  
Аймалап «Әуп» деп бір қолга алғанын,  
Мейірін тогіп, ерекше еркелетіп,  
Арқасына мінгізіп, «Ат» болғанын.

«Жетім корсөң жебей жүр » деген нақыл,  
Жүрегімнің ішінде берік жатыр.  
Қолымнан келгенімді аямаймын,  
Куансын деп жас сәби, жетім пақыр.

Жетімдерге мейіріммен қарайықшы,  
Қол беріп қамқорлыққа алайықшы.  
Ертең-ақ есейетін, ер жететін  
Халқымның ұлдары деп санайықшы.

*Тамыз, 2009 жыл.*



## Әйел заты шылым шегін...

Әйел заты шылым шегіп тұрғаны,  
Ой, сүмдүк-ай, күдайымның ұрганы.  
Бұдан асқан сорақылық бар ма екен,  
Имандылық жолдан сайтан бұрганы.

Темекінің исі болса демінде,  
Сасық ауыз әйелдің ол кемі де.  
Нәзіктікten жұрдай болған сорлы гой,  
Ер адамның жиіркенең тегін бе?!

Шылым тұрса бойжеткеннің аузында,  
Тұла бойың тітіркенер азғынға.  
Рак болып ерте мұрдем кеттім де,  
Өз көрінді өз қолыңмен қаздың да.

Әйел заты - батыр туар ана ғой,  
Ол – қазына беретұғын сана-ой.  
Үриақтарға өмір берген, осірген,  
Мейірбанды, асыл тұлға, дана гой.

Ана деген абзал агты сақтайық,  
Мәпелейік, ардақтайық, актайық.  
Имандылық қасиетті қастерлеп,  
Бабалардың осиетін жақтайық.  
Еліктемей ерсілікке жат елдің,  
Гүрпымызды бұзықтыққа сатпайық.

Тамыз, 2009 жыл



## *Сұлу көрсем...*

Сұлу көрсем, көнілімді бұрамын,  
Жүзімменен тулкіге ұқсан тұрамын  
Әттеген-ай, дәрменім жок, қайтейін,  
Қапаланып санымды кеп ұрамын.

Сұлу көрсем, тұрамын-ау қызығын,  
Тұла бойым толқиды кеп қызынып.  
Көніл құргыр кек дөненмен жарысып,  
Қиял қуып кетеді ғой бұзылып.

Сұлу көрсем, неге шіркін, қызамын,  
Арман менен неге сонша ұздың.  
Кәрілкітен тәуелді боп қалдым ба,  
Бұза алам ба дәрменсіздік тұзагын!

Сұлу көрсем, баяғымды ойлаймын,  
Тамсану мен қылғынуды қоймаймын.  
Пендерін-ай, «қанағат!» деп отырмай  
Бұл дүниенің қызығына тоймаймын.

Сұлу көрсем, коз қыығын тастаймын,  
Көніл сергек, әлі де бір жастаймын.  
Жанарынан жалылықты аңгарсам,  
Қиялымды жақсылыққа бастаймын.

Сұлу көрсем, жастық шагым елестер,  
Мен откерген талай-талай белестер.  
Сұлу құшу арманыңың жолында  
Кездестірген талас-тартыс, егестер.



## Cipres

«Сірек» дейді тымырайған адамды,  
Ойымды тап деген пасық наданды.  
Бес сыбага болып, пісіп отырар,  
Сасық кеуде, іші толған арамды.

Соз сұрасаң меніреудей тұрады,  
Керең болып қалғандай қос қулағы.  
Тесірейіп қарайды тек өзіне,  
Сұрағыңа дайын қырсық сұрағы.

Дұрыс жауап беру онда әдет жоқ,  
Бұл сорлыда адамға тән әден жоқ.  
Өңменінді тесердей бол қарайды,  
Дүлей жангасені мұлдем санайды.

Сірестерді шіріктер деп санайық,  
Қогамның бір қоқысына балайық.  
Ондайларды арамыздан аластан,  
Абзалдардан ажыратып алайық.



## *Oймақ*

Анамнан қалған еді мына оймақ,  
Қараймын қолыма алып, тұрам бойлап.  
Ұлы анамның көзі деп айтушы еді,  
Келе жатыр екен ғой ғасыр бойлап.

Анамның күш-қуаты сау шағында,  
Неше жыл қызмет еттің саусағында.  
Тігілген сеніменен бұйымдар көп,  
Айта берсем тізбектем таусамын ба?!

Ұлы Отан соғысының сүм жылдары,  
Ауыр еңбек күндіз-түн бір тынбады:  
«Бәрі де женіс үшін!»-ұранымен,  
Майданга арнап атқарған іс тылдагы.

Оралып жұмысынан кешке таман,  
Түн бойы іс істейтін менің анам.  
Жөнелтсе әскерге арнап киім-кешек,  
Балаларды ойлайтын болып алаң.

## *9-шілде*

Таң алдында елестеді өзіме,  
9-шілде келіп көзіме.  
Ояндым да түсінбедім, ойландым,  
Бұл Алланың аяи берген сөзі ме!?



Не болса да жақсылыққа жорыдым,  
Таусылатын күні болар сорымның.  
Алла маган шарапатын төгетін  
Бақыт күні болар өмір жолымның.

Шілденің бір тамылжыған күні ғой,  
Маған келген Алланың бір үні ғой.  
Куанышқа бөлenerмін, бұйырса,  
Болып қалар осы күні ұлы той.

Уа, ағайын, жұртым, достар, жорандар,  
Шілде туа күнтізбеке қараңдар.  
Біздің үйге бақыт құсы қонар деп,  
Шашырағымда той боларын қалаңдар.

Бұл күн әлде шегінудің шебі ме,  
Одан әрі алға бастар тегінде.  
Балаларым ризығы молаяр,  
Алла өзі тигізер ме себін де.

Әйтсің бізде бір той болар деп,  
Босағама келін келіп қонар деп,  
Жазып қойдым түсімді мен осылай.  
Жұртыймыздың хал-ахуалы онар деп,

Түрікмендер түсіменен байыған,  
Осы мәтел халқымызға жайылған.  
Бала-шагам таршылықтан құтылып  
Реніштен мен де мұлдем айығам.



## **Бауыржсанның қылышы** (Әзіл)

Апасы сұрап еді су ыдысын,  
Бауыржан әкеліпті бес құтысын.  
Су әкеліп беріпті машинамен  
Қымбатқа бағалапты оз жұмысын.

Әрине, қайырымдылық іс қылышты,  
Атқарған ісі оның тыңғышты.  
24- літр суды қыбын тауып,  
Үйіне алып кетіп жымқырлты.

Ісінді тым жоғары бағалапсын,  
Құны осы болар деп шамалапсын.  
Одан арзан алуды қомсындың-ау,  
Әкетіп, алды-артыңа қарамапсын.



## Ожан аға

Ассалау мағалейкүм, Ожан аға,  
Ізетті інілерге асыл жага.  
Сыр беріп, сынған жоқсың сындарлысың,  
Не бары сексен жасқа келдің жана.

Қаһары мол қаңтарда тудың аға,  
Сары аязбен бетінді жудың аға.  
Болаттай беріктігің содан болар,  
Белінді бекем етіп будың аға.

Сексен деуге болмайды ажарыңыз,  
Сұп-сұлу, сүйкімді әлі жамалыңыз.  
Кәрілік әлегіне бой берменіз,  
Аз емес алда алар қамалыңыз.

Қайраттысың, қайсарсың мойымайтын,  
Тілің бай, сөзің нәрлі, ойың айқын.  
Бергенмен берерің көң, ақын аға,  
Туа берсін тақырып, жыр талай тың.

Қолыңыздан түспесін қаламыңыз,  
Әлі де таусылмасын жазарыңыз.  
Жүзінді мұң шалмасын, абзал аға,  
Талай жыл тарқамасын базарыңыз.

Картыққа жортып жеттің жаңа ғана,  
Шегелеп пырағына алтын таға.  
Жасымай жадырап жүр, бойың тұзу,  
Мұратыңа жете бер асыл аға.

2006 жыл.



## *Кок долы*

Бір қатын бар ақыл шолак, көк долы,  
Ашуланса бірдей оған оң-солы.  
Алды-артын аңғармайтын байғұс-ай,  
Біле ме екен бұл мінезі - өз соры.

Екі сөзге келмей жатып жарылар,  
Бұлқан-талқан бейбақтыққа салынар.  
Ақылга кеп, ұстамдылық ұстанып,  
Уа, сормандай қашан бұдан арылар.

Қараламай күнделікті өмірді,  
Қаяу етпей қандай ғана қоңілді.  
Жүрмеймісің жүқартпай-ақ жүйкенді,  
Долданардай өзіңе не көрінді?!

Байсалдықты санаңа бір енгізіп,  
Ашуынды ақылыңа женгізіп,  
Жүрер жастаң асып кеттің жарқыным,  
Саралташы қылыштарды сен тізіп.

\*\*\*

Қашан шіркін, жойылады долылар,  
Долылардың жиіркенішті жолы тар.  
Әр жігітті құдай өзі сақтасын,  
Кез келмесін долыларға жолығар.



## *Сол қыздарым асыл маган*

Құлын-тайдай тату өскен,  
Бірге қуып асыл арман.  
Қыз екем дәл болектеніп,  
Мұның-сырын жасырмаган.

Сүйсінсе де сабыр тұтып,  
Ер мойнына асылмаған.  
Сан сезімді іште тұтып,  
Күйін-жанып шашылмаған.

Бастан бір сөз асырмаган,  
Кербездігі басылмаған,  
Әзіл айтсан әзір тұrap  
Сол қыздарым асыл маган.

Өмір артқан ауыр жүкке,  
Қайыспаған, жасымаган.  
Қолы жеткен жетістікке  
Асып кетіп, тасымаған.

Іштарлық қып, коре алмай,  
Жат қотырын қасымаған  
Егде тартып кетсендер де,  
Қырларың көп ашылмаған.

Тәрбие алып, үлгі көрген  
Аналардай асылдардан.  
Жалғастырып салт-дәстүрді  
Келе жатқан гасырлардан.



Күз күңгірті шалса дағы,  
Олар әлі жасыл маған.  
Жастығыма куәгерлер-  
Сол қыздарым асыл маған.

### *Аяққап*

Көнс заман көзіндей көрінеді,  
Аяққап анау тұрған төрімдегі.  
Бұркеніп бұғып жатқан баяғыдан  
Кім үгар килем сырды өзіндегі.

Өнердің өнегелі тәлімгері,  
Әжелердің қалдырган жәдігері,  
Көзім қадал қызығып қарап қалдым,  
Жүрдім де алыс-жақын әрі – бері.

Тұнып тұр түрлі-түсті ұсак маржан,  
Бәрі асыл, әрине, емес арзан.  
Япырай, қалай-қалай әсем етіп,  
Тізбектеп түрлендіріп өрнек салған.

Кез келген құпиясын ұга алмас,  
Оюларын ойланып ойға салмас.  
Өнерден хабары бар саналы жан,  
Таңданып қарай берер көзі талмас.

Ғұрпымның ұмытылып жоғалғаны,  
Зор қуаныш арама оралғаны.  
Біртіндеп біліп жатыр бүгінгі ұрпақ-  
Ұлттық сана серпіліп оянғаны.



Сөйтіп-сөйтіп жат дәстүр күзеледі,  
Келбетіміз көркейіп өзгереді.  
Қазагым ілгері елдер қатарында,  
Бойын жазып қадамын түзер енді.

### ***Белкаға***

Бұгін туып қалғандай заман ақыр,  
Ұйлыққанға таласып «Белка» батыр.  
Басқалардан таяқ жеп қан жоса боп,  
Жалба-жұлба жара боп, құлап жатыр.

Не құның бар қаншыққа таласатын,  
Күштілермен күшінді сана satын.  
Әлек болмай, әлінді білмейсің-ay,  
Байғұс-ай бойында жоқ парасатың.

Андасан «Белкаға» ұқсас адамдар бар,  
Көрсе қызар, үшқалақ нәсіпке зар.  
Санасыз, арсыз иттің бүл қылғы,  
Кей жігітке ой салар, сабақ болар.



## ***Бақыт***

Бақыт деген балдай тәтті балалық,  
Шапқылаган ат қып мініп, тал алыш.  
Бәрі қызық, барды-жоқты ойламай,  
Балғын жанға жоқ жаттық та, алалық.

Бақыт деген жарқыраған жастық шақ,  
Жатсан, тұрсаң ойды жүрер мазалап.  
Сүйгенинді бір сүюге құмартып,  
Көзге елестер болашағың таңғажал.

Сұраса егер менен бақыт деген не,  
Айттар едім бала менен немере.  
Аман-есен ер жеткенін көргенге,  
Қандай қызық жалғанда тең келе ме?!

Алған жармен жан-журегің жарасып,  
Бір-біріңмен түсінісіп, санасып,  
Жанұянмен үйлесіп бір қызығың  
Бір қызыққа жатса, шіркін, жалғасып!

Бақыт деген аспан ашық, ел аман,  
Отанымда орнағанда кең заман.  
Асты, үсті байлығы мол баянды,  
Еңбекиенен гүлденгенде ен далам.

Бақыт деген тәүелсіздік жеңісі,  
Азаттыққа құресскеннің жемісі.  
Бақыттымын мен қазақтың кәдімгі,  
Әлемдегі зиялымен тең кісі.

---

## *Армысыңдар, қайынбике, балдыздар*

Армысыңдар, қайынбике, балдыздар,  
Ақкубалар, қоңыр, сары, сал қыздар.  
Бәрің тегіс сұлусыңдар, сымбагты,  
Қылықтарың сондай тәтті, бал қыздар.

Қатар түзеп, кеп қалдыңдар, қонактар,  
Оздерінен асқан қандай қонақ бар!  
Санаулы бір сыйласымыз жарасқан,  
Қадірлілер, сендерді кім жоғалғар.

Өмір сынын жеңе білген дүрсіндер,  
Қоғамымды безендірген гүлсіндер.  
Айнымайтын адал дос боп әлбетте,  
Күннәріммен тату-тәтті жүрсіндер.

Мына келген көктемедей көктеңдер,  
Ұзақ жылдар солмандар да шөкпендер.  
Аяланып боленіндер бақытқа,  
Ешқашан да көздің жасын төкпендер.

Әр қайсыңды құшақтаймын, өбемін,  
Ерекше бір сондай жақсы көремін.  
Өздеріндей абзал асыл қыздарга  
Әлі талай арналады олеңім.



## *Kөктем*

Жыл мезгілі жылжып ағып өтеді,  
Жастығыма ұқсатамын кектемді.  
Жасыл жазың жалт етіп, жоқ болғанда,  
Күз келгенде сағынамын өткенді.

Көктем күні түр ғой күнде құбылып,  
Дауылымен лезде кетер жұлынып.  
Адамдардың мінезіне тым ұқсас,  
Жайсандықпен жайылады жылжынып.

Аңсап күттік жылдың осы уағын,  
Көңілге жай көктемениң туатын.  
Көгімде күн көтерілді масайрап,  
Дархандықпен тәғіп-шашып шуағын.

Ойпат алқа қардың суын жияды,  
Көл-дария оған қалай сияды.  
Жылға-жылға толады да толқиды,  
Жылжып ағып Есілге кеп құяды.



## ***Көк сандық***

Анамның көк сандығын сақтап жүрмін,  
Анамның мұрасы деп мақтап жүрмін.  
Аламның көзі ғой ол қадірлеймін,  
Шаш жүқтырмай асылды балтап жүрмін.

Көшкен жерде қалдырмай алып жүрмін,  
Ішіне құндыларды салып жүрмін.  
Бұл қандай бабалардың жәдігері,  
Коз тоймай таң-тамаша қалып жүрмін.

Шешем марқұм сақтайтын асылдарын,  
Маталардың қызыл, көк, жасылдарын.  
Анда-санда ақтарып отыратын,  
Сарқытын сонаш сырлы гасырлардың.

Орнаттым өз бөлмеме құрмет қылып,  
Жетімсіреп қалар деп сагы сынып.  
Анамды сағынғанда қараң коям,  
Кетеді бойым еріп, жаным жылып.

Кок сандық маған қалған сый-қазына,  
Бермеймін бүтінгінің жиһазына.  
Рухани құндылығы маган қымбат,  
Есепсіз бағасының көп-азына.



## Ұстамдылық

Ұстамдылық әркімге жарасады,  
Ұстамдылық – адамның парасаты,  
Ұстамдылық болмаса ашу билен,  
Қапылыста ақылдан алласады.

Әйелге тән әдептеге ұстамдылық,  
Ұстамсыздық туғызар дүшпан қылтық.  
Тілінді тежей алмай келсөң егер,  
Әп-сәтте қалар мұлде сағың сынып.

Тілінді тіс артында ұстау керек,  
Сауысқандай шошгандаң ұшпау керек.  
Байсалдылық бойына бітпесе де,  
Сабырлы, салмақтыға ұқсай керек.

Дегбірсіздік делебені қоздырап,  
Қызба мінез жүйкемізді тоздырап.  
Шыр-пыр еткен шырт мінезің мендесе,  
Ақымақ ашу ақылышынан оздырап.

Қарт адамға қагты айту әбестік,  
Біле-білсөң мұның нағыз шала естік.  
Бейпілауыз бейшаралар былшылын,  
Амал қаша, жүрміз, міне, сан естіп.

Келіншектер керден асып кетіпті,  
Әдепсіздік шебіне де жетіпті.  
Сыпайылық сырт айналып жүрген-ая,  
Кей сорлыны дөрекілеу етіпті.



## *Сары борік*

Көрші үйде бар екен сары борік,  
Киген жанга береді нәрлі көрік.  
Кезек-кезек киеді ергелі-кеш,  
Сол боріктің рахатын бәрі көріп.

Таңертең малға барап әйел киіп,  
Аласа бойы оның болып биік.  
Тұстен кейін далага ері шығар  
Сол боріктің киүгө кезек тиіп.

Сары борік кезекші киім екен,  
Қызығын киетүғын бұйым екен.  
Сол борік әкелер ме құт береке,  
Алланың берген үйге сыйы ма екен!



## *Ауылдағы өмірдің сәні басқа*

Ауылдағы өмірдің сәні басқа,  
Тіршілік, тұрмысының мәні басқа.  
Тыныштық, Жұқармайды жүйкен, шіркін,  
Адамның жаны басқа, тәні басқа.

Отын, көмір тасылып ертелі -кеш,  
Шындалған шеберлікпен жағамын пеш.  
Құл шыгарып, төгемін шелек-шелек,  
Жалықтаймын, талмаймын, шаршамай еш.

Қар жауса, қуанамын, күреймін деп,  
Ұзак құн таза ауда жүрейін деп.  
Сілейіп жатып алмай, қимылдаймын,  
Бұйырса, ұзақ өмір сүрейін деп.

Жаз шықса орамымда жұмысым көп,  
Кідірмеймін, қыбырлап, тынышым жоқ.  
Бау-бақша, көкөністің өнімі мол,  
Қолмен тапқан байлығым-ырысым бол.

Үйстықта бассаейннің сұы қандай,  
Шолпылдатып сұңгимін құмар қанбай.  
Біздің үйдей үй бар ма бұл әлемде  
Үдайы сағынамын кетсем шалғай.

Қалалықтар сәнденіп, сызылады,  
Газ иіскең, шаң жұтып, «шынығады».  
Көп-қабат пәтерінде тұншыққан соң,  
Байғұстар ауылга кеп, тынығады.



Аяймын тұрғындарын қалалардың,  
Үйлері үясындаі аралардың.  
Ыңғы-жығы, ызыңы мезі қылган  
Күні қандай аналар, балалардың!

2006 жыл.

### *Keimін кейде*

Өмірімнің көмескі кей беттері,  
Жазылған жарқыраган зейнеттері.  
Тауқыметтер тауалымды тойтарып,  
Аз емес сыйға тартқан бейнеттері.

Жиі-жіңі жанымды жарапайды,  
Күйзеліп тұл бойымды арапайды.  
Бейнегүлдің басынан бақытсыздық,  
Бұлты неге, құдай-ай, тарамайды.

Жастайыңнан сүм ажал ананды алды,  
Оміріңе өшпейтін таңба салды.  
Мың қырсық қалмай қойды қыр соңыңнан,  
Келешекке күмән бол аланданды.

Батады жүргені оның жудеп-жадап,  
Халі бар тын-тебен жүрген санап.  
Үйде, түзде көлденең келенсіздік,  
Кездесіп күйзелтеді жанды қанап.

Қызыңғы қаныңды тауысады,  
Әр күні сәтсіздікке қауышады.  
Құдай-ай, тағдырыңың дауылдары  
Қашан бір күншуаққа ауысады?!



Сарманайың тезірек жетсе екен,  
Уайым-қайғың тезірек өтсе екен.  
Мәнгі тамүқ адамға жоқ деуші еді,  
Алла сені бақытты етсе екен.

## Әзіл

Тап қазақтай әзілдесе алатын,  
Әзілімен іліп, қағып, шалатын.  
Жоқ па деймін бұл әлемде бір халық,  
Әзілдесіп, рахаттанып қалатын.

Айтысқанда әзіл, мысқыл аралас,  
Сұғып алар, бет жүзіне қарамас.  
Бейпіл сөз жоқ, сыпайылық сақталып,  
Астарлаумен жарысады сөз талас.

Замандастар, құрдастардың әзілі,  
Әрқашанда болған емес аз зілі.  
Пісіп-пісіп, түйреп-түйреп тастайтын  
Әткір келер сөздерінің мазмұны.

Әзілінді үгар көп-ау адамдар,  
Ашы әзілін төзбейтін де адам бар,  
Ойын ойдың сырын ұға алмайтын,  
Арамызда, эттеген-ай, надан бар.

Ондай бейбақ екі сөзге келмейді.  
Ойын-шынын ажырата білмейді.  
Шамданады, тұлданады, қортандалап,  
Бір қызырып, бір қуарып терлейді.



Ғанибет-ау, әзіл-қалжың жарасқан,  
Ойнап-күліп, көңілденіп таrasқан.  
Әзіл жетсе атаңмснен ойна дер,  
Қазағымнан кімдер, кәне, бар асқан.

Жігіттер –ау, әзілдесе біліндер,  
Жат қылықты қармағыңа іліндер,  
Әзіл сөздің қасиетін ұқпайтын,  
Мылқауларды мысқылменен, тіліндер.

Тәтті әзілді сөз арқауы етейік,  
Ұга біліп, мән-жайына жетейік.  
Қысқа өмірде тек қамшының сабындағай  
Думандатып, әзілдесіп өтейік.

## *Тұрлаусыздық жігітке жараспайды*

Қожанасыр біреуден қазан апты,  
Қайтаруға қазанын тазалапты.  
Күнде ертең деп жүріпті, апара алмай,  
Салақтығы санасын мазалапты.

Қазан алып шығыпты қожанасыр,  
Көктем еді кез келген өзен тасыр.  
Аман-есен жетсем деп ар жағаға,  
Жаратқанга жалынып келе жатыр.

Жағаға жете беріп бүлініпті,  
«Алدادым, алدادым!» деп жүтіріпті.  
Атаған құрмалдығын аяп байғұс,  
Аяғы тасқа тиіп сүрініпті.



Ниеті Қожаекенің тарылышты,  
Қазаны быт-шыт болып жарылышты.  
«Ойнадым, ойнап айттым, кешір Алла!»  
Деп Қожаекен Құдайға жалынышты.

\*\*\*

Алланы алдап, жалган сөз айтпау керек,  
Адам болып айтқанынан қайтпау керек.  
Түрлаусыздық жігітке жараспайды,  
Осы бір қагиданы жаттау керек.

*2006 жыл.*



## *Шақырған жерге кешікпе*

Жек көрем шақырғанға кешіккенді!  
Тәрбиесі қемдігі бесіктен-ді.  
Үй иесін сыйламас сірескенді  
Аштырмаган жөн болар есікті енді.

Басқа қонақ оларды күту керек,  
Жүйкелері жұқарып біту керек.  
Кешіккен бейбақтарды тік тұргызып,  
Тілгілеп жұн секілді тұту керек.

Білмеген сый-құрметтін шақырыстың,  
Керегі не шалағай нақұрыстың.  
Балта шауып тамырын құрытайық,  
Қазақи кіслікке жат бұл істің.

Шақырған уақытынан қалмау керек,  
Немесе рақмет айтып, бармау керек.  
Телміргу адап дәмді – ұлken күнә,  
Басқа жұрттың мазасын алмау керек.

Мінекей осындайда еске келер,  
«Шақырсаң бірге, қонақ бесте келер»,  
Тиеді намысыңа мына шымшу  
«Шақырсаң беске, қазақ кешке келер».



## *Балалар жайлы*

Бала-адамның бакыты, болашағы,  
Куанышқа бөлейді бала шагы.  
Адам боп кеп өмірге дана болса,  
Құдай берді, ата мен ана бағы.

Жақсы бала қылығы марқайтады,  
Жаман бала қылығы қартайтады:  
Мейірімсіз болып өссе ұл мен қызың,  
Қайғысы езіп, белінді қайқайтады.

Жақсы бала шалқытып, шалқайтады,  
Еңбегің жемісті боп сан қайтады.  
Көкірегінде санылау жоқ балалар,  
Жүйкендері жеп, сананды саргайтады.

Баланың ата-анадан алғаны көп,  
Ата-ананың баладан арманы көп.  
Мейірімсіз балалар сырт айналып,  
Ата-ананың қамқорсыз қалғаны көп.



## *Еріншек пен жалқау*

Көп жалқау, еріншектер ел ішінде,  
Жылтырап жүріп жатыр ер пішінде.  
Аяғы алға басқан, кеткен кері,  
Батуа, береке жоқ бір ісінде.

Еріншектің ертеңі таусылмайды,  
Үйде жатып орнынан тапжылмайды.  
Езіліп, шыбық басын сындырмайтын,  
Байын айтыш қатыны қан жылайды.

Қыс қылышын сүйретіп келе жатыр,  
Қайғырып, қам жемейді мына пақыр.  
Қора-қопсы жүдеп тұр, аңғал-санғал,  
Ашық-тесік жатыр-ау төбе шатыр.

Тіс шұқырға шөп те жоқ, сабан да жоқ,  
Оны ойлап, қамыгар санаң да жоқ.  
Ит байласа тұрғысыз үйің мынау,  
Қысқы аяздан жылынар панаң да жоқ.

Ішіп-жейтін асқа жан жарымайды,  
Көруің арман болды сары майды.  
Ұзын-сары келгенде ненді жейсің,  
Аштық деген адамын танымайды.

Еріншектік, жалқаулық бірдей ұғым,  
Бұлар барда ырыс мол болмайтұғын.  
«Жарлық шіркін жақсы екен жатып ішсе»  
Бабалар айтатұғын мұны бұрын.



Кеңес жоқ, бәрін бірдей аялайтын,  
Үкіметті пана қып, саялайтын.  
Оянатын күн туды, оян, жалқау,  
Ұқсаңсы, нарық келді аямайтын.

12.10.06.

## Қажы ағама әзіл

Қайран аға, козден «кем» бол қалыпсын,  
«Қартайғанда қыын-ау!» деп налыпсын.  
Үкіметтің қамқорына бөленіп,  
«Зағип» деген статусты алыпсын.

Агай біздің зеректердің зерсі,  
Кім ілесіп, кім соңыңа ереді?!

Маңдай терің бағаланбай қалды ғой,  
Сол үкімет қандай көмек береді?

Біздің агай зор енбектің ері еді,  
Үкімет-ай, келейлікке теңеді!  
Мүгедектік төлем ақы қосыпты,  
Зейнет ақың айттарға ұят, кем еді.

«Зағип күні» қоғамнан жан келді ме,  
Қолға ұстар тән таяғын берді ме?  
Жуырдағы жиынға сен бардың ба,  
Тарқататын коп мұнды да, шерді де.

Ол жиынға кім жетектеп апарды?  
Баяндашы сонда барған сапарды.  
Орындыққа қалай жетіп отырдың,  
Қалай таптың нөмірлерді, қатарды.



Басшылардан оған ешкім келді ме,  
«Күндеріңмен құттықтаймын!» деді ме?  
«Гарыптарға» аяушылық білдіріп,  
Азды-көпті сый-сияпат берді ме?

Құттықтаймын сені «Загип күнімен»,  
Шын жүректен демеу есті үнімнен.  
Ұзақ болғай кәсібің мен нәсібің,  
Ілтері бас тоқтамагын мұнымен.

Тұқ тартсаң да олжа дейді қазағым,  
Аз болды ма сенін тартқан азабың.  
Тағы, тағы жұлып-тартар болса егер,  
Бос жіберме өнерпазым, сабазым.

Қажығаны қажай беру жарамас,  
Жас мөлшері болғаннан соң шамалас.  
Еркелігім көтерессің, білемін,  
Сөз арнадым әзіл-шыны аралас.

Ашық болсын аспаның, бұлт төнбессін,  
Иллахи шын, көзінде от сөнбесін.  
Әз ағалар ортамыздың сәні ғой,  
Жұз жасасын жүре берсін, өлмесін.

10.10.06.



## *Aжар*

Нәресте жаңа туған Ажарымыз,  
Үш үйдің ортасында базарымыз.  
Тәп-тәтті қызықтарын қызық көріп,  
Ажарда бәріміздің назарымыз.

Талпақ танау, қоп-қою қара шашы,  
Сұлұлықтың белгісі қара қасы.  
Ақылдың қабы болар Алла жазса,  
Жұп-жұмыр домалапған мына басы.

Күлімдеп, күбірлейді мәз болады,  
Коргенде қоңілің қоктеп жаз болады.  
Әкесі айрықша тебіреніп,  
Көкіргіне кернеген саз толады.

Бақытты бол бәбекім, ақылды бол,  
Тілеймін өміріңе адал, ақ жол.  
Білімді, инабагтты, өнегелі,  
Жұртыңың абзалы бол, асылы бол.

11.10.03.



## **Ақ жол тілеп болашақ адамына** (Ажарымыздың жасқа толғанына)

Тәп-тәтті сүп-сүйкімді сәби күлкің,  
Былдырлап, еріндерің бұлтың-бұлтың.  
Әлде неге ренжисің бұртың-бұртың,  
Доптай болып толысып екі үртүң.

Жұпар иісің кеудемді кенітеді,  
Кокіректі жұмсағың, жібітеді.  
Қылығыңнан құрмалдық, құлыншағым,  
Өзгелерден өзгеше өзің, тегі.

Тәй-тәйлауға талпынған талабыңа,  
Алғашқы алшак басқан қадамына.  
Бақытты бол қуанам қарал тұрып,  
Ақжол тілеп болашақ қадамына.

Тұыстар бол тоймайық қызығыңа,  
Сүйсініп ертелі-кеш қылығыңа.  
Тілейік ер жетсін деп, адам болып,  
Талантаның Таланттың қызы мына.

11.07.04.



## ***Бұлдіргіш бұлдіришін***

Көршімізде Ажар деген бұлдірішін,  
Бір нәрсөні қойғандай-деп «бұлдірсін,  
Үйдің ішін астан-кестен шығарып,  
Аударсын да, төңкерсін де, сындырысын».

Өзінді алдан, өп-отірік күледі,  
Көзің тайса бұлдіріп ол жүреді.  
Тиіп кетсе, қылп кетер қияңқы,  
Зиянкестік қылығы бар үнемі.

Кіріп кетсе орамга гүл жұлады,  
Жұлып тастаң, қасқын-ақ тұрады.  
Үйге кірсе опыр-топыр секіріп,  
У-шуынан құлақтарың тұнады.

Кейде Ажар шектен мұлде асады,  
Бұлдіріп ап, өз үйіне қашады.  
Әлден уақыт арсаландаң келеді,  
«Сағындым!» деп, апа ашуын басады.

Бұл не деген ерке тотай кекілді,  
Баяғының қасқунемі секілді.  
Қашан гана риза болып айтамыз:  
«Ажар біздің, есі кірді, жетілді!»



## Ышқыр

Біздің қазақ өткір тілге шебер-ая,  
Кемшілікті көрсө мінеп, шенер-ая.  
Шалағай бір қылық көрсө адамнан  
Ұқастықты тауып, таңып, теңер-ая.

Мысалы бір азamatтың санасы,  
Тайыз болып, қылышының шаласы.  
Қайталанса ол жігітті «ышқыр» деп,  
Атаса егер, ешкімнің жоқ таласы.

Көтере алмай әзілінді бұртиып,  
Ашуланса қалар лезде қыртиып.  
Жолдастармен жайлы, сыйлы жүрерін,  
Қатынасын үзер байғұс күрт тиып.

Неден ғана жаралды еken жүрегі,  
Өп-өтірік сайқалдықпен күледі.  
Құбылжыған ауа райы сияқты  
Ала пейіл, ала көніл жүреді.

Сіреседі кеудесіне наң пісіп,  
Мұрны кекке көтеріліп, тәні ісіп.  
Адамсиды ақыл айтып әркімге,  
Әрбір істің білетіндегі мәнісін.

Жайшылықта дос бол желдей еседі,  
Екі дайда ат құрығын кеседі.  
Мұндай жылтыр, түрлаусызды қазағым,  
Қатесі жоқ нагыз «ышқыр» деседі.



## **Балдай тәтті балалықты сағындым**

Ұзак күнгі ойыннан ұшып түсіп,  
Түске дейін ұйықтал, балқып, пісіп,  
Ояның бауырсақ жеп, қатық ішіп,  
Масайрайтын балғын күнді сағындым.

Уайым мен мұң шерінді ұмыттып,  
Ойнап кетіп, күш-куатың құрытып.  
Аңдамай-ақ ауганын кес ымырттың,  
Тым қызықты тымық тұнді сағындым.

Тал шыбықты ат қып мініл алатын,  
Жарысатын, ойран-тоныр салатын.  
Артымызда бұркырап шаң қалатын,  
Балдай тәтті балашақты сағындым.

Ауыл сырты «Томар» атты шалшықта,  
Шалпылдатып су аралас балшықта,  
Алатығын кейде басты шанишп та,  
Азан-қазан базар шақты сағындым.

Шіркін, қамсыз, мұнсыз, қаниен қанерсіз,  
Алансыз бол, ешбір қауіп- қатерсіз.  
Қызығы мол, ала көніл әсерсіз,  
Мөлдір судай тазалықты сағындым.

Анашымның мейірленіп құшатын,  
Аймалайтың, бауырына қысагын,  
Аңсағанда маған құс бол үшатын,  
Сәби сәтті балалықты сағындым.



Балалық шақ- арайлы атқан таңсәрім,  
Әрнәрсеге ауып жүрген ансарым.  
Көніл көлдей, шуагы мол, шіркін-ай,  
Балаусадай балған кезді аңсадым.

Екі бис емген жуас құлындаі,  
Құдайдың бір еркетотай құлындаі,  
Қатарынан екі ананың ұлындаі,  
Аланы жоқ албырт кезді сағындым.

\*\*\*

Уақыт деген зымырап өтетін тез,  
Қылтиып балауса мұрт өсетін кез.  
Жігіт бол қалыптасар өзге мінез,  
Мен жалынды жастықты сағынамын.

Бойжеткенге көз қырын салатын кез,  
Қыздардың жолын тосып бағатын кез,  
Нәзік сезім оянып қалатын кез,  
Есің кеткен «мастықты» сағынамын.

Еске түсіп өткен-кеткен, қайдагы,  
Балдай тәтті балалықтың айғағы.  
Ең алдымен әжетайым қолынан,  
Талай жеген каспағы мен қаймагы.

Отқа көмген таба наны, айраны,  
Ерекше еді дастарханды жайғаны  
Мен ішкенге өзі тойған секілді,  
Көз алдымда жамалының жайдары.



## *Достардан қанша айрылдым*

Қарап тұрсам, шіркін-ай,  
Достардан қанша айрылдым.  
Әр қайсысын қайысып егіліп тұрып, қайғырдым.  
Сұм ажал бәрін бір-бірлеп алғып кетіп жатқанда,  
Дәрменім жок, әйтпесе арашага сай түрдым.

Қыларсың бұған не дауа, таусылған соң дәм-тұзы,  
Өкінішті, ажал жеткенде, адамдардың әлсізі.  
Кез алдымда тұрады жылаған өксіп ұл-қызы,  
Құлагымнан кетпейді, жұбайлардың зар сызы.

Достарымнан айрылып, жалғызырап жүремін,  
Есіме алсам елеңдеп, елжірейді жүрегім.  
Бас қосқанда базарлап, абыз әзіл-калжынды.  
Оспақ ойын күлкіні, сағындым, әбден жүдедім.

Көрінесек біраз күн, құшақтасып алушы ек,  
Тайрақай да майрақай, мәз-мәйрам боп қалушы ек.  
Тай құлышнадай қағысып, әзілменен алысып,  
Тереңнен алып, ағытып, шынарай сырга қануны ек.

Анда-санда алаңдап, достарымды сағынам,  
Еске түсіп кеткенде сары уайымға салынам.  
Ол дүниенің қызығын достарыма берсін деп,  
Арнаулы дүга оқысам, Аллага шын жалынам.

Зиһарат етем әрқашан, аралап тегіс бастарын,  
Бір аунап түссе екен деп, аруактары достардың.  
Жүректе берік сақтаймын, бейнелерін ақжарқын,  
Білсінші мына біздердей артта қалған дос барын.

25.02.07



## ***Тыраштық***

Жаны жайлау, кең пейіл қазақ жүртү,  
Әлемде жоқ өтс бай, гажап гұрпы.  
Қырық күн тойлан, отыз күн ойын жасап,  
Дархандықты паш еткен қазақ ұлты.

Өлім- жітім жабдығын шара қылыш,  
Откерем деп өзінше қазақшылық,  
Шектен асып кетеді, төгіп-шашип,  
Корсетеді, шіркін-ай, дарақылық.

Дарақылық, тыраштық қатар ұгым,  
Зіл-қаратас арқаға артар жүгін.  
Байға қарап байғустар таусылады,  
Білдірмеген болады сақтап сырын.

Борыш-қарыш алады, шашылады,  
Қалыспай, бір-бірінен асырады.  
Ергенгісін ескермей, есептемей  
Күт-береке дегенді қашырады.

Мәгелді: «Өлім бардың малын шашар,  
Жарлы, кедей, байғустың артын ашар».  
Ұмытамыз, төгеміз барды-жоқты,  
Өшер ме екен аса бір салтым нашар!

Жалау стіп жамылып садақаны,  
Бай қымбат қәделерді тарагады.  
Төгіп-шапқан осындай дарақылық,  
Сорлыны согып, жерге қаратады.



Өлімге екі-үш жылқы сойылады,  
Үш-төрт қойдың басы да қойылады.  
Шаригатқа жат қылық, асқыншылық,  
Қашан ғана, халқым-ау, жойылады.

Зиратқа күмбезден үй салғызады,  
Тастарын мрамордан алғызады.  
Исламның дініне қайшы келіп,  
Құран көрім талабын сан бұзады.

Көйлек, кастюм тарату керегі не,  
Жыртысты үлестіріп берері не?!

Қолы қысқа қысылып, тыраштанып,  
Қолы ұзын еріккенге ерері не?!

Құрметпен салт-дәстүрді мәнді етейік,  
Сыпайы, сырлы, әсерлі, сәнді етейік.  
Жаңа заман талабын ту қып ұстап,  
Әлемге ғұрпымызды тәнті етейік.



## *Швейцар сагаты*

Қайрат берді Швейцардың сағатын,  
Кәдімгідей білегіңде тағатын.  
Бар әлемге әйгілі бұл жәдігер,  
Салтанатты сәтте сөнгө салатын.

Мына сыйлық атақты да тамаша,  
Куанамын сыртылына балаша.  
Сагаттардың талайларын тақтым гой,  
Бірақ бұған таңданамын жаңаша.

Мұндай сагат көргесм ағам колынан,  
Оралғанда қан майданның жолынан.  
Жас баламын. Қызығушы-ем тамсанып,  
Ойламаппын деп қарттықта жолығам.

Орындалып сәбилік бір арманым,  
Тамаша гой асыл сыйлық алғаным.  
Заты да емес, мәргебесін айтсайшы,  
Бұл сағаттың атағы жер жарғанын.

Аз жүрем бе, көп жүрем бе белгісіз,  
Дәл уақытын білер болдық енді біз.  
Бұл сағаттың сыртылы да сиқырлы,  
Әр секунды бір тәулікке бергісіз.



## *Сен жігіт, Ойрат*

Сен жігіт Ойрат,  
Жүресің сайрап,  
Ақаңды көрсөң  
Кетесің жайнап.  
Еркің тым босан,  
Жігерің осал,  
Алдыңа келсе,  
Шамаң жоқ тосар.  
Құлқының қышым,  
Жұз грамм ішіп,  
Кілмиіп көзің,  
Қаласың пісіп.  
Бет аузың солбыр,  
Қимылың болбыр,  
Атаңнаң қалған  
Ас па еді сол бір?!

Беу жігіт Ойрат,  
Ішсөңші жайлап,  
Әйтпесе бір күн  
Қаласың жайрап.



## *Bір сұлуды көргенде*

Білмеймін, ерлік сезім тозып па еді!  
Кек дөненмен көнілім озық па еді!  
Бір сұлуды көргенде есім кетіп,  
Карт қуатым жаңғырып, қозып та еді.

Ішімнен «Уа шіркін!» деп қапаландым,  
Ыңдыным кепкендей-ақ қatalандым.  
Жылдар құргыр зымырап өте шықты,  
Несіне тұра тұрмай сақаландым.

Сұлуды бастан аяқ шолып тұрмын,  
Жарқ еткен тәтті ойға шомып тұрмын.  
Қызу қиял бойымды билеп кетіп,  
Аққу болып айдынга қонып тұрмын.

Сезесің бе қарағым, азабымды,  
Өртеп тұрган тұлғамды, аза-мұнды.  
Таусылды ғой шыдамым, ынты-зарым,  
Тояттауға өзіңдің ғажабынды.

Ес шықты, еріп, елтіп, құшсам деймін,  
Төс тақасып, бауырыма қыссам деймін.  
Ләzzэтінен күш алып, қанат бітіп,  
Құс болып кок аспанға ұшсам деймін.

Шіркін-ай, ерініңен өбср ме едім,  
Мұсініңді аймалап көрер ме едім?  
Тұл бойымда бір тұтін тұтанғанда,  
Отыңа өртенуге көнер едім.



Осылай, сезім билеп, мұлгіп тұрдым,  
Қиялдың тереңіне сұңғіп тұрдым.  
Әттең дүнис-ай, қарамай кетіп қалды,  
Сол сұлуды суюге құмар болып,  
Тағы бір кездесуді мұң ғып тұрдым.

Қажымас, қайрат жігер, мұң болдың-ау,  
Қарттықтың мендегені шын болды-ау  
Ауыздықтап жадағай мініп алған,  
Әй, кәрілік, сұмырай, сұм болды-ау!

### *Қажының қалжыны*

Ардагерлер Қызылжарда жиналдық,  
Сол жында бір-бір конверт сый алдық.  
Ескі достар кездестік те қауыштық,  
Бірін айтып, келесіге ауыстық.

Зеке қажы конвертті ашып жар салды,  
Куанышын алақайлап қарсы алды.  
Департамент мол шығынға барыпты,  
Құттықтауға бес мың ақша салыпты.

Бұл құрметке қалдық біздер марқайып,  
Көңіл толып, разы болып, шалқайып.  
Куанғаннан мен конвертті ашпадым,  
Көргенім жоқ түсін-түрін ақшаның.

Зекең маған бұра берді көнілді,  
Көпшіл қойып жатқандай боп көрінді.  
«Бөкең біздің көнілді сый алған соң,  
Қалтасына бес мың теңге салған соң!»



Аңқау басым бұл қалжынды сезбеппін,  
Қажы ағамның әзіліне кез кеппін.  
Күліп-ойнал тараганда үйді-үйгес,  
Қоштастым да, нық-нық басып тез кеттім.

Жолда тоқтап, бір дүкенге барайын,  
Әйеліме бір сыйлықты алайын.  
Бес мыңымды төлейін деп қоқып,  
Конвертті ашып маңгазданып қарайын.

Кек тиын жоқ кек конвертті апқаным,  
Өзі түгіл исі де жоқ ақшанын.  
Өз көзіме өзім мұлде сенбеймін,  
Дүкеніпіден үят болды-ау сасқаным.

Сонда сездім қатырғанын қажының,  
Оқ атқандай аңы, зілді қалжынын.  
Қап, қап! Мына әзілдің тосыны-ай,  
Аяқ асты алданым ғой осылай.

Иә, Зеке ага, бір де ноль гып ұттың-ау,  
Сайлап тұрып садағынды сұқтың-ау.  
Қапылыста қақпаныңа түсіппін,  
Әттеген-ай, пилюлінді жұттым-ау.

Бір «бомбаны» мен де саған даярлап,  
Жайын тауып, жамбасыма алармын.  
Абайсыздың бір торым түсіріп,  
Алақайлап, мәз-мәйрам боп қалармын.



## *Машекерге сыр*

Машекер есеп сұрадың,  
Есепті былай құрадым.  
Он күн болдым жұмақта  
«Жеке батыр» тұрағым.

Жігіт пен қыз секілді,  
Жүргім жаңып лепірді.  
Сексен рет сүйістік,  
Тоқсан рет түйістік.

Тоқсаннан тың өткенде,  
Тоқсан бірге жеткенде.  
Жерден бе, әлде көктен бе,  
Бір сұлу маган кез келді.

Мен ондайды сөккем бе,  
Сөгүте мұршам жеткен бе,  
Айалалы ма өктем бе,  
Әйтеуір бәрі тез болды.

Сол сұлудың құшагы,  
Бөкенді бекем тұсады.  
Кор қызына ұқсады,  
Қызына жандым ғой.

Одан алар ләzzәтім,  
Таңғажайыш рахатым.  
Сел себелін тататын,  
Кезім келіп қалды гой.



---

Сүйіп, құшып, аймалап,  
Жанды жерді қайдалап,  
Сипалаймын, майдалап,  
Жанып кеттім от болып.

Оянып кетсем Күн-екем,  
Қасымда менің тұр екен,  
Бәрін сезіп жүр екен,  
Сұлу кетті-ау, жоқ болып!

Тоқсанға келіп балқыппын,  
Қалғып жатып шалқыппын.  
Айдынында сұлудың  
Тұсімде жүзіп, қалқыппын.

Төғыз ауыз өлеңдің  
Бар түйіні тобықтай.  
Жігіттер жүр гой өңінде,  
Кор қызына жолықпай.

2000 жыл.



## *Aқ шелек* (әзіл)

Орамымда тұратын ақ шелегім,  
Тайымызға апарып жем себетін.  
Бір кеште үшті-күйлі, жоқ боп кетті,  
Білмеймін сенерімді сенбесімді.

Жогалды жем беретін шелек жалғыз,  
Сайтан алып кетті ме, ойлан да лмыз.  
Құдай-ая, кім ойлаған мұндай жайды,  
Нәрсе тықпай тастайтын бейқам жанбыз.

Басқалардан іздеуім жалған екен,  
Шелекті Құлшат балдыз алган екен.  
Ақ шелек бұлқан-талқан, жылай-жылай,  
Сорланып сарайда ол қалған екен.

Жем жей алмай тұр, әне, тайым мұнды,  
Төлерсің балдыз жан-ая, айыбынды.  
Көрсектен мүшкілінді өтеуіңе,  
Жездене білдірерсің дайынынды.

*Қарааша, 2007 жыл.*




## *Тұыс деген тұыс болар әрдайым*

Айтып жүрем ағам сөзін нақыл ғып,  
Агайынга айтқандарын ақыл ғып:  
«Тұысыңиан артық емес көрші, дос,  
Қанша оларды сыйласаң да жақын ғып.

Тұыс деген тұыс болар әрдайым,  
Есте болсың, ең жақының – ағайын.  
Жолдас-жора, қажылар мен моллалар,  
Бәрі отшелі, осыны еске салайын»

Жатты сыйлап, өзін кейін ұстайтын,  
Тұыстар бар әлдекімге ұқсайтын.  
Әттең ағам бір тіріліп келмейді-ау,  
Көзін шұқып надандығын үұсқайтын.



## *Октябрьдің «басы»*

Тәрт ай болды Октябрьді тосқалы,  
Елге келем деген бар да жоспары.  
Күте-күте екі қозім тәрт болды,  
Енді отырмын тағы бір-ай қосқалы.

Қыркүйекте әкеп семіз бір қойды,  
Өзіңде арнап әдейілеп бір сойдық.  
Келмеген соң ауыл жұртын шақырып,  
Кәре болып көрші-қолаң бір тойды.

Қазан өтті, Қарашага бір малды,  
Саған ариап Болат оны тірі алды.  
Бүтін-ертең кеп қалар деп сойып-ек,  
Басын үйтіп саған сақтап қойып-ек.

Еті әне түр асылатын асы деп,  
Мүшелері мал сойғанның расы деп.  
Гүлнар басты еш қонаққа салмайды,  
Сактап отыр Октябрьдің «басы» деп.

*Желтоқсан 2007 жыл*



## *Mұdde*

Адамдарда мұдде деген ұғым бар,  
Берік ұстап жүр гой оны мығымдар.  
Табыстарын қабыстырып қояды,  
Мұқиятта кірістер мен шығыстар.

Биік қылыш қара бастың мұддесін,  
Үйлестіріп үйдегі мен тұздесін.  
Абайлагын айналаңың ажарын,  
Қылығыңа жұртың құліп жүрмесін.

Жалын тартып, ат үстіне мінгенсін,  
Жатсаң, тұрсаң еліңменен біргесің.  
Міндеттің шаңырағын көтеріп,  
Ныгайтуға ауылышың іргесін.

Ел мұддесі – сен сіңірген еңбегің,  
Әрқашан аз алғанышынан бермегің.  
Тапқанына қампитың ап қарынын,  
Семіргеннің соңынан сен ермегін.

Алдамшы өмір қызығына беріліп,  
Құрмаған жөн қылықсыз жат серілік.  
Джипке отырып, котедж сап үш қабат,  
Байлығыңа пісің, тойын семіріп.

Ел мұддесін өз мұдденінен биік көр,  
Қызыл-жасыл мансабынды тыйып көр.  
Жаратылған топырағынды торқа етіп,  
Өз әліңше ел байлығын жиып көр.



Жүрмегейсін өз жұртыңнан жерсініп,  
Көрсетпегін көрсөкүрлік, ерсілік.  
Бабалардың өсіетін ұмытпа,  
Әр ісіне жатсын адал тер сіңіп.

Үк сен, мақтан, ұлы қазақ ұлысың,  
Егеменді еліңнің сен құлысың.  
Елім деп еңіреп туған Едігесін,  
Әр азамат осыны нық ұғынсын.

### *Kіндік жайлыш*

Кіндік деген қасиетті ұғым ғой,  
Санамызга салады ол жұгымды ой.  
Жер кіндігі бар әлемді ұстап тұр,  
Күш-қуаты жарықтықтың мығым ғой.

Кіндік кескен жерім дейміз дәріппеп,  
Сағынғанда жүреміз біз барып кеп.  
Топырағында аунап-қунап, асыр сап,  
Құлпырамын өзіңден нәр алып кеп.

Кіндік шеше адамның бір анасы,  
Қадірлейді оны кіндік баласы.  
Кіндігінді кім кессе деп ырымдар,  
Тартар соган мінезі мен санасы.

Бір Алланың жазуымен жаралып,  
Құрсағында кіндігімен нәр алып.  
Бұл дүниеге келгенінде шыр етіп,  
Кіндік кесер ғұрпымыздың бары анық.



Біздің қазақ қастерлеген ғасырлар,  
Кіндіктерін әдеппенен жасырап.  
Әсірессе әйел адам кіндігін,  
Ашса оның ар ұяты ашылар.

Салты келіп батыстың әлек болды,  
Қыз, келінге жаман, жат әдеп қонды.  
Жарқыратып кіндігін ашып жүру  
Осы күні масқара әдет болды.

Жүр ғой бүгін көшеде қыз-қырқының,  
Қашырып қасиетін түр-шырқының.  
Қарны, белі, бөксесі жап- жалаңаш,  
Көрініп қақ жартысы мықынының.

Кіндігіне қояды темір тағып,  
Тұрсын деп жігіттердің көзін шағып,  
Қайран қара көздерім қадірлекен  
Барасындар, ойпырау, қайда лағып.

Алқам-салқам жұргені аз ба екен,  
Ата-анасы осыған мәз ба екен?!

Салт-дәстүрден бейбақтар жүрдай болып,  
Ар-ұяттан айрылып, азган ба екен.

Осы жәйт біздерді мазалайды,  
Ашындырып жанынды жазалайды.  
Имандылық оралып арамызға  
Қашан бұл зіл кеселді тазалайды.



## *Aқ қайын*

Ауылымнан аулама әкеп ақ қайын,  
Отыргыздым, мәпелеймін, баптаймын.  
Суарамын, тонырағына нәр беріп,  
Қарашықтай әр бұтағын сақтаймын.

Бұл аққайың ауылымның көзіндегі,  
Өсіп келед әсем, сұлу, өрімдегі.  
Жылдар өтіп бәйтерек боп жайқалар,  
Үриағыма көрінер дәл козімдегі.

Агаш егу дәстүр болған салтпенен,  
Келер жылы тағы бірін ап келем.  
Өссін биік жапырағы жайқалып,  
Ескерткіш боп балаларға экеден.

Аққайындар айналаның сәні гой,  
Жасыл желең салтанаттың мәні гой.  
Жалырақтар сыйдыр қағып сыр шексе,  
Табиғаттың сазды сұлу сәні гой.



## *Tarazы*

Таразы – салмақ өлшер аспабымыз,  
Белгілі таразыға асқанымыз.  
Айдай анық әрдайым игі істі  
Тегжейлеп, таразылап бастарымыз.

Өткізсек салмақтаң ап таразыдан,  
Салиқалы ой туар санамыздан.  
Абайлап, жеті өлшеп, жеті пішіп,  
Лайтарда таразыға саламыз сан.

Таразы – құралы гой даналының,  
Ақиқат ақылшысы саналының.  
Таразы – жанашырың, ақылшы шың,  
Жебсуші, жетекшісі амалыңың.



## *Парижге сапар*

Іс сапармен Францияға аттанғам,  
Агробизнес мектебінде бапталғам.  
Сайран – құру әркімге де мәртебе,  
Мен Парижде болғанмын деп мақтанам.

Заңғар биік Эйфель мұнарасына,  
Тебіреніп бардым оның қасына.  
Өмірімде есте қалар сол бір сәт,  
Котерілдім зәулім биік басына.

Төбесінде аспанменен таласқан,  
Тұрып тұнық тұңғиыққа қарасаң.  
Сүйсінесің келбетіне шаһардың  
Есіміне әсемдігі жарасқан.

Қастері мол мына Париж қаласы,  
Қасиеті зор Елисейдің даласы.  
Жұмақтың шыққандай бір төріне  
Сезіндім мен қара қазақ баласы.

Монмагрдің тобесінде мейман бол,  
Думандаттық сайран құрып, бейқам бол.  
Көп ұлтардың өкілімен қауыштық,  
Сол кешіміз етті әсем мейрам бол.

Араладық әйгілі әлем бұрышын,  
Қандырдым-ау қоңлімінің құрышын.  
Қызықтадық әл-ауқатын, тұрмысын,  
Француздардың жүрісі мен тұрысын.



Савой деген университет бар екен,  
Қабыргасы ғалымдарға бай екен.  
Әлемдегі әйтілі оку ордасы  
Заты дағы атына әбден сай екен.

Нарық мәні - бизнеспенен таныстым,  
Оқып, біліп қырын-сырын сан істің.  
Екі жұма шанырағында отырдық,  
Азын-кемін білімімнің толтырдым.

Франция - өркениетті ел екен,  
Әр адамға бір көретін жер екен.  
Әр адамның арманына айналған  
Жұмаққа тең қасиетті ел-мекен.



## *Kүміс қасық*

Жеңешем сыйға берген күміс қасық,  
Жіберіпті Ресейден елден қашық,  
Ерекше қадірлеймін асыл затты  
Келтесін талай жердің шебін асып.

Бұл қасық басқаларға ұқсамайды,  
Өзімнен басқа бір жан ұстамайды.  
Сол қасықпен аламын бал мен майды,  
Мейірім қанып ішемін қою шайды.

Әсия жеңешемнің сыйлығы бұл,  
Мен үшін баға жетпес қымбат бір пұл.  
Жәдігер боп қалады менен кейін,  
Сервантта ескерткіш бол тұрсын деймін.

Жеңешем сыйға берген күміс қасық,  
Жыл сайын бара жатыр құны асып.  
Қолымнан ешбір уақыт тастамасын,  
Байлышым кетсе дағы асып-тасып.



## *Ресей қонақтары*

Алыстан ансан елге Ерік келді,  
Жұбайы, балалары еріп келді.  
Қарагердей жап-жаңа тұлпар мініп,  
Желдей есіп, желпініп, желіп келді.

Бауырлардың салары оң, жолы жарық,  
Жетіпті сағынышты алға салып.  
Женямыз қуанышқа бөлсеп келді,  
Университет бітіріп, диплом алып.

Құшақ жайып қарсы алды туган елі,  
Ата жұрты Құдайберді Сәрбелі.  
Нұ-орман, жасыл дала-кең жазира,  
Аймалап, хош іісті самал желі.

Сыландаған ерке Есіл жағасында,  
Қалың тогай талының арасында  
Күн иұрынан қуат ап, асыр салып,  
Асқақтап бұла өскен баласың да.

Сағының қалсаң керек ауылыңды,  
Жарғайың мен Қызылжар қауымыңды.  
Құмарыңды, мауқыңды алшы басып,  
Құшақтан үлкен-кіші бауырыңды.

Келдіңдер Еділімнің жагасынан,  
Байырғы қазағымның даласынан.  
Бұл күнде жайлауымды жайлаған жай –  
Саны жоқ сары орыстың арасынан.



Жүріңдер, көрсетейік Астанамды,  
Жайнаған, жарқыраған бас қаламды.  
Күн сайын, сағат сайын гүлденуде,  
Көркімен таңдандырып бар ғаламды.

Бұрылып Бурабайга жолыгайық,  
Күміс көлдің суына шомылайық.  
Жерүйық, жұмағында аунап-қунап  
Тайрақай-майрақай боп шала байып.

### *Тұрағым – жұмак*

Айналамды қоршаған қалың орман,  
Дүлей дауыл, бораннан нағыз қорған.  
Ақ қайың жасыл желек желбіретіп,  
Жерімнің салтанатты сәнін курған.

Қарағай көк аспанға қолын созып,  
Өрлейді басқа ағаштан бойы озып.  
Көк майса жасыл кілем жазығымен  
Өз елім өзгелерден тұрады озық.

Керілген ксң даланың кеңістігін,  
Құлпырып тұр жайқалған егістігім.  
Дән сепкен диханшымын, сүйсінемін,  
Көргенде егінжайдың тегістігін.

Ерке еіл мың буралып ағып жатыр,  
Сан елдің сары даласын алып жатыр.  
Құнарлы да шұрайлы алқасында  
Мыңғырған малын ауыл бағып жатыр.



Көлдердің арасында тұрамын мен,  
Жұмақтың дәл өзіне тұрағым тең.  
Жұпар иісі аңқыған ауа қандай,  
Кеуде керіп жұтамын, тынысым кең.

Табиғат қойнауының тиесі мол,  
Жер жидек, бұлдіргені, шиесі мол.  
Түгін тартсаң май шығар сансыз байлық,  
Жершүйік, қасиеті, киссі зор.

### *Bey, aқсақал, құлақ тұр*

Сақал мұртсыз қарттарымның қатары,  
Негайбыл-ау ақсақалга жатары.  
Қашанғы олар көктүқыл бол жүреді,  
Ожім болып суалғанша жақтары.

Жоғалттық па бабалардың дәстүрін,  
Басындағы көрші бес тал шаш түрін.  
Жып-жылмагай жүрсөң сірә әлі де,  
Ойлайсың ба сақталар деп жас күнің.

Кезің келді егде жаспен санасар,  
Қариялық қасиетке жанасар.  
Көпті көрген көнекөздің көркіне  
Әдемі мұрт, сұлу сақал жарасар.

Жатырмыз ғой ұмытқанды еске алып,  
Жақсы дәстүр оралуга дес салып.  
Талаптансан ғағыз қазақ болам деп,  
Қалмайықшы игі істерден кең қалып.



---

Жастарға біз үлгі-өнеге болайық,  
Нагыз қарттар қатарлары молайып.  
Өткен заман өрісінде өрледік,  
Өзімізше өзгергенде жоқ айып.

Ақсақалдар деген асыл атақты,  
Халқым бұрын құрметпенен атапты.  
Игілікті әрбір іске адамдар  
Ақсақалдан ақ тілек, бата алышты.

Жүрмейікші көк түқыл боп сорайып,  
Сақал-мұртты жаразтырып қояйық.  
Өткен заман өзіменен өтті гой,  
Жақсысын ап, жаман жағын жояйық.

Беу, ақсақал, айтқаныма құлақ түр,  
Әмір сені сенімменен сынап түр.  
Сақал-мұрттың әр талына кона алмай,  
Перштелер өкінішпен жылап түр.

Ақсақалдың атына тән ылайық,  
Сақал-мұртпен қатар түзеп шығайық.  
Бабалардың салт-дәстүрін жаңғыртып,  
Жаңа өмірді әсем, сәнді қылайық.



## *Өкеме хат*

Ассалаумагалейкүм, Әлібеков!  
Науқастан жатырсың ба әлің кетіп.  
Налыма айналайын, асыл досым,  
Ертең-ақ айығарсың бәрін женіп.

Берік бол мендемессін сары уайым,  
Тілейміз жар болсын деп бір құдайым.  
Еңбегі жанар сірә күні ертең,  
Жапында ертелі-кеш жан-жұбайың.

Қасынан табылуда балаларың,  
Аямай қолдан келер беріп бәрін.  
Тұрмаяға правоң жоқ тілеп жатыр  
Ел-жұртың, достарың мен жарапдарың.

Қайраттысың, қайсарсың болбырама,  
Сендей жігіт мұндаїда болдыра ма?!  
Ляқ-қолды қымылдат, дамылдама,  
Аурудың қыл дегенін қабылдама!

Күтеміз бетті бері бұруыңды,  
Асығып аяқтан тез тұруыңды.  
Оралың қасымызға қасқа басым,  
Ойнап, күліп мәжіліс құруыңды.

Аман бол асыл досым Әлібеков,  
Тезірек түрегелші әлің бекіп.  
Қосылышы қатарыма алшаң басып,  
Саулығыңды әлемге мәлім етіп.

*Шынаңы достық тілекпен Болатың.  
5.04.2008 жыл.*



## **Татулықтың үлгісі** (Күннэр, Күлшәт, Айгүлге)

Үш аналы-сіңілдері бір елде,  
Көрші болып қоныстанған бір жерде,  
Тату-тәтті өмір сүріп келеді,  
Олар да жоқ реніш те, кірбен де.

Күліп-ойнап, хош көнілді күй кешіп,  
Сый құрметке бөленіп жүр үйлесіп.  
Ашыны да, тұшыны бір көріп,  
Ауыр жүкті көтерісіп, сүйресіп.

Бұл үшеуі -татулықтың үлгісі,  
Бір-біріне жан ашырлық -үрдісі.  
Асар жасап жиылады, жабыла,  
Бір-бірінсіз бітпейді әсте бір ісі.

Қызығады, сүйсінеді сыртынан,  
Жылы лебіз білдіргендер жұрттынан.  
Той-думандай тогыз күндей өтіпті,  
Тоғыз жылғы тұтас болыш бір тұрған.

Қалай гана атамассың ананы,  
Ақ сүтімен аялаган баланы.  
Ұлағаттық үлгілерін кондырып,  
Бойларына құйған ақыл-сананы.



## *Самауырдың шәйін-ай*

Не тең келер самауырдың шайына,  
Ішесің-ай, көңіл күйің жайыла.  
Мейірің қаның терлең-тепшіп отырып,  
Бас аурудан кетесің-ау айыға.

Ак самауыр аналарым ұстаган,  
Ол бар жерде құт-береке ұшпаған.  
Ызылымен ән сап тұрса сызылтып,  
Кәдуілгі сазды аспапқа ұқсаган.

Ак самауыр шаңыраққа сән берер  
Суы шәйға ерекше бір дәм берер.  
Ауылдағы көне көзді қарттарым,  
Қызыл шырай шәйға ерекше мән берер.

Жонқа, қабық, қожырмаққа қайнайды,  
Көк түтіні орамымды жайлайды.  
Жалынынан шабыт алып, шарықтаң,  
Жанды жайлап, әнге бөлеп, сайрайды.

Коне заман көзі - қымбат жәдігер,  
Құндай білген отбасының сәні дер.  
Хош істі сол сусынга қанган жан  
Самауырдан шәй ішуге кәнігер.



## *Шаш алдыру*

Халқымда ғұрыптардың асылы бар,  
Шаш алдыру деген бір рәсімі бар.  
Кез келген ұстараны ұстамайды,  
Шаш алудың бір шама тәсілі бар.

Әр жігіттің болмаған өнерлі ісі,  
Әр ауылдың болған ғой өнерлісі.  
Ұстарасы қылпыған өткір келер,  
Шеберлікпен шаш алып берер кісі.

Қариялар соларға сенер болар,  
Сенгендері, әрине, шебер болар.  
Ондай жігіт сауабын алатұғын,  
Ақсақал ақ батасын берер болар.

Шалдарың шеберлерді аңдаушы еді,  
Арасынан сүйгенін таңдаушы еді.  
Шаш алуға жігіттер таласатын,  
Рахмет пен батасыз қалмаушы еді.

Заманиның жетістігі бәрі мықты,  
Тоқпен жүрер машинка деген шықты.  
Жақсылық жетті бүгін ауылға да,  
Жақсылығын кәрі де жас та ұқты.



## Жайнаған жасыл жаз күні

Есіктің алды кең жайлау,  
Көк майса көгал жайқалып.  
Қарағаш, қайың желменен,  
Тербеліп тұр шайқалып.

Қызыл, жасыл, кок гүлдер,  
Орамымда жайнап тұр.  
Құстар келіп қонақтап  
Ән салыш бәрі сайран тұр.

Салқын самал алқадан  
Бетімді баяу желшиді  
Ауаның жұпар исіне  
Тұла бойың елтиді.

Айнала орман жайқалып,  
Тыныштық сақтап мұлгіп тұр.  
Әр ағашы найқалып,  
Сәлемесіп шұлғып тұр.

Таза ауа жанға жағымды,  
Тұла бойым балқиды.  
Аралап жүрсем багымды,  
Шалқар шабыт шалқиды.

Жайнаған жасыл жаз күні,  
Жыл мезгілі әсемі.  
Құстардың салған сазды үні,  
Жанға жайлы әсерлі.



## *Cұмдық-ай*

Шалбар киіп тылтиып,  
Әрбір жері бұлтиып,  
Кіндік, белі жалаңаш,  
Келе жатыр тыртиып.

Алқам-салқам алқымы,  
Ашық-тесік арқылы  
Көрінеді көмескі  
Кеудедегі салнылы.

Бексе-белі тырсиып,  
Шалбарға қалай тұр сиып.  
Тізеден төмен жалаңаш,  
Сирақтары ырсиып.

Мол бексенің бұлкілі,  
Келтіреді күлкіні.  
Боксelerдің талайын,  
Көріп жүрміз бұл куні.

Бара жатыр дүр сылқым,  
Жарқыратып ту сыртын.  
Салбыраган шалбарын,  
Әрең ұстап тұр мықын.

Кес-кестеп келіп көлденен,  
Алдыңды кесіп өтеді.  
Өңменіңді көзімен  
Едірейіп, тесіп өтеді.



Сұмырай мына әдettі  
Үйреткен надан адам ба,  
Ұмыттырган әдепті  
Өтпелі осы заман ба?!

Сүмдық-ау мынау, сүмдық қой,  
Сүмдыққа іштей тындық қой.  
Келенсіздік келіп тұр,  
Қайтерсің, аңы шындық қой.

### *Озінді өзің сыйла*

Озеуреп өзге көңілін етіп шат,  
Бөтенге жарбандаудан болгайсың сақ.  
Ағайын-туғандарды қадірлей біл,  
Озінді өзің сыйла, сүйсінсін жат.

Жасы үлкен туысынды тәрге шығар,  
Құрметің ілінеді көзге сынар  
Ренжісс агайын әлде қалай,  
Өкпесін айтпаса да іште тынар.

Көршілер, жолдастардың бәрі өтер,  
Оларды туыстардан көрме бетер.  
Достармен сыйласып өт, қадырлес бол,  
Туысты қалт қалдыру болар бекер.

Озінді өзің сыйлау -сенің қақын,  
Болмайды туысынан ешкім жақын.  
Қаншама қадірлесіп жүрсөң дагы,  
Туысындей болмайды ешбір жатың.



Сағымдай қысқа өмір өте шығар,  
Бақылыққа баар жол төте шығар.  
Тату-тәтті сыйласып қалғаның жөн,  
Өзара көңілінді етлей шұбар.

### ***Толқынның туган күніне***

Сенің бүтін туган күнің, Толқынның!  
Таңнан тұрып соны ойлап толқыдым.  
Тірі жүрсөң еркелеп кеп айттар ең:  
«Мінекей мен отыз бірді тотырдым!»

Иә, жаным, отыз бірге келер ең,  
Көп қуаныш бізге сыйлап берер ең.  
Жақсылықтың дәнін қолмен себер ең,  
Мол өнімін талай рет терер ең.

Бұл заманға қылышыңмен лайық ең,  
Откелдерін етуге сен дайын ең.  
Биігіне шарықтауга қомданып,  
Қанатыңды қағамын деп жайып ең.

Әттең, әттең өтіп кеттің тым ерте,  
Өмір жасың болды-ау, балам, тым келте.  
Көз алдымда күлімдеген көздерің,  
Еркелікке еркін өскен шын серке.



## ***Балапаным, Баяным!***

Балапаным Баяным  
Екі қолды жаямын,  
Алладан сұрап, тілеймін  
Өміріңің баянын.

Баяним, жаным, құлыным,  
Жан жолдасы ұлымның!  
Жар бол, Алла, сұраймын  
Мен бір сенің құлыңмын.

Бұл науқасты жеңесің,  
Ауылға ертең келесің  
«Ой, попочка, мамочка!»  
Деп күліп сәлем бересің.

Ұзак болсын өмірің,  
Жаркырай берсін көңілің.  
Жарық сәуле шаша бер,  
Жұлдызы болып көгімнің.

Немеренді көрейік,  
Нәрестені өбейік,  
«Әлди, әлди, әлди деп»  
Ақ бесікке болейік.



## *Ел-жұртты мазалайды*

Көлденең көк аттылар келіп жатыр.  
Ебін тауып бауырга еніп жатыр.  
Қоллашған қолғабысын берген болып,  
Байлығын қазағымның еміп жатыр.

Байлыққа белшесінен батып жатыр,  
Шет елге емін еркін сатып жатыр.  
Қазагым өз елінде жалшы болып,  
Тағдырдың тауқыметін татып жатыр.

Шетелдіктер бас басшы әр істерге,  
Жетік болып нарықтық мәністерге.  
Жаны жайлау қазағым жайсан міnez,  
Жем болды үнділерге, кәрістерге.

Қайран қазақ соларға құл болып жүр,  
Еңбегі келимсекке пұл болып жүр.  
Келгендерден екі есе кем алады,  
Табыстары пұл емес, тұл болып жүр.

Ел-жұрттың аландаган мазасы көп,  
Шахталарда кездескен қазасы көп.  
Жұмысқа жайлы жагдай жасамаган  
Басшылардың алатын жазасы көп.

---



## *Құдаги-ау, қай шайқасқа қатыстың?* (Әскер мен Құләнға әзіл)

Құдағидың қақ маңдайы қал-қара,  
Қайдан келген, қандай өзі, қай жара.  
Құпия ма бұл жараның тарихы,  
Анықтайық, қолданған бұл қай шара.

Құдаги-ау, қай шайқасқа қатыстың,  
Кіммен ғана қай шайкада атыстың.  
Қандай ғана қан майданға кезіктің  
Жаулары ма шығыс пенен батыстың.

Не болды екен осыншама сорлайтын,  
Әскер қайда сені жаудан қоргайтын.  
Мекен-жайын, аты-жөнін айтшы оның,  
Наразылық нотамызды жолдайтын.

Құдағиым багырменен нар екен,  
Заты әйел болса дағы нар екен.  
Жаны олжа, жар болған-ау құдайым,  
Әскер сенің құрмалдығың бар екен.



---

## *Нұрға толсын қабырың* (Агам Қилаждың аруағыпта)

Тоғыз жыл толды жан ағам,  
Кеткелі біздің арадан.  
Асыл бейнесң мәңгілік,  
Кетпейді менің санамнан.

Егде тартып кетсем де,  
Шың басына жетсем де,  
Керек едің ақылшым,  
Келсем де мен сексенге.

Арындаپ кетсе қай ісім,  
Күйзелсем мойып қайысып,  
Жігер берсең, кетуші ем  
Дегеніңе сай пысып.

Қайғыма оргақ болушы ең,  
Қызығыштай мені қорушы ең.  
Ыстығыма қуюші ең,  
Суығыма тоңушы ең.

Нұрға толсын қабірің,  
Иманды бол, бауырим.  
Бейіште болсын тұрағың,  
Бакидың көрме ауырын.



## *Fали құдага наз* (әзіл)

Бізде жоқ қай базарға бардың, Фали?  
Басы жоқ қойды қайдан алдың, Фали?  
Бисмилла, аллаһу акбар айта алмай,  
Қалайша құрбандыққа шалдың, Фали!

Осы ісің айтшы, Гали, жаңалық па,  
Болмаса қапы кеткен шалалық па?  
Шынынды айтшы өзің, жасырмашы,  
Сол сойған қойдың басы бары анық па?

Откен айт екі басты салып едің,  
Былгы есебіңе алыш па едің.  
Үш бастан бұйырмады, мен қайтейін,  
Бір қулақ жей де алмай қалыш па.

Келер айт құрбан шалсаң ұмытпашы,  
Бар болса басын енді құрытпашы.  
Екі айттан алған мына тәжрибені,  
Ой електен өткізіп сұрыпташы.

*1.01.07.*



## **Қасапшы Жұмабек** (әзіл)

Жұмабек отағасы сыр жігіті,  
Қадыры асқан бірегей бір жігіті.  
Есслі енбек еткен біздің елде,  
Бұл күнде ауылымның дүр жігіті.

Жүкенің шыққан биік өз өрі бар,  
Мал сою қасапшылық өнері бар.  
Басқаға жұғыспайтын ұқсамайтын,  
Өзгеше өзінс тән өрнегі бар.

Мысалы, қой бауыздар кәсібі бар,  
Өзінің ерекшесі бір тәсілі бар.  
Жаңашыл Жұмекенің ойлан тапқан,  
Мал союдың сондай бір рәсімі бар.

Әуелі арқан-жібін сайлайды еken,  
Пышағын өткір етіп қайрайды еken.  
Койдың басын көтеріп керіп тұрып,  
Ашаға тартып, матап байлайды еken.

Багышты қой үстіне отырғызып,  
Жануар кетиесін деп оқыс тұрып.  
Алқым тұсын жобалап, бисмилла деп,  
Пышақпен үйкелейді оғып-бұғып.

Жұмекенің изеуі батып кетті,  
Қан шыгатын мезеті асып кетті.  
Жануар жүлкүнды да, жібін үзіп,  
Жан ұшырып ауладан қашып кетті.



Кой байғұс алып ұшып шыбын жанды,  
Зымырап, орғып-орғып кетіп қалды.  
Жұмекен қуып жетіп аламын деп,  
Жүгіріп екі өкпесін қолына алды.

Жұмекен жете алмайды, қайтер енді,  
Көңілін үміт үзген маза женді.  
Осы сәт ойда жоқта құдай айдал,  
Мотоцикл мінген бір жігіт келді.

Куып жетіп, қамалап, күш салыпты,  
Байғұс қой амалы жок ұсталыпты.  
Ана жігіт әп-сәтте бауыздапты,  
Жануардың ғұмыры қысқарыпты.

Елге тарап жайылды, аңыз болды,  
Жұмекен қасапшы деп нағыз онды.  
Қожалар пышақ жайын біледі гой,  
Кесерде айыратын онды-солды.



## *Байғұс бала, кетесің-ау, қаңғырып*

Ішімдікке кетіп жатыр тапқанын,  
Айлап ішіп мынау сенің жатқаның.  
Құдайдан да адамнан да қорықпай,  
Отбасынды алкогольге сатқаның.

Бөтелкемен құшақтасып туып па ең,  
Тәнінді алғаш арақпенен жуып па ең.  
О, масқара-ай, тоймаган гой құлқының,  
Ішімдіктің жолын күшп жүрсің сен.

Маскунемдік түбіңе әбден жетті гой,  
Адамшылық сенен қашып кетті ғой.  
Жүрдай қылып сана-сезім дегеннен,  
Жан-тәнінді жын мен пері етті гой.

Ішіп-ішіп қалдың міне мәңгіріп,  
Ес-тусі жоқ кәдуілгі әңгүдік.  
Қатын-бала жан ұядан безініп,  
Байғұс бала кетесің-ау қаңғырып.



## *Ұрыс деген*

Ұрыс деген туады екен жоқ жерде,  
Айту қынын оған себеп жоқ дерге.  
Шамаң келсе өзінді-өзің ұстай біл,  
Кенет келген ашуыңа жол берме.

Ашу алда, ақыл соңда деген бар,  
Бос ашудан талай таяқ жеген бар.  
Ұрыс деген тұңғиыққа батырар,  
Алып шығар, ақыл деген кемең бар.

Ұрыс болса, ырыс кетер дейді скен,  
Осыдан кеп адам опық жейді екен.  
Байсалдылық, ұстамдылық бойына  
Қонсын десен өзіңе өзің бол бекем.

Ұрыс деген татулықты бұзады,  
Келді дей бер керіс жолы ұзады.  
Ұрыс деген қайталана берсе егер,  
Төзімділік тамтырайды, тозады.



## *Қарала күшік коршіде*

Қанғыбас қарала күшік,  
Көршіге келін боп түсіп.  
Тамаққа тойып есін жиып,  
Алыпты ширатылып, пысып.

Жалбыраған түбіттері  
Ауылдың қанден жігіттері  
«Ойын-сауық» құру үшін  
Жиналды түрлі төбеттері.

Күнде шауып келеді қаптап,  
Жүре алмайсың аяқ аттап.  
Топырлаған тобырмен  
Бау-бақшаны кетеді таптап.

Күшіктер қаптап кетер-ақ әлі,  
Псарня болып үйдің маңы.  
Ит базары қайнап жатыр,  
Сол орамның келіп сәні.

Үй иесін құттықтайық,  
Кәндендерге жатыр байып.  
Малын сойып той өткізер,  
Дастарханын жұргқа жайып.

Жұзге жетсе сабалак саны,  
Көршінің туар ақсандақ таңы.  
Байлығы шалқып өсе берсін,  
Аман болсын мал мен жаны.



## *Anau үй тұр иесінен айырылып*


Анау үй тұр иесінен айырылып,  
Жұртта қалып, тұңжырайды қайғырып.  
Терезелер үнірейіп, түнеріп,  
Қалғандай-ак қанатынан қайрылып.

Орамында жан жоқ, жатыр қаңғырап,  
Жараланған аңға ұқсап, қансырап.  
Мұндай күйге неге тұсті, ойпырай,  
Жауабы жоқ жаудырсаң да сан сұрақ.

Үй иесі теккес көшіп кетті ме?  
Әлде, бәлкім, мүшкіл күйге жетті ме?!  
Мына үйді месе тұттай өзіне,  
Басқа жерден жайлы қоныс тепті ме!

Жақында сам, көрсем үнсіз түнегін,  
Сыздайды да шымырлайды жүрегім.  
Уа, ғаламат, не сыры бар бұл жайдың,  
Жаным толқып, тоз-тоз болып жүдедім.

*2010 жыл.*



## *Сәулешіме сенемін*

Бір қасірет маңайынды торыпты,  
Тағдыр сыны басына кеп қоныпты.  
Жарқыраған жанаарың да мұңайып,  
Сәулежаным, келбетің де солылты.

Қайғырудан қажыдын-ау, құлтыным,  
Жүйкен тозып, жүқарды-ау жұлнының.  
Асаяу тайдай асыр салып жүруші-ен,  
Сұм тауқымет салды-ау саған құрығын.

Сенің жайың бүйірімде жатады,  
Өзек ортеп жаныма тым батады.  
Бейнетіңнен құтылатын, балам-ау,  
Қашан сенің бақыт таңың атады!

Еркетайым, әкең сөзін тыңдашы,  
Кейіп, мойып, шаршап, тозып сынбашы.  
Қындықты тек күрескен жеңеді,  
Ауырлықпен алысудан тынбашы!

Бұл кезіккен оміріңнің белесін,  
Балапаным, сенемін сен жеңесің.  
Үмітінді үзбес талпын, талаптан,  
Куаныштың құшағына енесің.

Сенем саган сүрінбейсің, сынбайсың,  
Төзімменен өзінді өзің шындаисың.  
Маған тартып, қайсаrlықты қару қыл,  
Қыз болсан да қуаттысың, ұлдайсың.

*Маусым. 2010 жыл.*



## *Сәлем, жалғыз бауырым*

Сені ойлап, кетем кейде елендеп,  
Уайымга түсіп мұлде елендеп.  
Барып қалғым кеп тұрады өзіңе,  
Мауқым басып жадырап бір келем деп.

Сенің жайың жаныма тым батады,  
Жүрек сыйдал, жадымда әркез жатады.  
Түн ішінде оянганда ой женіп,  
Лунақшимын. Ағарып таң агады.

Тагдыр бізді алыстатты, бауырым,  
Тым шалғайда мына менің ауылым.  
Қасында боп, бөлісе алмай жатырмын,  
Саган түскен тауқыметтің ауырын.

Жақын болсам жұма сайын бараС ем,  
Ой жүгінді бөлісуге жараС ем.  
Иығыңда иығымды тірең аң,  
Ауыр жағын арқама мен салар ем.

Ертелі-кеш менің тілер тілегім,  
Құдай саған қуат бер деп жүремін.  
Еш мұқалып көрмеп едің өмірде,  
Бұл қүйді де женесің сен, білемін!

Балаларың болар істің басында,  
Күбәшиң жүр, сүйген жарың қасында.  
Ертең келіп тәуір болып кеткенде,  
Біз болармыз қуаныш той асында.

*Маусым, 2010 жыл*

## *Сен болмасаң*

Сен болмасаң мен осылай жүрер ме ем!  
Көнілім тоқ, бақытты өмір сүрер ме см.  
Жан шуағың маган қуат бермесе,  
Осы жасқа келгенде мен тұлар ме ем.

Сенің арқаң - жүзім жарқын, сергекпін,  
Арман қуып, қиялымға ермекпін.  
Өзің маган шабыт беріп келесің,  
Талай-талай жырларымды бермекпін.

Өзің келіп тұтінімді түзедің,  
Көктем еттің, күрен тартқан күз едім.  
Жаңғырттың сен тозаң тартқан жанымды,  
Келешектен үмітімді үзбедім.

Сен болмасаң көнілімді кім табар,  
Сен болмасаң шөгірімді кім алар.  
Ұмытқанды, ұқлағанды түзетін,  
Мезгілінде оны есіме кім салар.

Бүгін, міне, қатарымнан қалмаймын,  
Қайраттымын, шаршамаймын, талмаймын.  
«Тәубе!» деймін, Күннэрімнің жанында,  
Жайлыш жазда жаңа атқан таңдаймын.

*8 наурыз, 2010 жыл*



## *Bir suaitka*

Көріп едім суайттардың талайын,  
Жүретін ем аулақ етіп маңайын.  
Қалай ғана сеніп қалдым созіне,  
Ойпырым-ай, ағарғанда самайым.

Обешалкин тұрлі түсті болады.  
Тәтті сөзі көніліне қонады  
Орындауын қүте-қүте саргайып,  
Ақырында үмітің-де солады.

Бүгін-ертең десумен демеп созады,  
Зымыраған уақыт, шіркін, озады.  
Краснобайдың қылығына қынжылып,  
Тоса-тоса төзімің де тозады.

Бала емессің, шаға емессің, жарқыным,  
Сезбейсің-ая, қылығыңың артығын.  
Мешкей деген жақсы атаққа жатпайды,  
Қысқарт енді өтіріктің қаркынын.

Сені енді «суайт жігіт» демейік,  
Сенің берген уәдене сенейік.  
Тұрлаусыздық жараспайды адамга,  
«Сөзінде тұр!» деп ақ бата берейік.

Адамысың енді біздің ауылдың,  
Мүшкіл емес мүшесі бол қауымның.  
Отіріктің бір-ак тұтам құйрығы,  
Ала көрме атақтың тым ауырын.



## *Розалияға*

Осы бір іс ерлікке тен бе дедім,  
Кәдуулгі ерліктен кем бе дедім.  
Әмірде өте сирек кездесетін  
Бұл жәйт ойымды әбден мендеп еді.

Ата-ана қартайып ауыр қүйде.  
Отырса тыныштықты тауып үйде.  
Куат кетсе бойыңнан буын босап,  
Кіріңгар бол қалады бай да, би де.

Ата-анага қамқоршы кім болады,  
Осыны ойлан ата-ана мұң болады.  
Біздің қазақ байырғы дәстүрменен  
Алладан сұрағаны ұл болады.

Қыздар бар анасынан асыл туған,  
Қайырымдылық қайнардан бетін жуган.  
Ақ сүт еміш, ақ адап тәрбие алыш,  
Ұлтымның ұлағатты жолын қуған.

Қыздар бар қылышына қызығатын,  
Иіліп-бүгілетін, сызылатын.  
Кез келсе ер орнына ер болатын,  
Ерлікпен шығаратын қыздың атын.

Агайынды төрт қыз бар бір анадан,  
Бір жеңнен қол, бір бас бол бір жағадан.  
Бірліктің, татулықтың ұлгісі бол,  
Әр істі өткізіп ж.р ой санадан.



Ата-анасы қартайды науқас шалып,  
Бірақ та отырмады мойып – налып.  
Қамқошы қыздары бар құдай берген  
Балаша күтетүғын бағып- қағып.

Розалия кенжесі Ерекеңнің,  
Көрсетті іс жүзінде ер екенін.  
Қанында асылдықтың дәні барын,  
Жүргі ақ, жанының кең екенін.

Алматыда қалдырып үйін-жайын,  
Ата-анага келуге болды дайын.  
«Мен тұрганда әкемді кім күтеді»  
Деді де қабылдады нақты пайым.

Розалия кеп қалды Қызылжарға,  
Ерекен кем болар ма қызы барда.  
Балаша балтап, бағып күтіп отыр,  
Әкенің шаңырағы бұзылар ма!

Розалия ерлігін жыр қыламыз,  
Қош көріп арамызда сыр қыламыз.  
Парыз бен қарыздарын ақтайтүғын  
Кейінгі ұл-қыздарға сын қыламыз.

Міне, осындай иғі іс- ерлік нағыз,  
Үрпактарга ұлагат болар аныз.  
Үлгі-өнеге көрсетер бұл өмірде  
Розалия қызымыз болмас жалғыз.



## *Алматылық бауырларыма*

Сәлем хат мен жолдаймын Алматыға,  
Газиздей асыл бауырым, ардақтыға.  
Құрметгейтін Күлбарам келініме,  
Қаршадайдан шыныққан қайраттыға.

Салтанаттың сырқаты басылмады,  
Ортақпыз ауырыңа басындағы.  
Бұл да бір құдайымның құдіреті,  
Сынайтын өздеріңдегі асылдарды.

Нәресте тірі жетім болып тұр гой,  
Уайым көкірекке толып тұр гой.  
Есіме алсам жүргегім елжірейді,  
Уақытша бір қасірет қонып тұр гой.

Шыданңдар, тілегіміз - қажып, талма!  
Еншалла жеңілдігін берер Алла.  
Еңбектерің еш болмай, емдер қонып,  
Істерің онға басып, барсын алға.

Хат жаздым жүдеу көңіл жұбатуга,  
Тілейміз -Алла жазсын қуантуга!  
Салтанат тәуір болсын тез арада,  
Есен-аман ер жетсін ана тума!



## Тойда айтылған әзіл

Алматыда бір тойда Оралбай құдамызбен, онымен бірге келген екі бажасы, екі балдызымен табақтас болдық. Олар дастарханның төр жағында, бергі жағында жұбайым Күннэр екеуміз Төлебай құда жұбайы Галия отырмыз.

Алма салған үлкен ваза Оралбайдың алдында тұр. Орекең бірден бәкісін сұрып алып, алмаларды турап, тазалап балдыздары мен бажаларына үлестірді.

Қарама-қарсы отырган мен байқадым, бізге алмадан бұйыратын түрі жоқ.

«Оу, Оралбай құда, бізге алмаңнан татырмайсың ба?!» дедім.

Құда сасқалақтап орнынан атып тұрып, екі түйірін бізге әкеп берді.

Екі шумақ олең арнал, микрофонды ала салып, тойдағыларға естіртіп оқып бердім:

Бажалар мен балдыздарды түгендеп,  
Соларменен ғана өмір сүрем деп,  
Бізге алмаңнан татырмадың бір түйір,  
Құдан асын отырмысың үнемдеп.

Құда едің қадірлайтін, сыйлайтын,  
Алақол деп атауға тым қимайтын.  
Қапылыста қателестің қажеке,  
Сыпайылық, сыйластыққа сыймайтын.

Тойдан тәбәрік болсын деп олең жазылған қағазды колына ұстарттым.

- Сабак болар ма екен?
- Әй, болса болып қалар, зейінді азамат қой.

13.12.08

Алматы



## Бір астағы әзіл

Бір дүгада Әмірхан есімді ақсақалға ет туратудың реті келді. Мүшелердің бәрін реттей келе, қазыны, қартаны кесектеп маңайындағыларға таратты да, қарынды турал-турап, жартысын жанындағы үш-төрг адамға берді де, қалған жартысын өз алдына алып қалып, тұқырып отырып жеді.

Қарсысында отырған Зейнолла қажы қарын кесектерінің таусылып бара жатқанын байқап, табақтан бір уыс қара еттен Әмірханға асатып жатып: «оңкей майды қарын жүрегінді айнаштар, мына қара еттен қосып же»- деді әзілден.

Татар шалы болса да, қазаққа сініп кеткен адам ғой, әзілдің астарын түсіне қалды да, лезде қарыннан қажыға ұсынды.

Зекениң қасында отырған менің ойыма екі шумак өлең келе қалды.

Қарын қалды Әмірханның қолында,  
Қарамады оны менен солынға.  
Бүкжиіп жеп тауысарға келгенде  
Бір түйірін сұрап жедік соңында.

Қарынды Әмен әділдікпен бөлмеді,  
Жемеген жұрт одан аштан өлмеді.  
Табақтастар түніліп сын айтады,  
Естиін деп отырғаның сол ма еді.

Қолына берген өлеңді оқыды да, қызарандаپ қалтасына салып жіберді.

Бәрін байқап отрған имам Жакия қажы: «Әмеке, әкел біз де оқыык» деп қолқа салған соң, амалсыздан қағазды имамға ұсынды.

Имам микрофонды қолына алып, әлгі екі шумақты оқып

бергенде дастархан басындағылар ду күліп, өзіне де сол ке-  
рек десін, әзілді жалғастырып кетті.

28 желтоқсан, 2008 жыл.  
Қызылжар мешіті

## **Ұйқышылдық, жалқаулық болады егіз**

Ұйқышылдың ұйқысы таусылмайды,  
Қанша ұйықтаса мауқы бір басылмайды.  
Тұр-тұрлаған дауысқа елең етіп,  
Жұмған көзі оянып ашылмайды.

Ұйқышылдық, жалқаулық болады егіз,  
Екеуін де құдайым ұрды деңіз.  
Ертеңі таусылмайды-ау соққандардың  
Болса да істер жұмыс ұшан – теңіз.

Жарлылық жақсы екен жатып ішер,  
Ас болса ауызыңа қоқтен түсер.  
Есікті өзі ашып үйге кіріп,  
Өзі түсіп, қазанга өзі пісер.

Оларды дағдарыс та түземейді,  
Жаратып жал-құйрығын күземейді.  
Дайын төсек, дайын ас болса қайтын,  
Күн көрістің қамын жеп күйзелмейді.

Осылар арамтамақ қатарында,  
Сезбейді ертең күні батарын да.  
Кіріп, шықпас ойына таңғы тамақ,  
Ертелі кеш ұйқыға жатарында.

*Шілде, 2009 жыл*



## *Биылғы жаз*

Жайлыш емес жарықтық биылғы жаз,  
Жайылып адамдар да болмады мәз.  
Ауа райы құбылып әлсін-әлсін,  
Салқынынан қайнаган ыстығы аз.

Терістікten соққан жел тышмады,  
Жауын бұлты аспанда жиылмады.  
Сусыны қанбай тұр-ау егінжайдың,  
Желкілдең, жайқалуы қындейдый.

Аспанның ашылмайды қабагы да,  
Бұлтпенен оз дидарын жабады да.  
Жауын тілеп жүретін диханшыға  
Саргайтқан сары уайым салады да.

Кей елде қуаншылық білініпті,  
Жер беті жарылыпты, тілініпті.  
Кей елге жауын-шашын кеш келсе де,  
Егін жай әжептәуір тіріліпті.

Жаз диханшы Алладан жауын сұрап,  
Күндіз-түні Алладан сұрап тұрад.  
Күз болса қуанады ашық қунғе,  
Астығым болмайды деп көп ысырап.

Қазаққа жер байлығын берген Құдай,  
Кең байтақ, ен даламызы егінге бай.  
Қамбалар алтын дәнге толып жатыр,  
Шет елге бармаймыз біз астық сұрай.

*Шілде, 2009 жыл.*



## *Aшылған ақиқат* (Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігіне)

Алпыс екі жыл бойы ашылмаған,  
Ресми құжаттарда басылмаған.  
Шындықты тұңғылыққа тығып тастап,  
Басқадан бағын оның асырмаған.

Қырық бестің сәуірі батыр ағам  
Ерлікпен атқарыпты батыл қадам.  
Рейхстахтың басына бірінші бол,  
Женіс туын көтеріп нық қадаған.

Мәскеуден кеше жетті ресми хабар,  
Шегі жоқ қуаныштың құрыш қанар.  
Зор мақтаныш туғызды әр қазаққа  
Көкірегінде жалындал оты жанар.



## *Бауырым, досым, құрдасым*

Бауырымсың, досымсың, құрдасымсың,  
Қалдықсыз сарқып төгер сырласымсың.  
Елу жыл еселі еңбек елге өткен,  
Тұлпардай топты жарған тұлғасысың.

Жетпіске жеделдегіп жеткениңде,  
Қараши өмірінде өткениңе.  
Ізің жатыр жайқалған егін-жайдай,  
Ризасың маңдай термен еккениңе.

Қыр арқанда атқардың ауырын да,  
Аз емес корген сайран-сауығың- да  
Шарықтап шартарапқа шапағатың,  
Нұр шашты қалың слге, қауымыңа.

Ауылымның ардагер ер азаматы,  
Тарихта жазылып жүр аbzал аты.  
Әрдайым мақтанамын Ғазизіммен,  
Ата-баба қалдырған асыл заты.

Жас та болсаң, бас болып ел басқардың,  
Алдыңғы сабында боп тең жастардың.  
Талпынгана талабыңмен, еңбегіңмен  
Көтерілдің шыңына сен асқардың.

Төрінен орын алдың бас қаланың,  
Үлкен үйдің мейгеріп басналдағын.  
Жайладың Жезқазганның жезді өлкесін,  
Ел ссінде елеулі ел басқарғаның.



Еңбегіңің ерекше дер кезені,  
Үшеудің бірі болған ер кезегі.  
Көші-қон Агенттігін басқарғанда  
Сіңірген еңбегінді ел сезеді.

Оралған қандастардың көші келді,  
Көш бастаган алғашқы өзің едің.  
Тарихта тұңғыш тартқан сара жолдың,  
Ыстығы, суығына төзіп едің.

Бауырлар сонау жақын-алыс шеттен,  
Еліне оралуды арман еткен.  
Егеменді ел болып Қазақстан  
Сол арманға дәл бүгін қолы жеткен.

Аралап шет елдердің талайларын,  
Қандастар қауымына талай бардың.  
Ата-баба жұртына оралатын  
Арманың ағайынның арайладың.

Ұлы іс-ұлы көшті бастадың сен,  
Жол салып игі ізді тасталдың сен.  
Толастал тоқтамасын көш легі,  
Қазақтың әз жері мен аспаны кең.

Жетпістің желкесіне мінгелі тұр,  
Күш-жігері қатардан ілгері тұр.  
Қырағы қырандай боп қартаймаған  
Талайды тырнағына ілгелі тұр.

Күдайым қажытпасын талабынды,  
Ешбір жан қайтармасын тауалынды.  
Нарықтың заманына лайықталып,  
Үнемдеп ұстагайсың тауарынды.

## **Арнаулар**

Қоғам адамдардан тұрады. Адамдардың келбеті, мінез-құлқы, іс-әрекеті, адами қасиеттері сол қоғамның бір суреті сияқты.

Оларға, яғни, туған-туыскандарға, жолдас - жорандарға арналған өлеңдер тек жоқтау яки ескерткіш қана смес, кейінгі ұрпақтарға үлгі-өнеге боларлықтай тұлғалар екенін көрсету.

Бұл арнаулардың тәрбиелік мәні зор, әсіресе, балалары, немісре-шеберлері біздің әке-шешеміз, ата-әжеміз мынандай қадірлі адамдар болған екен деп мақтанашиб етер деп ойлаймын.



## *Алдынан агатайлап шығатұғын*

*Карындасты Гүлнэр Галымжанқызына  
Келерімді сағынып тұратұғын,  
Алдынан агатайлап шығатұғын.  
Көнілімнің кірбелеңін көрген бетте,  
Көзімнен сезетұғын, ұғатұғын.*

Он-ақ жыл уақыт өтті табысқанга,  
Өкініш қуанышқа ауысқанға.  
Бұл тағдыр берген уақыт аз болды ғой,  
Қанбады-ау, құмарымыз қауышқанға,

Жанашыр туыс табу тәуірін-ай,  
Шешемдей қамқоршы едің бауырым-ай,  
Сыйласу мезгілі тым қысқа болды,  
Бауырдан айрылудың ауырын-ай.

Орының енді сенің толар ма екен,  
Басқа жан дәл өзіндей болар ма екен.  
Сағынып сені ойлан, босап кетем,  
Көнілім күнренумен тозар ма екен.

Базарым мүлде ерте тарады-ай,  
Зымырап күндер өтіл барады-ай.  
Қабырың иұрга толып, иманды бол,  
Топырагың торқа болсын, қарагым-ай.

Алдынан енді күліп шығады кім,  
Өзіндей жан дүниемді ұғады кім?  
Барғанда баладай бір қуаныштан,  
Жүрегін алып тосып тұрады кім?!

*2009 жыл, маиыр*



## *Кайрошке көңіл айтып...*

Жастығымның күәсі адал досым,  
Дәл өзіндей жан-жолдас қайдан болсын.  
Қанатыңдан қайрылдың, қайғы жұттың,  
Сүйген жардан айырды ажал тосын.

Ұясынан ерте ол ұшқан еді,  
Қолыңа келіп қонған құсың еді.  
Жарты ғасыр махаббат құшағында,  
Жүргенің өнің бе еді, түсің бе еді.

Адал жар болды саган Машекерің,  
Еді ғой бек ләzzатың, бал шекерің.  
Құдайдан, қайран досым, сұрамадың,  
Қартайғаңда басыңды дал етерін.

Машекер бәрімізге қымбат еді,  
Теріс мінез өзіне тым жат еді.  
Саңқылдап сөйлегені көз алдымда,  
Күміс күлкі, күлім коз сымбатты еді.

Сансыз жыл сагынышпен жүремін де,  
Орып теуіп қаларсың жүрегімде.  
Дыбыс келсе кейде бір саңқылдаған,  
Сен деп қалып құлағым түремін дс.

Қайреке, болған іске берік болғын,  
Қайраттаң, алда өткерер өмір жолың.  
Езіледі ез жігіт жігері жок,  
Басыңды иіп, жүзінді етпе солғын.

*Жан досың Болат Сагындықов  
Қызылжар, қазан, 2010 жыл.*



## *Мағжанның жетпіс жылдығына (әзіл-шыны аралас)*

Мақаң біздің сегіз қырлы, бір сырлы,  
Алпыс тоғыз жасты кейін бір сырды.  
Жұздің жүзін көремін деп жүдемей,  
Жетпісіне жетіп қойды үтірді.

Заманының талабымен тең келді,  
Ғылымның да биік шыңын менгерді.  
Өмір-өзен Мақаң жүзіп келеді,  
Бұзып, жарып жолда талай сендерді.

Уылдырық жесе үйде тұрмайды,  
Багдат бар деп басын бір де бұрмайды.  
Ол жұмалап гастрольге кетеді,  
Кіммен ғана қандай әнді жырлайды.

Мақаң деген прогрессшіл адам ғой,  
Ас-суға да араласар заман ғой.  
Басқаларын айтпаганда анықтап,  
Жұмыртқаны пісіруге маман ғой.

Бірде Багдат қолы тимей жатқанда,  
Көмектесе ғой деп оған айтқан ба,  
Жүгіріп кеп «жә бәсе» деп тұрыпты,  
Байғұсынды турутіп қалған сайтан ба!

Қалбалақтап ас үйге өзі барыпты,  
Он жұмыртқа кастролге салыпты.  
Су құюды ұмытты ма кім білсін,  
Газды қосып тым маздатып жағыпты.



Мақан кетті өз ісіне айналып,  
Кабинегте отыр жазып, жайланып,  
Отырганнан тырп етпеді қаперсіз,  
Жұмыртқалар жатыр деді-ау қайналып.

Бір мезгілде үйде дүрсіл басталды,  
Әлде біреу лақтыргандай тастарды.  
Аң-таң болып отыр әне «шеф повар»,  
Бұза ма деп мына гүрсіл жапсарды.


Жұмыртқалар бір-бірімен жарысты,  
Алма кезек пәтелеккә жабысты,  
Тебе сәнді орнаментке оранды,  
Бұл іс солай аяқталды табысты.

Айта берсөн өнсері көп Мақаңның,  
Көмекшіге жанды бағы Бақаңның.  
Аспазшының қырын-сырын менгердің  
Жұмыртқаның маманы боп атандың.

Кешір, Мака, айтсам дагы азбадым,  
Талай қызық қылықтарды қазбадым.  
Той үстінде ойын-күлкі жарасар,  
Достық коңіл әзілім ғой жазғаным.

Бағдатыңмен қол үстасып жүре бер,  
Әдетіңше миығыңнан күле бер.  
80, 90, 100 дегенің сөз емес,  
Жетеміп деп етек-женің түре бер.

Бір болайық тойларыңның асында,  
Әсте түгел жүрейікші қасында.  
Көңілің тоқ, койлегің кок болғай-ақ,  
Бақыт құсы орын алсын басында.



Елге есіл еңбек еткен Мағжансың,  
Парасатты, жаңың таза пәк жансың.  
Алғаныңнан берерің көп әлі де,  
Ғылым деген кеңістікте бақ жансын.

Желтоқсан, 2008 жыл.

### *Газиз қызы Гүлнардің тойына*

Кеше ғана желкілдеген тұлымың,  
Жас бала едің лепілдеген құлыным.  
Жасамыштың жасына кеп қалыпсың,  
Анасы боп мына екі ұлыңның.

Сүйсінеміз салиқалы санаң бар,  
Бақыттысың аялайтын анаң бар.  
Асыл, абзал азаматы елімнің,  
Ғазекендей зор қамқаоршы панаң бар.

Жанашырлар, қолдаушылар сүйікті,  
Қос бауырың пешенене тиілті.  
Қажетінді жанарыңнан сезетін,  
Беретұғын қолқабысын тиісті.

Келесің сен еңбек етіп ерінбей,  
Қындыққа қарсы тұрып берілмей.  
Бағың жанып мәренде де жетерсің,  
Сезінерсің өзінді еңбек еріндей.

Қонсын саған арманыңның ақ құсы,  
Желеп жүрсін өміріннің шат тұсы.  
Көңіліңе мұң мен қаяу келмесін,  
Кездессінші істердің тек сәттісі.



Балалардың қызығын көр тебіре, ніп,  
Немере сүй, шебере сүй емірені ॥  
Қолың жетсін арманыңың өрін е,  
Оже болып отыр жұрттың тәрін де.

13. 12. 08.

## *Калеліме қамсыз қарттық тілеймін*

Әке-шешең тым ерте шетінеді,  
Жеті айлық жөргекте сен кетіп едің.  
Тағдырдың жазуымен шет орталда,  
Бала болып, өсіп, ер жетіп едің.

Бөбек боп ана сүтін емес алмадың,  
Мейірім құлағына ене алмадың.  
Әкеңнің сезіміне бөленбедің,  
Соңынан тай-құлындай ере алмаңдың.

Шәмшия ана орнына ана болды,  
Жоламан аға орнына аға болды.  
Солардың қамқорында өсіп-өнігі,  
Ерте есейіш, еселеп санаң толды.

Адал жарың Алмамен атты таңың,  
Жалғыз едің қосылды жанға жаңың.  
Үш ұл, үш қыз өсіріп, ер жеткіздің  
Немере, жиендерге толды маңың.

Қамсыз қарттық тілейміз гүмырына,  
Кәрілік дақ салмасын тұғырына.  
Үрпағың оне берсін, өсе берсін,  
Әрбісін артыңнан көп шұбырыла.

## *Медетке*

Медет, міне, он сегізге келіпсін,  
Ер азамат қатарына еніпсің.  
Мектебінді үздік болып бітіріп,  
Киындықтың бірталайын женіпсің.

Алдында әлі талай таулар, асқар шың,  
Тосып тұр ғой бір-бірінен асқан сын.  
Талаптысың бәрінде сен жеңесің,  
Ғылым жолын жетістікпен басталсың.

Жарыстардан талай медаль экслдің,  
Қуандың-ау, аруағын әкециң.  
Өз салаңың лауреаты боларсың,  
Атақтарын аларсың сен әр слдің.

Әмір солғын зор еңбексіз, өнерсіз,  
Білім жолы соқпагы мол-көнерсің.  
Қайратың мен қайсарлығың жетеді,  
Алла жазса жемісін де көрерсің.

Тілегіміз – орындалсын арманың,  
Арман қуып шаршамағын, талмағын.  
Тірі болсақ күні ертең көрерміз,  
Академик атағын да алғанын.

Ақ тілегім менің берген Медетке,  
Құс бол ұшып, жет мерейлі медетке.  
Еліміздің Еңбек Ері болар деп,  
Айналайын, елің-жұртың сенет те.

*2009 жыл.*



## ***Қалипа құдагиға қоңыл айтып***

Алланың ажалына жоқ қой тиым,  
Білемін, өте ауыр көніл-күйің.  
«Берік бол болған іске»- деуден басқа  
Мұндайда ақыл айту аса қыын.

Қайғыца ортақгасызыз, құдағыым,  
Иманы жолдас болсын, соған сиын.  
Күш керек, ақыл керек көтеруге,  
Қайыста, қасындамызыз, тосын иин.

Мәңгі орнына қойғанда бауырынды,  
Кордің бірге қайғырған қауымынды.  
Аллаға шүкіршілік ету керек,  
Көтерер ағайын бар ауырынды.

Жылама енді, көз жасың төгілмесін,  
Жамандық енді саган көрінбесін.  
Тек жақсылық тілейді отбасыңа,  
Жолдас-жора, дос, таныс, көнілдесің.

*Тамыз, 2009 жыл.*



## *Майдан құдагидың сексеніне*

Ауылдастар қадірлеп елейді екен,  
Жай гана Майдан әже демейді екен.  
Өр тұлғалы, ер мінезді болған соң,  
Темір Тетчер ханымызға теңейді екен.

Сексениң сенгіріне келіп тұрсын,  
Алдағы келешекке сеніп тұрсын.  
Тагдырдың сындарына сынған жоқсын,  
Өмірдің жемістерін теріп жүрсің.

Көзіңен күміс күлкі кетпесінші,  
Жүзінді Алла мұңды етпесінші.  
Қалған ғұмырың бақытқа толы болып,  
Уайым, қайғы бойынан шеттесінші.

Мерей тойың, құдағи, құтты болсын,  
Денсаулығың құрыштай мықты болсын.  
Шаңырағың бақытқа толы болсын,  
Әр қашан, әр ісінің оны болсын.

Қартайдым деп, құдағи, саснағайсың,  
Тоқсанды да тонқарып тастағайсың.  
Немере, шөбере мен шөпшектерді,  
Жетектен жақсылыққа бастағайсың.

14.03.09



## *Өтегенге кітап сыйлап*

Қоларып қыртыстарын тау мен тастың,  
Желкілдестіп желеғін жетпіс жастың.  
Қажымас қара нарым Өтегенім,  
Сексеннің сенгіріне аяқ бастың.

Артқа таста ұмытып бейнетінді,  
Рақатпен өткізгін зейнетінді.  
Өмірдің өткелдерін өте бергін,  
Қолдасып Кәминәңмен, Өтегенім.

Бірге өткерген жастықты мен қимаймын,  
Еске түссе кең дүниеге сыймаймын.  
Тату-тәтті, қадірлестер, сендерге,  
Оқысын деп «Ауыл жырын» сыйлаймын.



## ***Қазбек елуде***

Елу деген ердің жасы елейтін,  
Жас емессің кәрімін де демейтін.  
Мерейтойдың тамашасы Елу ғой,  
Уа, шіркін-ай, қайта айналып келмейтін!

Қазыбек-жан, құтты болсын Елуің,  
Куанышты орта жасқа келуің.  
Сен тындырган иғі істерің аз емес,  
Алдында әлі көп қой өзің беруің.

Зор денсаулық, бақыт берсін теніздей,  
Найла екеуің өмір откіз егіздей.  
Елудегі көңіл-күйді сақтап қал,  
Қазыбек ата кәртәйіпті дегізбей



## *Сәбира Мәруәнқызы есіміне*

Ерекенің сенімді серігі еді,  
Жарты гасыр соңынан еріп еді.  
Кейінгіге ұдайы үлгі **Болған**,  
Жұртының инабатты **келіні** еді.

Үйлестірді жақынды, жұрагатты,  
Сөзіменен, ісімен ұлағатты.  
Үлкенменен кішіге **қамқаорыш** бол,  
Ағайынның бастирын **құрап** бакты.

Қонақжайлық женгей дің үрдісі еді,  
Бай дастархан жаюдың үлгісі еді.  
Қара қылды қақ жарытп, әділдікпен  
Ақиқатты айтатын дүркісі еді.

Төрт қызды дүниеге әкеп еді,  
Қызгалдақтай өсірді, мәпеледі.  
Әрбірі ана десе, әке десе,  
Аспаннан ай мен жүлдyz әпереді.

Әттең-ай, бұл өмірде тұрмадың коп,  
Арамызда асылдың **жүрнағы** бол.  
Ер сыйласа, жар сүйсө сендей сүйсін,  
Ерекенің кеттің **ғой** құрбаны бол.

Құрметпен есімінді **с**ске аламыз,  
Тіршіліктеге мақтауға **кеш** қаламыз.  
Откерген өмірінді **ек** шелесек,  
Аруагың білсінші – «5» бағаңыз.

*Сәуір, 2008 жыл.*



## *Гүлзайрага*

Келіп қапсың пайғамбардың жасына,  
Осы күнді күткен едік асыға.  
Кім біледі, шарапаты тиер ме,  
Гүлзайраның отырайық қасына.

Асылдардың бір сынығы өзіңсің,  
Өткендердің жіті, тірі қөзіңсің.  
Жазғандары маржандай бол тізіліп,  
Жататұғын зергерлердің сөзіңсің.

Алпыс үшің күттү болсын, абзалым,  
Кір шалмасын, жайнай берсін ақ жаның.  
Бар жақсылық бір басыңа тілейміз,  
Жүргегіңе азық болсын жазғаным.

17.11.02009 жыл.



## Жаны жайсаң Рыскен

Жаны жайсаң, жүргегі ыстық жеңешем,  
Қателеспен абзалдармен тен десем.  
Үлкен сыйлаш кішілерді құрметтер,  
Нағыз қазақ келінісің сен десем.

Келе қалсақ әбігер бол жүресің,  
Жылы жұзбен қарсы аласың, құлесің.  
Өзгөрмейтін бір қалыпты мінезің –  
Бір басыңа тағдыр тартқан үлесің.

Бүгін жеңгем зейнеткерлер сапында,  
Бірақ озі әлі жап-жас қалпында.  
Бұл бір төбең сенің шыққан өрмелмен,  
Өмірдегі белесің де, сатың да.

Сезіне бер, жүргендей жас шағында,  
Гүл-гүл жайнап, жанган оттай жалында.  
Бақытқа сен лайықсың, жеңеше,  
Балаларың сүйген жарың жанында.

Зейнетінді қуашышка балаймыз,  
Тойың-тойға ұласуын қалаймыз.  
Көптен күткен қызыктарға асығып,  
Ләк тілекпен осы жаққа қараймыз.

2007 жыл.



## Ұлсарыға әзіл

Армысың Серікбайдың келіншегі,  
Қадырлайді Қызылжар слі сені.  
Жайдарлы жамалыңдай жаңың жарқын,  
Бар қауым осыменен келіседі.

Аузын ашса жүргегі көрінеді,  
Кекірегінің қазынасы төгіледі.  
Аңғалдықтан алдына жан салмайды,  
Мәз болады қауышқан төніреті.

Жиынның әзіл-қалжың базарысың,  
Көп сүйсінер конілдің ажарысың.  
Қатарларың қылғынып қызығады,  
Өзіңе аударады назарын шын.

Мені сен отырасың іліп-қағып,  
Аңдисың әзілімді біліп, бағып.  
Бүйірімді қыздырып жібересің,  
Көңіл-күймен тауалдың отын жағып.

Шүйліғып шұқылайсың сезбен тұртіп,  
Жүресің-ау ігі істі бізден күтіп.  
Егде тартып кетсем де срмін әлі,  
Жүрмесін тек, аузымды шөппен сүртіп.

Әлі де қарап тұрсың, сынга сайсың,  
Балалар үйде жоқта ымдағайсың.  
Оңаша отыруға ойнап-күліп,  
Өзінді баптап, қайрап, шындағайсың.



Халайық, айтындаршы сөз әділін,  
Орынды ма осы айтқан өз әзілім.  
Ұлағатты ұсыныс жөн десендер,  
Ұлсары айтып берсін өзі әзірін.

Тек әзілге қиятын қымбаттысын,  
Ақ көңіл, жайдарлысын, сымбаттысын.  
Кішке нтайдан бірге өскен, бірге өнген,  
Біздерге еркелейсің, тым тәттісің.

Жастайынан жарынан жалғыз қалдың,  
Тағдырдың тәлкегіне алтызбадың.  
Балаларға атқардың абыроймен,  
Әрі әке, әрі ана парыздарын.

Мерей той құтты болсын, асыл құрбым,  
Озінді мен жетпіске қимай тұрмын.  
Қызыл шырай қыз едің кеше гана,  
Ойыма оралады сырлы бір мұн.

Желпіл-желіп жетпістерден өтсін деп,  
Сексеннің де сенгіріне жетсін деп,  
Мына сегіз сәйгулікті сыйладым,  
Кезек-mezek тарантасқа жексін деп.

Сау бол, сәулем, Серігімінің серігі,  
Сенің жаның беріктердің берігі.  
Гүл-гүл жайнап арамызда жүресің,  
Міне, осы – ел жұртыңның сенімі.



## *Rash agam seksende*

Сексеннің сенгіріне жеттің, аға,  
Өмірінді жемісті еттің, аға.  
Еселі еңбегінмен жастайынан,  
Еліңе нұрлы сәуле септің, аға!

Ағаштан түйін түйген шебер аға,  
Ағайынға ақылын берер аға.  
Ақ ниستі Аллага аян эсте,  
Сексен түгіл тоқсанға жетер аға.

Аман бол, ауылымның ақсақалы,  
Қарт болсаң да биіксің асқар әлі.  
Жүре бер бас-көз болып ез жүртыңа,  
Қарсы алып талай таңың ақсандағын.

Тетелес женешеміз қымбат бізге,  
Терін төккен аяnbай үйде, түзде.  
Бала-шага, немере қызығын кор,  
Бейнетсіз кәрілікті берсін сізге.



## *Aқ батамды беремін* (Динар қызыма)

Сүйекті қызым Динарым,  
Парасат бойға жинадың.  
Қайраттың мініп тұлпарын,  
Өмірдің оттің қиласын.


Атаң менен анансың  
Тәрбиесін жатгадың.  
Арқасында санансың  
Үміттерін ақтадың.

Қарағым, жаным, Динарым,  
Жарқын болсын дидарың.  
Қанатың қатты жетілдің,  
Ысылдың әбден, шираздың.

Аналарың мен папаң,  
Жайды міне, алақан.  
Ақ жол тілеп өзіңе  
Отырмыз саған, балапан.

Біз үшін, құлымым, асылсың,  
Жайнаған гүлсің, жақсылсың.  
Жолың болсын жортқанда  
Бақытың сенің ашылсын!

*Кыркүйек, 2007жыл.*



## *Қажы апа*

Құдайы жол, мейірімділік түрлі ісі,  
Адамшылық, имандылық үлгісі.  
Сый-құрметке ие болған кім десең,  
Қажы апа, Сапура апа – бұл кісі.

Нұрын шашқан жылды шырай жанары,  
Жанды баулар сүп-сүйкімді жамалы.  
Әр сөзінен байсалдылық білінер,  
Леп бол ескен жайлышы, салқын самалы.

Өткен өмірі – ауыр, сокпақ жол екен,  
Оқығаны аз болса да, тоқығаны мол екен.  
Жаймен тыңдал, аз айтарын апайдың,  
Ой-пікірі салмақты екен, сом екен.

Жас кезінің тұлғасына қарар ма ем!  
Жаз жанының қайнарына қанар ма ем.  
Кездейсоқта кездестірсем сол шакта,  
Кім біледі, ғашық болып қалар ма ем.

Бар әжелер Сапурадай болса ғой,  
Ырыс болып шаңыраққа қонса ғой,  
Төрдің көркі, әр жиынның сөні боп,  
Оргаларым қажы- апамен толса ғой.

*Мадусым, 2006 жыл*



\*\*\*

*Белгілі журналист, көрнекті жазушы,  
абзат азамат Бақыт Мұтәләпұлы  
Мұстафиннің есіміне*

Бөлем, досым, қаламдасым, сыйласым,  
Ардақтым-ең, асылым ең, қимасым.  
Адами сан қасиетті мұншама  
Шағын ғана тұл бойыңа жигасың!

Әлем түгел сиошы еді ішіңе,  
Таңданушы-ем ақыл, ойың, қүшіңе.  
Гауһар тастай әрбір сөздің асылы,  
Үйірілетін қаламыңың үшіне.

Бірегей-ең, көркем сөздің зергері,  
Өриектеген ойларың сом, зерделі.  
Жазғаныңнан жазарың көп еді ғой,  
Кен даламдай парасатың шенбері.

Қош бол, бауырым, бақылыққа қиям ба,  
Кеше жазган кеппей қалған сияң да!  
Сақталады ер есімің елінде,  
Алыс-жақын қырың менен қиянда.

Торқа болсын озің жатқан қара жер,  
Қош бол, қош бол, адал, абзал, дара ер!  
Жүргімнен мөңгі орын алдың сен,  
Нағыз елдің азаматы, қаламгер.

*Казан, 2006 жыл.*

## *Женгеме*

*Сабира Ербатырқызына*

Әдемі салт деген көп ұлтымызда,  
Біреуі – жеңге сыйлар жұртымызда.  
Жақсы ұрпақ әкелетін, өсіретін,  
Ана деп құрметтейді жұртымыз да.

Туып, өскен қыз болса текті жерде,  
Құт-береке әкелер түскен елге.  
Қайнылерін қадірлең, ардақтайтын,  
Туган әпке сияқты жақсы женге.

Жарты ғасыр жеңгеміз келгеніне,  
Есіктен босағаға енгеніне.  
Ризамыз қасиетті шаңыраққа,  
Үш ұл, бір қыз әкеліп бергеніне.

Ағамды мәпеледі қадірледі,  
Күш-куат, қайтиас, қайсар қажыр берді.  
Ағайынға ілтифат көрсетіп жүр,  
Ақ жаулықты әже боп қадірленді.



## *Зере келді*

Шыр етіп сәбіміз-Зере келді,  
Куанышты таратып бере келді.  
Бұл дүниенің есігін айқара ашып,  
Өмірдің маржандарын тере келді.

Қош келдің, жас нәресте, ұрпақ болып,  
Жарқ етіп, шаңыраққа құс боп қонып.  
Қадамың құтты болсын, берік болсын,  
Өмір жолың жайнасын гүлге толып.

*Қазан, 2007 жыл.*

## *Зереге*

Бөпешім менің Зерешке,  
Өмірге келдің ерекше.  
Жасқа толып балапан,  
Шығыпсын бір белеске.  
Зерешім жаным, зерешім,  
Жастан-жасқа келесің,  
Мына ұлы өмірдің  
Есігін ашып келесің.  
Былдырлаған сөзіңмен,  
Күлімдеген көзіңмен  
Бізге сыйлық бересің,  
Өмірдің әсем гүлдерін  
Өз қолыңмен терерсің  
Дүрбелен бұл дүниеде  
Бақыт бар деп сенерсің.



Жақсылықтың соңына  
Қадам қалмай ерерсін,  
Сайрандай асыл әженің  
Аузынан түсіп қалғандай  
Ол кеткесін өмірден  
Оның орнын алғандай.  
Әженің берсін өмірін,  
Өнерін, кең көнілін.  
Сайрандай біл Сайрандай,  
Сайрандай біл жайраңдай.  
Бақытқа толсын өмірің,  
Еліннің сәнді гүлі бол.  
Жұзінен күлкі кетпесін,  
Анаңың айы, күні бол.  
Ақ тілекті айтайық  
Тойында мына сәбидің.  
Оссін, жетсін, жетілсін  
Немересі Нәбидің.

15.10.2008 жыл.

---

\*\*\*

Кутыңдаған еркетайым,  
Ботақым күнім, айым  
Өрімдей боп өстің міне,  
Үшке толып Зеретайым.  
Сүп-сүйкімді өзің қандай,  
Құлімдеген көзің қандай,  
«Ата Беке, апа Гуля»  
Деген тәтті сөзің қандай?  
Қос мамаңың құшагында,  
Бұлғактай бер Зережаным,  
Осы екеуі аман болса,  
Құлыншағым, сенің бағын.

15.10.2010 жыл.

### ***Сайранға***

*Мениң айтқаным*

Сары келіншек, серім-ай,  
Қайда жүрсін, керім-ай.  
Бақытты бол коп жаса,  
Отырмыз бата беріп-ай.

Звондал ала алмадық,  
Орныңнан таба алмадық.  
Елдесің, әлде белдесің,  
Қыдыр! Сен де пендесің.



## *Күннәрдің айтқаны*

Сайраным, Сайраным деп,  
Таң атпай сайдады кеп.  
Бұғін бесінші тамыз, деп,  
Мен де айттым, «құттықтаңыз» – деп.

Сары –ана, сері – ана, сайран ана,  
Бізді тастап бір түнде тайған ана.  
Бірге сапар шегетін уәде бұзып,  
Қайда барып келдіңіз қайдан ана?

Отырмыз осы ісіне қалып қайран,  
Достың көзілі қалады осындайдан.  
Бірақ шығып кетіпсің Жасыбайдан,  
Жалғыз барып онаша салып сайран.

Бекен отыр Баянға бармадым деп,  
Сары келіншек өзімен алмады деп.  
Сарқыт әкеп берсе егер Керекуден,  
Жайылармын, «қөнілімді аулады» деп.



## *Сайранга әзіл*

Қаламыздың тұрғыны сары келіншек,  
Оган пар келе алмайды әр келіншек.  
Сөзіне ісі лайық, ерлігі мол,  
Сан алуан өнері бар келіншек.

Қысып апты башпайын есікке ме,  
Болмаса сәкідегі тесікке ме,  
Башпай сынып Сайран жүр мугедек бол,  
Үялып осы іске кезіккенге.

Еңбекте смес, шіркін-ай, майданда смес,  
Қырда да емес, япырай, сайда да емес,  
Үйде отырып башпайын сындыратын,  
Жарқыным, бұл қылығың жай ғана смес.

Сайран енді ақсандал жүре ме екен?  
Бұл халын жолдастары біле мекен.  
Ішпей – жемей аяғын сындырды деп,  
Күрбылар әзіл айтып, күле ме екен.

Созіме арқау бол жүр сениң атың,  
Сыйлаймын дәл өзіндей әйел затын.  
Ибалы, парасатты сендейлердің  
Тұрмайды бәшпәйінә кейбір қатын.



## *Ерекеңе тілек*

Жетпіс бес құтты болсын, Еркін аға,  
Бір төбеге шықтым деп, желпін аға.  
Ауру-сырқау дегенді артқа тастап,  
Сергек ұстап бойынды, серпіл аға!

Өмірде қыныңдықтың бәрін жеңген,  
Қасында қосағың бар асыл женгем.  
Берік қамал, нық тірек, сүйенішің,  
Дем береді әрдайым, биік еңсең.

Балаларың – ұрпагың, қос қанатың,  
Ауыр сәтте арқасын тоса алатын.  
Сондықтан жақын меже сексен жасқа,  
Жеткейсің орындал жұрт аманатын.



## *Баянга қоңіл айту*

Өлімнің бірінің де тұщысы жок,  
Өлімнің үлкені жок, кішісі жок.  
Сұм ажалмен айқасар қарсы тұрып,  
Оны жеңер адамның күштісі жок.

Адамның күй-жайына қарамайды,  
Кедейсің деп, байсың деп қаламайды.  
Ата-ананы боздатып, зар еңіретіп,  
Сүйген жардың жүрегін жаралайды.

Сұм ажал кімді болсын алар тауып,  
Жан бар ма сұмырайдаң күтпес қауїп.  
Кімдерді асылынан айырмайды,  
Қасыретке батырып қара жауып.

Жан бар ма күйзелістен сорлы болмас,  
Кездесіп қасіретке орны толмас.  
Қоңіл айтып, жұбатып, тілейміз тек;  
Ол бүниеде иманы болғай жолдас.

Аңы өлімге, Баян-ай, болдың кезік,  
Кетпесінші жаныңды жаншып, езіп.  
Қайғына ортақтаспыз, жаныңдамыз.  
Жүректегі жүгінді жүрміз сезіп.



## Ұстаз (балдызым Құлшат Жұқышқызына)

Білімнің әлеміне есік анып,  
Дүние танымына етіп ғашық.  
Әлhamды әліпбиден бастап беріп,  
Жазу, сыйзу, санауга етіп машық.

Арнаған шәкіртіне жаз көңілін,  
Бағыштап түгелінен өз өмірін.  
Артық емес орден мен медальдарға  
Толтырса ұстаздардың бар өнірін.

Балауса балдыրғанның бағыбаны,  
Өз ісіне ариалған жаңы-тәні.  
Ұстаздан бақытты жан болар ма скен,  
Көктесе көк кілемдей шашқан дәні.

Шәкіртін үйретуге жалықпаған,  
Білімнің сара жолын анықтаған,  
Шәкірт ессе өнерлі, өнегелі,  
Ұстаздың мерейі өсіп, шарықтаған.

Жарты ғасыр ғұмырдың отыз жылын,  
Ұстаздықтың менгеріп қырын-сырын.  
Төзімділік қасиет бойында бар,  
Откердің талай-талай өмір сыйын.

Елеулі елу деген жасқа толдың,  
Немерелі ақжаулық әже болдың.  
Шаттықпен қуанышпен өткере бер,  
Асуларын алдағы алыс жолдын.

24-ші желтоқсан, 2006 жыл.



## *Талаіларды тамсандырған сары қыз* (Күләш құдашана)

Қызылжарда бірге оқыды сары қыз,  
Көз қырың тастап журдік бәріміз.  
Жас өспірім балаусамыз балғынбыз,  
Сезім нәзік, пәк таза ғой жанымыз.

Тал шыбықтай бұратылған әдемі,  
Еласымыз гүл жайнаған сәні еді.  
Сөзге саранд, бал мінезді байсалды,  
Сндай қызга кім болмайды дәмелі.

Екінішті-ак, азғана оқып кеткені,  
Хігіттерді шала құмар еткені.  
Қала бердік елегізіп өкініш,  
Санды соғып: қолымыз да жетпеді.

Сол қыз бүгін тұрып жатыр қалада,  
Сүп-сүйкімді әже болып арада.  
Ол егде, біз шал болып калсақ та,  
Сұлулығын сақтап қаптыз санада.

Жан жылуы құлімдеген көзінде,  
Гарасаттық салиқалы созінде.  
Жүріс-тұрыс, байсалдылық баяғы,  
Жүрегінің жылуы элі өзінде.

Ансамбльде сыйылтып ән салады,  
Тындалан жан әніне тамсанады.  
Қоңыржай, құйқылжыған тәтті үні,  
Зетті өбіп тұрғандай тан самалы.



Күләштің сол мінезі тап қаз қалпы,  
Жамалы да жадыраған жаз қалпы.  
Ақ жаулықты әже болып қалсаң да,  
Шүйілетін шалдар әлі мәз қалпы.

### ***Жаңылға***

Сүм ажал Қайыржанга тосын келді,  
Бірге өскен жанаямас досым еді.  
Жылап тұрып жырменен жоқтау жазып,  
Қайғына өз үнімді қосып едім.

Қабыл болсын дүғалық Қакемізге,  
Құрметіңе разымыз, Жәке сізге.  
Жыл асында болмадым, өкінемін,  
Кешіре ғөр, болса егер қате бізде.

### ***Құтты болсын жетпісің***

Ғазекең - өз бауырым, өз асылым,  
Арнаймын жүрек жарды сөз асылын.  
Екі-үш ауыз өлеңмен жеткізе алман,  
Қадірін, қасиетін өз басының.

Тұысқаным, досымсың құрдасымсың,  
Бірге өскен сырласымсың, мұндастымың.  
Жұртимның жарқыраған жүлдышысың,  
Елімнің срекше бір тұлғасысың.



Егіздей бірге өскен сыңарымсын,  
Мақтанышым, ардақтым, шыңарымсын.  
Сенен қымбат жанашыр бар ма менде,  
Дос, туыстың жүзіне тұрарын шын.

Күтті болсын жетпісің келіп жеткен,  
Қайратыңды қайраған берік еткен.  
Жайнаған жарқын жүзді жігіттейсің  
Қажымас қуатыңды серік еткен.

Омірде сан алуан тындырғанын,  
Ауырға белінді үзіп, сындырмадын.  
Асылдың сындарлы сен сыннығысың  
Сондықтан-ау, шамасы, тың тұрганын.

Бауырым, таусылмасын жасыл жазын.  
Көңілінде қалықтап, шалқып сазың.  
Тойың тойга ұлассын, қуанышпен,  
Өткеріп құдай берген көбін-азын.

Жан-жарың әрқашанда бірге болсын,  
Немере, шөбереге ірге толсын.  
Үрпагың ұлағатқа қанып өссін,  
Шаныраққа шаттық пен бақыт қонсын.

7.09.06.



## **Ағалық ақ жүрекпен** **(Ұлан інімнің туған күніне тарту)**

Жасыңдан шымырланған етің тірі,  
Бүгінде азаматсың тұлғаң ірі.  
Еліңе ерен сөбек етіп жүрген,  
Коқжалдардың, мақтанам сенсің бірі.

Сенейін бе, қайтейін, шын, рас па,  
Келдің деп алғыс алты деген жасқа!?  
Бұл – жастықтың тек соны, Ұланым-ау,  
Егде тартып қалдым деп бір де саспа!

Ағаңда сен, алдыңда асуладар бар,  
Шаттықпен шалқулар бар, тасулар бар.  
Қазан аузы жоғары, үміт үзбе,  
Қызықты талай тойлар, шашулар бар.

Екі алты тәңкөріліп төмен түссін,  
Толыққан тоқсан тоғыз толу үшін.  
Бір жылдың қыбын тауып, мендерсің-ау,  
Жүз жылдың асуына қону үшін.

Әуслі жетпісіңе жетуіңе,  
Мерейтойды мәз-мәйрам етуіңе.  
Ағалық ақ жүрекпен тілекеспін,  
Әмірде бақытты бол өтуіңе.



## **Уантайдың жетпісіне**

Уакең құдай қосқан құрдас күйеу,  
Сыйласымыз жарасқан сырлас күйесу.  
Жетпісінің желегі желилідеген,  
Бозғырауга бозарған сұр бас күйеу.


Күш-қуаты қаз қалпы құрдас күйеу,  
Қыбырлап бір орында тұрмас күйеу.  
Алган беттен қайтпайтын өр мінезді,  
Бір бағыттан басын ол бұрмас күйеу.

Сынын бұзбай келеді жолдас күйеу,  
Егделікті елең де қылмас күйеу.  
Қолымызға су құйып, жүгіріп жүр,  
Қимылына қарасаң жап-жас күйеу.

Өттең кеш өзім тауып алған күйеу,  
Басына жүген-құрық салған күйесу.  
Қызық екен, озімен түйдей құрдас,  
Әр кімде жоқ мынандай шалдан күйеу.

Ақаңды мақтаң әнге салған күйеу,  
Ашулы аңы судан қалған күйеу.  
Ден қойып дін жолына бет бұрыпты,  
Жастықтың қызуына қанған күйеу.

Құрдастықпен бұл айтқан әзілімді,  
Білемін, түсінуге әзірінді,  
Қажымай-талмай жұрсің жұрт қатарлы,  
Куанам, көріп сәнді кәзірінді.



Жаратқан жақсылығын аямасын,  
Отбасың қадірлесін, аяласын.  
Зор бақыт, ұзақ ғұмыр, ақ кәрілік,  
Саған бүтін тілейді қайнағаң шын.

### *Марал ақын қарындастыма*

Керей балта бір агадан таралған,  
Қарындастым екенсің гой, Марајжан.  
Қанында бір дарындылық қасиет,  
Содан гой сен ақынжан боп жараплан.

Қатты ұнады лирикалық жырларың,  
Ақтарылған нәрлі-нәзік сырларың.  
Оқып-ұқтый жан-дүниенің тереңін,  
Сезіліп түр сегіз санды қырларың.

Көркем сөзге шебер ақын -дәрігөр,  
Әр жырынды білген: «Жанның нәрі»-дер.  
Жүргегінмен жыр егінің өсіріп,  
Шығарманың бітік шыққан дәнін тер.

Құтты болсын басқан мына қадамың,  
Ұшқыр болсын қолындағы қаламың.  
Поэзия шыңына сен өрлей бер,  
Батасы осы ақ тілегі ағанның.



## ***Молдаш баясама хат***

Ойсыратқан апатқа ойда жоқта,  
Кездестің-ау, Молдеке, кездей соқта.  
«Жанң олжы» дейміз гой көңіл басып,  
Бажам қайсар, қайрatty емес жасық,

Болагтай берік болғын болған іске,  
Құлағып, сары уайым жолға түспе.  
Ертең-ак аяғынан тік тұрарсың,  
Өмірдің келте етіп тонын пішне.

Қогамга керек сендей керім іскер,  
Тосып тұр алда қаша игі істер,  
Бой түзеп, жымың қағып шыққаныңда,  
Көз қырын салмауы хақ келіншектер.

Алла жазса өмірден аларың көп,  
Куаныш, қызық, бақыт табарың көп.  
Талай адам тосады аузын ашып,  
Әлі де алтын тістер саларың көп.

Бұл бейнетті женесің, қуатың мол,  
Өмірде алға қойған, мұратың зор.  
Күні ертең Алматыға барғанымда  
Алдыңда құлім қағып тұратын бол.

Жанында жаны пида жаркының бар,  
Жасаған жарың еткен Алтының бар.  
Өзінмен біргеміз, тілектеспіз,  
Тез тұруға ұмтылып, талпынындар.



Хат жаздық қайын жұрттың ауылынан,  
Дүғай сәлем Қызылжар қауымынан.  
Жаратқан жар болсын деп тілейміз біз,  
Тез айық азаптың бұл ауырынан.

2006 жыл.

### *Хайрошке хат*

Хайрош деген соң Хайрош қасқа,  
Досың келіп жатыр ғой жетпіс жасқа.  
Тойыма келе алмадың не себептен,  
Жібермедің құттықтау бейнес таспа.

Телефон соға салу қат болды ма,  
Қуанышым сендергс жат болды ма?  
Басынды бүркеп алып жататындай  
Бір бөгет, бейжай әлде тап болды ма?!

Шында да бір, сында да бір дейтін дос,  
Сыңғырлаған сез бе еken бекер бос.  
Лебізінді күте-кутс, саргайдым,  
Жайсанғбайым енді қанша дейсін: «Тос!»

Келем дессөн смес-ау слім алыс,  
Өзіңнің талай жүрген жолың таныс.  
Мазалаған назымды хатқа жаздым,  
Қалайша назарынан қалдым қагыс!?

13.05.06.



## *Елтай жетпісте*


Занғар биік таудай ғой жетпіс деген,  
Кез келгенге кездейсоқ жеткізбекен.  
Жүтеген-құрық кормеген асау екен,  
Анау-мынау жетекке жеткізбекен.

Мініңсің бұл тұлпарға жүтеген салын,  
Аламан бәйгелерде жүргені анық.  
Елтай жок алпысына жүрген налып,  
Шаба бер шабандозым жүлдепі алып.

Желіп жет бәйбішемен сескеніңс,  
Болдырма желмаядай ескениңе.  
Тоқсанға жетем десен қарсылық жок,  
Азсынба мұнша жасты кескенімс.

Сыйға тартам тойыңа «Ауыл жырын»,  
Білесің туып, өскен ауыл сырын.  
Бойың тың, ойың сергек жүре бергін,  
Жоғары ұста басыңды сынбай қырың.

*26 қаңтар, 2008 жыл.*



## *Ғазиз бен Күлбарамның алтын тойына*

Жарты ғасыр неке суын ішкелі,  
Қотаныма келін болып тускелі.  
От бол кіріп, күлі болып шыққалы,  
Шаңырақтың қазанында піскелі.

Қолаң шашы қос өрім бол өріліп,  
Қылشا белге тұратын-ды төгіліп.  
Боз балалар қызыгатын тамсанып,  
Қолы жетпес арманындај корініп.

Талайлардың жүргегінс өрт салдын,  
Талайлардың тұл бойына дерт салдың.  
Кербезденіп, сыланададың ерекше,  
Әсем ән мен сұлуулықты шерте алдын.

Қыздырсаң да көп жігіттің бүйірін,  
Құдай беріп өзімізге бұйырдың.  
Жұрттыма кеп ақ жаулықты таққалы,  
Ғазизіммен тағдырласып үй құрдың.

Аспандағы жұлдыздарды әнердің –  
Дүниеге екі ұл бір қыз әкелдің.  
Дәл өзіндій болгайықты, сишлоша,  
Келіндері әрбір үйдің, әр елдің.

Қаршадайдан келіп тосты иығын,  
Көтеруге ауыры мен киынын.  
Үйдің, тұздің шаруасын тындырды,  
Іске ұқсатып тебені мен тиынын.



---

О, Күбашжан, жоқ қой сенің теңесің,  
Жартығасыр асыл жар боп келесің.  
Жиендер мен немерслер әжсі,  
Келіндерге өнегелі енесің.

Мерейтойың құтты болсын, келінжан,  
Ісіне нық, өз ісіне берік жан.  
Қосағыңмен қоса ағар, картаймай,  
Тойларыңды тойлайықшы келіп сан.

Ғазиз бауырым, алтын тойың жасасын,  
Әлі талай асуладардан асасын.  
ІІлатина тойыңда де жетерсің,  
Шүкір – тәубе, аяқты алшаң басасын.

Құтты болсын мерейтой, ағайын,  
Мұндай тойлар-арманы ғой талайдың.  
Өмірде көп тойлар өтіп жатыр-ау,  
Бірақ бұл той ұлы той деп санаймын.

Төрдес отыр тойга бүтін келгендер:  
Құрметтейтін ағалар мен жеңгелер,  
Құдалар мен құдағилар, жолдастар,  
Іні, келін соңымызға ергендер.

14.02.2008 жыл.



## *Біз үшін сен асылсың*

Кәмилә, сен – батырсың,  
Нәзік жанды ақынсың,  
Лқ конілді жайдарлы  
Адамдарға жақынсың.

Өмірде сен батылсың,  
Қайсар бол келе жатырсың.  
Ұлдарын ертең жетеді,  
Бакытқа сен жақынсың.

Бойың толган ақылсың,  
Біз үшін сен асылсың.  
Немерелер шұбырып,  
Мойныңа келіп асылсын.

Еркелеп бізге жүре бер,  
Санқылдап ұдайы күле бер.  
Үзак жылдар сау болын,  
Нәрлі өмір сүре бер.



## *Құттықтау әзіл*

Смағұлов Шаймұрат,  
Кездесс қалсаң жай сұрап.  
Байланыса кетеді –  
Шайқасуға сай тұрат.


Шікірейіп кей кезде,  
Тұтанады ілеңде.  
Әзілімен түрткілспе,  
Тиіседі ол везде.

Комсомолда қайнадың,  
Жарқырадың, жайнадың.  
Өткір, өжет, пысық ең,  
Ештеңден таймадың.

Жасында көркем сал болдың,  
Жалындаған жан болдың.  
Жегілске жетіп мылжиған,  
Мылжындаған шал болдың.

Қыздарға коз салуды,  
Аяқтан іліп-шалуды.  
Профессор мырза, қой сиді,  
Екі емтихан алуды.

Шәкен слдің марқасы,  
Высока еще маркасы.  
Талтаңдап бүтін жүргені  
Римажанның арқасы.



Жасыңа жас қосып ал,  
Қарттықты стойко тосып ал.  
Так держать, бала, выше нос,  
Кол ұшын берер досың бар.

Сен бір жылғы тұмасың,  
Мен үшін абзал тұлғасың.  
Құттықтаған әзілмен  
Болаттай мықты құрдасың.

26.03.06.



## *Алқаның 70-жылдық мерейтойына*

Алдымызда ажарлы ай Алқамыз,  
Қыз күнінен қадірлексін қалқамыз.  
Кол тигізбей, қызығын-ақ журуші ек,  
Тамсанғанда қызып кетіп арқамыз.


Жағалатын жүретұғын талайлар,  
Өлең арнап, хат жолдайтын ағайлар.  
Алқа сылқым, сылқ – сылқ құліп сезімтал,  
Лайналасын алыстан-ақ абайлар.

Талай жылдар қатар түзеп жүрдік біз,  
Той-томалак, ойын-сауық құрдық біз.  
Сырқат па екен, алде егде тарттық па,  
Тауал тозып, бұғін бәлкім, сұлықсыз.

Жуасыпты жалын атқан жамалың,  
Салқындау ма, әстес ыстық самалың.  
Тас қып жауын тастағадың ба, янырай,  
Жастығында алынбаған қамалың.

Жегніс үште тағы бір кездесейік,  
Тойымызға тағы да кел десейік.  
Оған дейін тәуір боп, күш жинап ал,  
Екеуміз құшақтасын белдесейік.

Жетпістен асқан кемпір қандай скен?!  
Әзілі де, тілі де балдай ма екен?  
Алтынның сыры кетсе, сыны кетпес,  
Тұлпардың қырындауы қалмайды скен!



## *Талантты қызымыз Гүлнарга*

Игі ісіне қызығар,  
Ескендердің қызы бар.  
Ақжарқын ашық әкениң  
Мінезінің ізі бар.

Жігерлі болды ол жастап,  
Құрбылардан алға асқан,  
Ер жігіттен кем емес  
Созіне ісі жалғасқан.

Еңбек сүйгіш талапты,  
Бизнесті ерте қалапты.  
Жыр жазамын мақтайдын  
Қызымызды талантты.

Жұмысың алға өрлесін,  
Кедергі кесел көрмесін.  
Бақытқа болен, қарағым,  
Шырағың жанған сөнбесін.

Сүйікті жалғыз қызыңың,  
Аман-сау көр қызығын.  
Армандаган гүлің боп,  
Корсетсін жасыл – қызылын.

3.03.06



## **Жасай бер, Қаке, жасай бер** (Қажытаев Қайроллаға әйл, тілек)

Қалыңсың қажып, қыржып,  
Қабағың тұр түксіп.  
Көбейіпті әжімін,  
Лузың мұлде ырсип.

Шашынды қырау басыпты,  
Сұрқың байғұс қашыпты.  
Жасыңа жетпей қартайған  
Көргем жоқ сендей жасықты.

Ақаңды Қакең қойып жүр,  
Қарт ойнауга тойып жүр.  
Мысыққа ұқсан, пырылдан,  
Ұйқыны әбден сойып жүр.

Қыбыңды Қылың тауып жүр,  
Сені күтіп шауып жүр.  
Жақсы ісінді асырып,  
Жаманынды жауып жүр.

Құрдасты деп өзінд.  
Ариадым әзіл созімді.  
Бұрқырап жүрме бұртиып,  
Берік бол, бала, төзінді.

Құрдастар қатты ойнайды,  
Ойынга сшбір тоймайды.  
Тобелеске бергісіз  
Қалжынын өткір қоімайды.



\*\*\*

Жаратқан ғой сені Алла адам қылып,  
Ақ көңілді, кең пейілді, адал қып.  
Жайлап қана жымиясың жып – жылы,  
Ойламайсың еш адамға жамандық.

Имандылық жолыменен келесің,  
Жақсылықтың соңынан сен ересің.  
Жаның дархан қолындағы барынды,  
Керек болса Қыныңды да бересің.

Бүгін міне, жетпіске кеп тұр жасың,  
Бақыт құсы төбенде ән шырқасын.  
Бойың сергек, денсаулығың мықты боп,  
Жасай бер, Қаке, жасай бер менің құрдасым!

3.03.02006 жыл.



## *Генерал да боларсың*

Жиырмaga толды мәне Әділбек,  
Жігіт boldым жегенде әк мәлімдеп.  
Алматыда білім альшын жатыр ол,  
Маман болу өмрім тін мәні деп.

Әскерлікгің жолын озі қалапты,  
Азаматтық борышын деп санапты.  
Биіктеге шығатынын білеміз,  
Өйткені ол қайратты да талапты.

Аман жүрсөң жетілсерсің, толарсың,  
Таңдал алған осы қуың болар сын.  
Отаныңа адал енбек сің ірсөң  
Күні ертең генерал да боларсың.

Ел-жұртың бол еркенің ді ойлайық,  
Қырлы-сырлы қызығыңда тоймайық.  
Оку бітіп, дипломыңды алғанды,  
Келін алып келгеніңді тойлайық.

Басталатын жілітті ті адамның,  
Құтты болсын жиырма деген қадамың.  
Есен-сау бол қатарыңың алды бол,  
Арманға жет омірде не қаладың.

47 – күш- қуатың қайнаған кез.  
 Көкейінде қиялыш сайраган кез.  
 Сен алмайтын алдыңда қамал жоқтай,  
 Жігіттік жігерінді қайраған кез.

Екі көзің лазердей жайнаған кез,  
 Қандай-да қындықтан таймаған кез.  
 Жастықтың жыны әлі жуасымай,  
 Әләүләтіп аракты айдаған кез.

Ентігетін слуге жетпеген жас,  
 Қызы-келіншек қөңілден кетпеген жас.  
 Алдыңда асулар бар алатын деп,  
 Апырай, алан-елсөн етпеген жас

47 қайта оралып келер ме еді,  
 Созып маган қол үшін берер ме еді.  
 Бәйгеторы жүйрікі ергтең, мінін,  
 «Алға!» деп, атойлатып желер ме еді!

Жігіттер! 47 ні бағалай біл,  
 Алды-артынды саналап саралай біл.  
 Өмірде өткеніңе өкінбестей,  
 Жақсы мен жаманыңды шамалай біл.

Сайлау, саган бұл өлең - өсистім,  
 Шағың бұл шапқаныңда көсілетін.  
 Игілікті іс тындыры, ізің қалсын,  
 Кезің бұл бау-бақшаны өсіретін.

27 ақпан, 2006 жыл.



## Альбинаға

Альбинашым, құлыным.  
Бөпсі қенже ұлымның.  
Жүгіріп маған келесін,  
Жалп-жалп етіп тұлымың.

Пұштиған сенің мұрының,  
Сәні ғой сұлу түріңнің.  
Қылы-қылы қылышың,  
Өзегі менің жырымның.

Екі бетің бұлтиып,  
Еріндерің бұрғиши,  
Еркелігің ұстайды  
Ерекше бір сыр түйіп.

Жүгіріп маған келеді,  
Құшагыма снеді.  
Аташым дең сәбілік,  
Мейірін төгіп береді.

Кішкентай ғана түлегім,  
Алладан сені тіледім  
Сүйсініп саган тұрамын.  
Лұшілдең қарт жүрегім.

Өссө бер менің бөбсім,  
Құшың, құшың обемің.  
Қызығынды көре алмай,  
Қалайша мен өлемін.



\*\*\*

*Raihan Tolebaevaға*

Райханжан, озің асыл, созің асыл,  
Мінезің жайма-шуақ жаздай жасыл.  
Студент кездегіден өзгермепсін,  
Өтсе де содан бері жарты ғасыр.

Сөйлесен кездеспейді сөзің артық,  
Қалса керек бойында жастық қарқын.  
Жанында Төлештейін жар болғасын,  
Жүресің күлім қагып, жұзің жарқын.

Қосағыңмен қоса ағар, бақытты бол,  
Әрдайым шалқып, толқып жақұтты бол.  
Жасыңда жас қосыла берсін әлі,  
Кәрілікке бағынба шабытты бол.



## *Корректор Дәмем қарындасыма*

Кішіпейіл, сыпайы, инабатты,  
Сан қасиет бойына жинап апты.  
Еселі еңбегіңе тәп разы,  
Ағалары жүреді сыйласап қатты.

Кішінің іні, үлкенді жүр «ага» лап,  
Жазғандардың еңбегін дұр бағалап.  
Шыгарманың әр сөзін талдап, талғап,  
Қателіктер болмасын қадағалап.

Мерейтой құтты болсын қарындасым!  
Өмірің жарқырасын, жалындасын.  
Бақытқа бөлене бер, айналайын,  
От басыңды бір Алла жарылқасын.

*Казан, 2006 жыл.*



## *Kүннәріме*

55 - әр адамның арманы да,  
Сан қылы асуларды алғаны да.  
Әрмелең өмірінің өріне кең,  
Өткенге биқтен кез салғаны да.

Тағдырдың тұманында адаспадың,  
Жолында жамандықты аластадың.  
Тұл бойың адалдықтан жаратылған,  
Ізі бар жақсылармен жарасқаның.

Өзіңменен ошақ отым маздады,  
Гүлімсің сен жарқыраған жаздағы.  
Шуағына жылынды ғой жүрегім,  
Шаңырагымда құт-береке тірсім.

Мен өзім сенсіз өмір сүремін бе,  
Кейлек кек, көнілім тоқ жүремін бс.  
Жалғыз қалсам жетімнің күйін кешем,  
Жадырап, көнілденіп құлемін бе,

Ауылдан алыс кетсең, алаңдаймын,  
Мұнайтып жалғызықта қалғандаймын.  
Жолың тосып келгенше слендеймін,  
Далаға кіріп-шығып жаутаңдаймын.

Ризамын Аллам саган қосқанына,  
Кездестім коптеп күтіп тосқаныма.  
Жай тапты жаным жана өзіңменен,  
Мақтанып айтып жүрсем достарыма.



Ризамын, босағамды берік еттің,  
Ел-журттың ортасына еніп кеттің.  
Балалар, нәмәрелер айналанда,  
Үйіріп маңайыңа еліктеттің.

Ризамын жарым етіп алғаныма,  
Ризамын осы жолға барғаныма.  
Жарасып, қол ұстасып өтейік деп,  
Армандал, жыр арнадым ардагыма.

Есен-аман жанымда жүр Күннәрім,  
Жарқырай бср, әр күн сайын гүл жарып.  
Сенің арқаң алшаң басам білемін,  
Ертең тағы құлімдеген күн барын.



## **Қайырмолданың жетпісіне**

45 жыл маған бажа болғалы,  
Майра балдыз босагаңа қонгалы.  
Кеше ғана жігіт едің, ал бүгін,  
Отырысың-ау жетпісіне толғалы.

Жан дүниең келбетіңе келісті  
Еңбек еттің бір адамдай жемісті.  
Пенде болып жаралған сон көреді,  
Тағдыр тартқан бұдыры мен тегісті.

Бажа тату дегенді біз актадық,  
Татгулықты әрдайым біз сактадық.  
Ұсак-түйек кірбелендер кездессе,  
Сый-құрметті ешқашан да сатпадық.

Қартаймағын, өрмелей бер өрге сен,  
Бұл өмірде қайғы-қасірет көрме сен.  
Ақ сақалды, абзал, асыл ата бол,  
Құрмет көріп отыра бер төрде сен.

Аман болсын мениң Майкош жаным да,  
Жүре берсін тірек болып жанында.  
Бала-шага, исмерслер аталап,  
Еркелікпен үйірілсін маңында.



## *Mұратым елуде*


Келді, міне, елу жасқа Мұратым,  
Жер қозгалса қозгалмай-ақ тұратын.  
Туганынаң мейірімді, коңілі кең,  
Іштегімді айттырмай-ақ ұғатын.

Сәбійңен ағандың «Қара бала»,  
Болған соң басқалардан дара бала.  
Сүйкімді мінезіңсүйсінгеннен,  
Осылай атап еді әжең, анаң.

Алшаң басып алға сен адымдадың,  
Ата болу атаққа жақындағың.  
Кездестірген Аллага мың рахмет,  
Баяндай лайықты жарыңды алдың.

Жүргенде перзент болмай жылай-жылай,  
Багыңа Бақытбекті берді құдай.  
Бұйырса босағана түсер келіп,  
Болсыншы иман жұзді, қызыл шырай.

Білесің шоберені тосып журмін,  
Арманға үмітімді қосып журмін.  
Жстетін бұл мәреге қақым бар-ау,  
Жетпіс бес жыл, мінекей, өмір сүрдім.



## *Kүшқайратқа*

Бексұлтанның Күшқайраты,  
Балзейнеп әжем қойған аты.  
Алпыс жылғы арпалыста  
Кемімеген күш-қайраты.

Луылымның Күшқайраты,  
Сүйегі ақ, асыл заты.  
Қыындықты жесе білген,  
Қажымаған күш, айбаты.

Мәстураң бар өзіңе тең,  
Ақыл-ойы, конілі кең.  
Жазылмасын нық жұлтарың,  
Кедергінің бәрін де жен.

*Желтоқсан, 2009 жыл.*



## **Жайнай бер, жарқырай бер, Олжабайым!**


Білемін сәбиінен өскенінді,  
Сен өткен талай терең өткелінді.  
Асау толқын тәлкегін жеңе біліп,  
Теңсемей ер жігіт боп өткенінді.

Білемін жетімдікпен жеткенинді,  
Басыңа келгенінді, кеткенинді.  
Алла берген талпыныс, талабыңмен,  
Еңбегінді еселі еткениңді.

Салқын суга шомылып шыныққансың,  
Қырын-сырын омірдің нық үққансың.  
Ауыр жұкті арқалап бала кезден,  
Адал сәбек етуге құныққансың.

Күдай қосқан Ғалияң өзіне тең,  
Берекелі, мейірлі, көңілі кең.  
Бағып, қағып, алпысқа алып келді,  
Ол жүргенде жанында болмайсың кем.

Жайнай бер, жарқырай бер Олжабайым,  
Көркейе берсін деймін көңіл-жайың.  
Қалған гұмыр қызыққа толы болсын,  
Бәлең жасқа кел деп мен болжамаймын.



## **Бақылышқа қимаймыз**

Кімдер түсер өлімге арашаға,  
Тағдырдың жазғанына таласа ма?  
Асылдың арадағы сыйығы еді,  
Әмірден етті, міне, Бараш аға.

Жанары жылу шашып тұрап еді,  
Әңгіме-сөз дүкенін құрап еді.  
Тыңдасан, карт ұстаздың ұлагаты  
Жаныңа себілген бір құнап еді.

Ұстазы еді елімнің өнегелі,  
Тәлімі өзгелерден болса еді.  
Риза ғой сан алуан шәкірттері,  
Ер жетіп өскен, өнген өрендері.

Адами қасиетің биік еді,  
Талайга шарапатың тиіп еді.  
Салмақты да байсалды тұл бойыңа,  
Құлы-құлы мұң мен зар сиып еді.

Асыл бейнең біз үшін қымбат еді,  
Жан-тәнің барып тұрған сымбат еді.  
Жұртыңа жақсылықты аямадың,  
Жаманат бір өзіңе тым жат еді.

Ұл-қызың қайтырады, асыл әкес,  
Артында қалды жарың абзal тәте.  
Бейіште болсын орның деп тілейміз,  
Бақылышқа қимаймыз, біз де Бәкес.

*Қараша, 2010 жыл*



## *Азиада жеңімпазы атандық*

Жетті, міне, еліміздің кезегі,  
Желбіреді Азиада желегі.  
Қазақ жері әйгіленді әлемге,  
Бұл оқиға тарихыма енеді.

Көрдік біздер сайыстардың қызғанын,  
Ел намысын қорғады үл-қыздарым.  
Қас шеберлер майданында спорттың  
Сезер де емес терістіктің ызғарын.

Шын сүйгендер елін-алтын бессігін,  
Жер жүзіне таныстырды есімін,  
Жетпіс жулде түскеніне қоржынға,  
Куә болды Алатау мен Есілім.

Алтын, күміс, қола медаль дегендер,  
Уа, халайық, көп боп кетті дсмендер  
Үздік, шығып, жеңдік бәрін сайыста,  
Терін төкті қажырлы шын өрендер.

«Қазақстан, Алға!» деген ұраным,  
Жігерледі қырандардың құрамын  
Әр женіске жас балаша қуанып,  
Ерекше бір сезім билеп тұрамын.

Ойындарда шеберлікпен сәттіміз,  
Талай-талай жеңістерге тәптіміз.  
Азиада жеңімпазы атандық,  
Шежіремізде қалдырыбық біз сәнді із.



Сөнді бүгін Азиада алауы,  
Орындалды халқымыздың қалауы.  
Сансыз мәрте женіске арнал биікте  
Желбіреді Республикам жалауы.

Мақтанамыз, батыр қазақ халқымыз,  
Әлемге айқын, ерлігіміз, данқымыз.  
Жиырма жылда жылдам жылжып келеміз,  
Өрлеудеміз, қарқынды боп наркымыз.



## МАЗМҰНЫ

Қын да шуакты жылдар (Болат Мағазұлы Сағындықовтың 75 жылдығына).....	6
Білім жолы.....	8
Еңбек жолы.....	9
Зейнеткерлік және қогамдық жұмыс.....	15
Шығармашылық жолы.....	16
Ожан Қали.....	33
 Тында, әлем!.....	37
Сәлем саған, Астана!.....	39
Батыр ага Жұмабек.....	40
Мектебім .....	42
Әмір дастан.....	44
Әкім мен азан.....	50
Түсімде анамды кордім.....	51
Қайырымсыз әкім.....	52
Әжелердің әжімдері.....	54
Анама есеп.....	55
Көктем көрінісі.....	57
Компьютер.....	58
Меккеден сәлемдеме.....	59
Ауылым айналайын, алтын ордам.....	60
Намазхана.....	61
АЗАЙЫПТА АҚСАҚАЛДАР АУЫЛДАҒЫ.....	62
Жетпіс бесте ауылым, «Бостандығым».....	63
Аман бол, ата жұртый, айналайын.....	67
Женгелер.....	69
Құлыным-ау дегенінді аңсадым.....	70
Бірлікке шақырамын ауыл жұрттын.....	71
Қызылжар.....	72
Тату-тәтті тұрамыз.....	77



Күркө тауық	78
Ұланға хат	79
Алақол Төлебайга	80
Ақ бөпешім, бөпешім	81
О, ғажайып!	82
Татулыққа не жетсін	83
Ақыра бер, ақпаным	85
Ой толғаймын	86
Қарт бақыты	88
Армандаған, аңсаған атты таңым	89
Ауылда тұру тамаша	90
Әмірge жетеледі асыл арман	91
Дүлей боран	92
Ана тілді мәпелеп, ардақтайық	93
Ақпан	94
Әкім мырза, сенемін өзіңізге	95
ФЗО	96
Жемқорлық	98
Сын	99
Қанышер Бушқа	100
Дәреже	102
Еңбек күн	103
Көңіл шіркін	104
Биылғы қыс	105
Немерем Альбинаға	106
Жат қылық	107
Қыздардың жеке жиыны	108
Шаңырақ	109
Адалдық	110
Мен сагындым	111
Биліктің назарына	112
Қарғыс атқыр отыз жеті	114
Тымак	118



Суреттерге қарап тұрып.....	119
«... Таң қаламын».....	121
Жігіт бар.....	123
Қайырымсыз балалар.....	124
Кейде, құрғыр, ақыл жетпей қалады.....	125
Қызылжарым.....	126
Тұркияға сапар.....	127
Анажан, аруағынан айналайын.....	142
Айналайын, баба тілі - ана тіл.....	144
Қылық.....	145
Не көрмеді қазағым, не көрмеді.....	146
Жетпістен жасым асқан соң.....	149
Жетпіс бір.....	150
Жетпіс екі.....	151
Жетпіс үшке аттандым.....	153
Мүшел жас.....	154
Жетпіс төрт.....	155
Жетпіс бес.....	156
Орындалмаған тапсырыс.....	166
Арамтамақ.....	167
Ой-хой, менің жарым гой.....	169
Бір жат қылық.....	170
Жат қылыққа жауап.....	171
Ерінің айтканы.....	171
ТВ-ға 50 жыл.....	172
Ақбұлак.....	173
Сарыагашта дем алдық.....	174
Бір қатынға.....	177
Ерсінайға.....	178
«Берекеге» келіндер.....	179
Ел бірлігін сөз етіп.....	180
Тығырықтан шығамыз.....	181
Татулық.....	182



Әже әлдіј.....	182
Жетім көрсем.....	184
Әйел заты шылым шегіп.....	185
Сұлу көрсем.....	186
Сірес.....	187
Оймак.....	188
9-шілде.....	188
Бауыржанның қылышы.....	190
Ожан аға.....	191
Көк долы.....	192
Сол қыздарым асыл маған.....	193
Аяққап.....	194
Белкаға.....	195
Бақыт.....	196
Армысындар, қайынбике, балдыздар.....	197
Көктем.....	198
Көк сандық.....	199
Ұстамдылық.....	200
Сары берік.....	201
Ауылдағы өмірдің сәні басқа.....	202
Кеимін кейде.....	203
Әзіл.....	204
Тұрлаусызыңық жігітке жараспайды.....	205
Шақырган жерге кешікпе.....	207
Балалар жайлы.....	208
Еріншек пен жалқау.....	209
Ажар.....	212
Ақ жол тілел болашақ адамына.....	213
Бүлдірғіш бүлдіршін.....	214
Ышқыр.....	215
Балдай тәтті балалықты сағындым.....	216
Достардан қаница айрылдым.....	218
Тыраштық.....	219



Швейцар сафаты.....	221
Сен жігіт, Ойрат.....	222
Бір сұлуды көргенде.....	223
Қажының қалжыны.....	224
Машекерге сыр.....	226
Ақ шелек.....	228
Туыс деген туыс болар әрдайым.....	229
Октябрьдің «басы».....	230
Мұдде.....	231
Кіндік жайлы.....	232
Ақ қайың.....	234
Таразы.....	235
Парижге сапар.....	236
Күміс қасық.....	238
Ресей конактары.....	239
Тұрағым – жұмак.....	240
Беу, ақсақал, құлақ түр.....	241
Өкімсө хат.....	243
Татулықтың үлгісі.....	244
Самауырдың шәйін-ай.....	245
Шаш алдыру.....	246
Жайнаған жасыл жаз күні.....	247
Сұмдық-ай.....	248
Әзінді езің сыйла.....	249
Толқынның туған күніне.....	250
Балапаным, Баяным!.....	251
Ел-жұртты мазалайды.....	252
Құдағи-ау, қай шайқасқа қатыстың?.....	253
Нұрға толсын қабырың.....	254
Гали құдага наз.....	255
Қасапшы Жұмабек.....	256
Байғұс бала, кетесің-ау, қаңғырып.....	258
Ұрыс деген.....	259

---

Қарала күшік көршіде.....	260
Анау үй тұр иесінен айырылып.....	261
Сәүлешімс сенемін.....	262
Сәлем, жалғыз бауырым.....	263
Сен болмасаң.....	264
Бір суайтқа.....	265
Розалияға.....	266
Алматылық бауырларыма.....	268
Үйқышылдық, жалқаулық болады егіз.....	272
Биылғы жаз.....	273
Ашылған ақиқат.....	274
Бауырым, досым, құрдасым.....	275
Алдымнан ағатайлап шығатұғын.....	278
Қайрошке көңіл айтып.....	279
Мажжанның жетпіс жылдығына.....	280
Ғазиз қызы Гүлнәрдің тойына.....	282
Қалеліме қамсыз қарттық тілеймін.....	283
Медеткес.....	284
Қалипа құдағыға көңіл айтып.....	285
Майдан құдағидың сексеніне.....	286
Өтегенге кітап сыйлап.....	287
Қазбек елуде.....	288
Сәбира Мәруэнқызы есіміне.....	289
Гүлзайрага.....	290
Жаны жайсан Рыскен.....	291
Ұлсарыға әзіл.....	292
Раш ағам сексенде.....	294
Ақ батамды беремін.....	295
Қажы апа.....	296
«Бөлем, досым, қаламдасым, сыйласым...».....	297
Женгеме.....	298
Зере келді.....	299
Зереге.....	299



«Кутындаған еркетайым...»	301
Сайранға	301
Күннэрдің айтқаны	302
Сайранға әзіл	303
Ерекене тілек	304
Баянга көңіл айту	305
Ұстаз	306
Талайларды тамсандырган сары қыз	307
Жаңылға	308
Құтты болсын жетпісің	308
Ағалық ақ жүрекпен	310
Уантайдың жетпісінے	311
Марал ақын қарындасыма	312
Молдаш бажама хат	313
Хайрошке хат	314
Елтай жетпісте	315
Ғазиз бен Күлбарамның алтын тойына	316
Біз үшін сен асылсың	318
Құттықтау әзіл	319
Алқаның 70-жылдық мерейтойына	321
Талантты қызымыз Гүлнарга	322
Жасай бер, Қаке жасай бер	323
«Жаратқан ғой сені Алла адам қып...»	324
Генерал да боларсың	325
47	326
Альбинаға	327
«Райханжан өзін асыл...»	328
Корректор Әмет қарындасыма	329
Күннәріме	330
Қайырмoldаның жетпісінے	332
Мұратым елуде	333
Күшқайратқа	334
Жайнай бер, жарқырай бер, Олжабайым!	335



Бақылыққа қимаймыз.....	336
Азиада женімпазы атандық.....	337

Болат Мағазұлы Сағындық

“Өмір жыры”

Дизайнер А. Рожко

Подписано в печать 25.03.2011 г. Формат 143x200/174

Бумага офсетная. Печать офсетная.

Печат. листов 4. Тираж 400 экз.

Издательство “Северный Казахстан”

150001, Республика Казахстан,

г. Петропавловск, ул. Кошукова, 5

e-mail: media-m@mail.online.kz

~~1200~~ 12 К23.0

027

ОУНБ Петропавловск



0037 4859